Бақылау тобымен эксперименттік топтың көрсеткіштерін салыстырып қарайтын болсақ айтарлықтай айырмашылық байқауға болады. Бұл дегеніміз біздің әдістемемен орындаған жаттығулар оң нәтижелер берді деп тұжырымдауға болады.

Бұл дегеніміз біз жүргізген зерттеулермен берілген жаттығулар өз нәтижесін берді деуге болатынының бір дәлелі деуге болады.

**Қорытынды.** Жоғарыда айтылғандарды сараптай келе, төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

Жас волейболшының спорттың жеке түрлерінің сабақтарын игеруде оң әсері жан-жақты денелік және шапшаңдық-күш дайындық береді, алайда, бүтіндейалғанда волейболшының спорт шеберлігінің өсуіне және доппен жұмыс істеуі жоғары нәтижелерге жетуге әкелуі керек, сабақтай келгенде осы тәсілдерді қолдану негізге мақсаты екенін ұмытпауы қажет.

Сондықтанда жас волейболшының шапшаңдық-күш дайындығы үшін доппен техникалық тәсілдерді орындауда уақытты қысқартуға ықпал ететін, негізгі қимыл дағдымен өзінің сипаты бойынша өзара әрекет ететін жаттығуларды қолданылуы керек. Шапшаңдық-күш дайындық тәсілі волейболшылардың көп жылдық жаттығуы процесінде арақатынасы өзгереді және олардың жеке ерекшеліктеріне байланысты болады. Егер сабақтың бірінші жылдарында допсыз жаттығуға уақыт көп бөлінсе, онда одан әрі ойынның уақытына белсенді іс-қимылдарды жоғары нәтижелерге жету үшін шешетін мәні бар негізгі жоғары және ең жоғарғы жылдамдықтардағы доппен жаттығуларды орындауға көңіл бөлінеді.

#### Әдебиеттер

1. Дүзжасаров Қ.И., Қожатаев А.Қ. Волейбол. Оқу құралы. Талдықорған – 2010.
2. Бумарскова, Н.Н. Комплекс упражнений для развития гибкости : учебное пособие / Н.Н. Бумарскова ; Московский гос. строит.ун-т. – М. [б.и.], 2015. – 128 с.
3. Сидоренко, А.С. Совершенствование физического качества студентов, занимающихся лёгкой атлетикой / А.С. Сидоренко, Л.В. Чернова // Физическая культура и спорт в системе высшего образования : сборник материалов всероссийской научно-практической конференции. – СПб. : Изд-во С.-Петербур. гос. ун-та, 2012. – С. 43-46.



## ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІН ЫНТАЛАНДЫРУ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТИІМДІ БАСҚАРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

**Қасен М.Қ.** – 2-курс магистранты, Педагогика және Психология, Білім берудегі менеджмент  
**Ескараева Ш.М.** – 2-курс студенті, Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Қазіргі кезеңде елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа талаптарға лайықты білім беру жүйесі жүзеге асып келеді. Ғылыми мақалада жаңашыл педагог сипаты мен педагог қызметкерлердің мәртебесі ұғымына түсінік беріледі. Сондай-ақ, білім беру саласында аянбай еңбек етіп жүрген педагогтердің еңбегін өз деңгейінде елеп-ескеру мен ынталандырудың білім беру ұйымындағы маңызы мен тиімділігі мәселесі қарастырылады.

### STIMULATING THE WORK OF TEACHING STAFF AS A FACTOR OF EFFECTIVE MANAGEMENT OF THE ORGANIZATION OF EDUCATION

**Kasen M.K.** – 2<sup>nd</sup> year Master's student, Pedagogy and Psychology, management in education  
**Eskaraeva Sh.M.** – 2<sup>nd</sup> year student, Kazakh Academy of Sport and Tourism, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** At present, in our country, the training system meets the requirements, aimed at entering the world educational space. The scientific article explains the concept of an innovator teacher and the status of a teacher. The importance and effectiveness of incentives for teachers in the organization of education is also considered.

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы демекші, қазіргі таңдағы білім беру саласындағы білім мен тәрбиенің бағыты мен сапасына мән беру маңызды болып отыр. Ұлттың қамын жеп, халқының жағдайын ойлайтын өскелең ұрпақ тәрбиелеуде білім саласындағы жаһандық жаңалықтармен қоса бай руханиятымыздың қайнар бұлағынан алынған білім нәрімен сусындандыру тұлға болып қалыптасып келе жатқан жас өркеннің кемелдік сипаттарын дамытып, адамгершілік қасиеттерін шыңдайтыны хақ. Енді, білім беру ісіндегі басты тұлға – педагог. Сол педагогтың мәртебесін арттыру, абыройын көтеру – көп қырлы үдеріс.

Педагог деп – жалпы білім беретін мектептегі бір немесе бірнеше пәннен сабақ беретін маманды айтады. Бүгінгі заман талабына сай педагог – ол рухани дамыған, педагогикалық технологияның қыр – сырын жетік меңгерген шығармашыл тұлға болуы керек. Ұстаздың педагогикалық шеберлігі мен кәсібилігінің айырылмас құрам бөлігі ретінде оның кәсіби құзыреттілігін қарастыруға болады.

«Құзыреттілік» ұғымы адамның қызметті атқаруға дайындығын сипаттайды. Қазақ даласында қанатын жайған көшпелі өркениет, мәдениет пен өнер, әдебиет пен тарихты қалыптастырып, ғасырдан-ғасырға жалғасқан шежірелі сырды ұғынуға адамзат баласы әлі күнге дейін талпыныс жасауда. Елбасы

Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы арқылы тарихты түгендеп, жетістіктерді саралап, ұлы тұлғаларын дәріптеу мен ұлттық сананы жаңғыртуда бүгіннен бастауды мақсат етеді. Елбасы Жолдауын жүзеге асыруда ұстаздарға артылар міндет зор. Мемлекеттік білім беру стандартында қамтылған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының және «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы, «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласындағы құндылықтары ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту, әсіресе жас буынды ұлттық тәрбиемен сусындатуда сапалы білім мен жоғары нәтижеге бағыттталып отыр [1;2].

Қай ғасырда болсын тәрбие негізгі мәселе болып саналады. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті», – деп грек философы Платон өзіндік тәрбие жүйесін құрды. Платонның тұжырымы негізінде, сонымен қатар, ХХІ ғасырдағы дүниежүзілік білім кеңістігіндегі озық іс-тәжірибелерге сүйене отырып, Қазақстан Республикасындағы қазіргі білім беру жүйесіндегі тәрбие ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытуға бағытталғаны баршаға аян. Заманауи қоғамға жан-жақты жаңашыл адам керек. Мұндай адамды қалыптастыру – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Ендеше, «ХХІ ғасыр білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» – деген Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзі әрбір адамның ойына түрткі болуы тиіс. Себебі, мұғалімнің бүгінгі күнгі жасап отырған еңбегінің нәтижесі қандай болса, еліміздің, қоғамымыздың болашағы да сондай болмақ [2;7].

"Мектеп – кеме, білім – теңіз" – демекші, тәрбие мен білімнің бастау алар нүктесі – мектеп. Қазіргі таңда білім саласындағы басты мақсат – білімді, тәрбиелі, зияткер, бәсекеге қабілетті ғана емес, кемел, адамгершілікті, инабатты, иманды, ізгі тұлға қалыптастыру. Орта мектептердегі оқушылардың кемелдікке, зияттылыққа, жаңашылдыққа бастайтын педагог қызметінің қиындығы мен маңыздылығын ескере отырып, педагог мәртебесін ең басты орынға қойып, мұғалімдердің қызметін жан-жақты ынталандыру жұмыстары жүзеге асырылуы тиіс.

Болашақ мұғалім мамандарын дайындау соңғы уақытта педагог тұлғасының кәсіби қалыптасуына әсер ететін тиімді факторларды іздеуге бағытталған өзгерістерді талап етуде. Жоғары педагогикалық оқу орнын бітірген түлек жоғары білім ала отырып, үнемі білім беру мекемесі қоятын міндеттерді орындай алмай жатады. Осыдан кедергілер туындайды да, педагогикалық кәсіби өшу орын алып кетуі әбден мүмкін. Сол себепті, жас маманға ұжым тарапынан психологиялық қолдау көрсетіліп, әдістемелік жұмыстарға тарту кеңінен жүзеге асқаны жөн. Қазіргі мектепке, соның ішінде зияткерлік мектепке оқыту мен білім берудің міндеттерін сәтті шеше алатын, оқушы тұлғасын дамытуда қажетті нәтижеге жете алатын мұғалім керек. Әрбір кәсіби маман өзін-өзі жоғары деңгейде жетілдіруге, өзінің тұлғалық және кәсіби даму болашағын саналы сезінуге, кәсіби оқу мен педагогикалық шығармашылыққа дайын, білім берудің гуманизациялау қағидасын жүзеге асыратын, толеранттылық танытатын, психологиялық сауатты және құзыретті болуы тиіс. Педагогтың кәсіби дамуының басты идеясы мынадай негізгі жағдайларда қалыптасады: оқу – танымдық жұмыстарды ынталандыру үрдісі орын алса, онда, оның даму үрдісі де орын алады. Сондықтан, педагог қызметкерлердің қажырлы еңбегін өз дәрежесінде ынталандыру педагогтің тұлға ретіндегі кәсіби дамуының және білім беру ұйымындағы қызметінің көш ілгері даму факторына негіз болмақ. Әрбір педагог маман өзінің білімін жетілдіріп, түрлі ынталандыру әдістерінен қуаттанып, әрекетке нық қадаммен көшетіні анық дүние. Кәсіби тұрғыдан үнемі дамып отырған педагог психологиясы айқын сезіліп, жұмыстануға, өзгені де дамытуға оң ықпалын тигізеді [3;9].

Білім беру ұйымдарындағы білім көрсеткішінің деңгейі тікелей педагог мамандардың білімі мен біліктілігіне байланысты. Мұғалімдердің ерен еңбектері көп жағдайда бағаланбай жатады. Әр шәкіртін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие көкжиегіне шығаратын аяулы ұстаздың ата-аналар мен оқушылар алдындағы қадірі де кетіп бара жатқандай. Мектеп басшылығы тарапынан да, ата-аналар тарапынан да қолдау таппаған мұғалімнің сабақ беруге, кемел тұлға қалыптастыруға құлшынысы жоғары болмасы анық. Осы тұста, мұғалім мәртебесін ең бірінші орынға қою мәселесі ұзақ жылдар бойы талқыланып келді. Ақыры, 2019 жылғы 26 желтоқсанда Парламент «Педагог мәртебесі туралы» Заңды қабылдады. Бұл құжат жарты миллионнан астам ұстаздың жұмысына қатысты болып отыр. Жалпы, заң төрт бағытты қамтиды. Біріншіден, ұстаздардың құқықтарын кеңейту және өзіне тән емес жұмыстардан босату, олардың жүктемесін азайту. Екіншіден, мұғалімнің қызметіне қойылатын талаптарды күшейту. Үшіншіден, материалдық емес ынталандыру тетіктері, сондай-ақ төртіншіден, материалды ынталандыру қадамдары. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Үкіметке білім саласына білікті мамандарды тарту үшін және мұғалім мәртебесін көтеру үшін жалақыны төрт жыл ішінде екі есеге көбейтуді тапсырамын» дегенін жақсы білесіздер. Осы ретте «жас келсе – іске» дегендей, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мұрындық болып, Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына (ГПРОН) оң ықпал ететін «Педагог мәртебесі туралы» заңды қоғам әрі Парламент әлеуетімен өз мәресіне жеткізді. Осы бағдарлама мен заң білім саласына жаңа серпін бергені сөзсіз [4;2].

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының мақсаты – педагогтердің мәртебесін арттыру, жүктемесін азайту, оларды жөн-жосықсыз тексерулерден және өздеріне тән емес функциялардан қорғау, ынталандыру бойынша өзге де мәселелерді заңнамалық деңгейде шешу. Бұдан басқа, аталмыш Заңда педагогтердің құқықтары мен міндеттері қарастырылған, сондай-ақ, педагогикалық қызметке рұқсат беру талаптары белгіленген. Құжатта қамтылған педагогтің құқықтарын кеңейту нормалары олардың жеке тұлғалық дамуына және оқу үдерісін жетілдіруіне ықпал етеді. Сондай-ақ, педагогтерді қызметіне жатпайтын жұмысқа тарту, шамадан тыс есептілік, негізсіз тексерулер жүргізуге тыйым салу арқылы олардың жүктемесін азайту өзекті мәселе. Осыған байланысты нақты санкциялар көзделген. Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыруы кезінде: Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға; одан Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етіп алдыруға; Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тексерулер жүргізуге; тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша міндеттер жүктеуге; мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтерін мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге тартуға жол берілмейді.

Мұғалім мәртебесінің жоғарғы дәрежесін көздеген құжатта білім беру ұйымдарындағы педагог қызметкерлердің еңбек өнімділігі мен мамандығына деген сүйіспеншілігін арттырып, білімді шәкірт тәрбиелеуге деген терең құлшынысын тудыратын бірқатар факторлар қарастырылған. Соның ішінде, мұғалімдердің әрбір еңбегін ескеріп, жетістіктерін марапаттап, елеулі жұмыстары үшін ынталандырудың педагог үшін де, білім басшылығы үшін де, ұрпақ болашағы үшін де тиімді

болатындығына баса назар аудартылады. Педагогтерді материалдық және материалдық емес ынталандыру тетіктері «Педагог мәртебесі туралы» Заңның 12-бабына сәйкес, педагогтерге бірқатар кепілдіктер берілді. Мәселен, тұрғынжайға, оның ішінде қызметтік тұрғынжайға және жатақхана алуға; жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне ие болуға кепілдіктер берілді. Заң бағыттары педагогтерді материалдық және материалдық емес ынталандыру тетіктерін қарастырады. Олардың қатарында педагогтердің балаларына балабақшаларға бірінші кезекте орын беру қарастырылған. Сонымен қоса, барлық санаттағы педагог қызметкерлер 56 күндік еңбек демалысына шыға алады, бұл норма 100 мыңнан астам педагогке қатысты. Яғни, Заң қабылданғанға дейін әдіскерлер, мектепке дейінгі және қосымша білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы күнтізбелік 42 күнді ғана құраса, енді жаңа заң аясында барлық педагогтер күнтізбелік 56 күндік ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысын алудың әлеуметтік кепілдіктерін иеленіп отыр. Педагогтің аса үздік жетістіктері және сіңірген айрықша еңбегі үшін оған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік наградалар, оның ішінде «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы беріледі [7, 2].

Еуропада бір нақыл бар: «Ақылды болсаң, неге кедейсің?» деген. Сондықтан, жаңа Қазақстан 90-жылдардан бері білім мен ғылым саласының алдына көп міндеттер қойды. Соның ең үлкені – нарық пен бәсекеге бейімделу. Қиындықтан жол табу. Бұл университет санымен, ақылы мектептер қатарының көбеюімен есептелмейді. Сапамен есептеледі. Мысалы, Қазақстан түрлі экономикалық қауіп-қатерге қарамай әлеуметтік жобаларды тоқтатқан емес. Мектептер, аурухана-емханалар салынып жатыр. Нарық заманында әрбір ұйым, мекеме өз қызметкерлерін ынталандыру үшін қаржы көзін іздестіріп жүр. Демек, кез келген кәсіп иесін материалдық емес және материалды ынталандыру жұмыстың өнімділігіне өзіндік әсерін тигізери белгілі. [6;3].

Сонымен бірге, ұстаз мәртебесін тек қомақты жалақы шешеді деп келте ойламау керек. Бұл жерде ең басты фактор – қоғамның оң көзі мен ықыласы. Тарихтан мәлім, 1966 жылы ЮНЕСКО мен Халықаралық еңбек ұйымы «Мұғалім мәртебесі» атты құжат қабылдады. Бұл – әлемнің көптеген елдерінде бар ұстазға деген құрметті жаһандық деңгейде заңдастыру еді. Дәстүрі орнықты Ұлыбританияның өзінде әлсіреп кеткен ұстаз мәртебесінің себеп-салдарын 2002-2006 жылдары арнайы зерттеп, нақты шараларды қолға алу үшін сол елдің ұлттық жобасы қолға алынған.

Қазақ бағы жанбаған кісіні көрсе «еңбегі еш, тұзы сор» деп жатады. Әлбетте, бұл сақтандыру және мәселеге бейжай қарамауды ескерту. Қайсыбір жергілікті жерлерде қорғансыз мұғалімді пайдаланып қалу фактісін жоққа шығаруға болмайды. Мұндайда олардың салалық кәсіподағы, қауымдастығы жәрдем қолын созуы қажет. «Елбасының бастамасымен қоғамның жіті талқылауынан өткен «Педагог мәртебесі туралы» заң Парламент қарауына түсіп, білім саласының мамандарын ғана емес, күллі халықты жақсылықтан үміттендіріп отыр. Өйткені, заңның аты – заң. Ол ұстаздар қауымына әрі қорған, әрі ынталандыру болмақ.

Қазіргі білім беру саласында өскелең ұрпақтың бойына жаңартылған тәрбие бағыттары мен шығармашылық сипаттарды дамытатын асыл қасиеттерді қатар сіңіру жоғары маңызға ие болып отыр. Ол үшін, оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, білім нәрімен азықтандыратын мәртебелі мұғалімдердің өздері де жан-жақты, жаңашыл, шығармашыл болуы керек. Білім-ғылымға, ізденіс пен жаңалыққа жаны құмар кейінгі буынды тәрбиелеп шығаратын басты тұлға – педагогтің қадірі мен құрметі қашанда ескерілуі тиіс. Құрметке ие болған, мәртебесі биіктетілген, жан-жақты қолдау тапқан мұғалім кәсіби дамудың шыңына да оңай шықпақ. [5, 2].

Абайдың 43 сөзінде адам баласының 2 нәрсемен: тән және жан қуатымен адам екенін, оның ішінде жан қуатын ерекше бөліп атап, әуелде оның кішкене ғана болатынын, ескеріп баққан адам оны үлкейтіп, ұлғайтып зорайтатынын, ал ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да жоғалатынын айтады. Өмірдегі барлық өзгерістер, жаңарулар шығармашылық күштердің өнімдері. Педагогикалық энциклопедияда: «Шығармашылық – адамның әрекеттегі жоғарғы деңгейдегі белсенділігі мен дербестігі. Бұл жаңа нәрсе ойлап табуға, жетілдіруге, бар нәрсеге өзгеріс енгізуге деген қажеттілік», дейді. Ұлы ғұлама әл-Фараби: "Ұстаз – жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің барлығын жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсесін ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі ..., меніңше шешен, өнер – білімге құштар қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ ..., жұрттың бәріне ... жақсылық пен ізеттілік көрсетіп ... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек" дейді. Ұстаз дегеннің өзі – биік атауға тең. "Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз!" – деп ұлы данышпан Абай айтып кеткендей, ұстаздың өзі де адами құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы керек. «Мұғалім-өзі де оқуы керек. . . », – деп П.Ф. Каптеров

айтқан еді. Мұғалімнің өздігінен білім алуына нақты көмек көрсету үшін, тұлғаның кәсіптік қызмет саласындағы қажеттіліктерін, сұраныстарын, мүдделерін барынша қамтамасыз етіп, өтеу қажет. Арнайы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс мұғалімнің жеке қажеттіліктерін ескеріп құрылуы тиіс. Мұндай жағдайда мұғалім біліктілікті арттырудың ұжымдық нормаларына қатыса отырып, өзін қызықтыратын мәселелерге жауап табатын болады [5,2].

Қорытындылай келе, еркіндік, өткірлік, жауынгерлік, адалдық т.б. адамгершілік жоғарғы қасиеттер біздің түр-түсімізге, діни сенімімізге қарамастан педагог берген тәрбие арқылы біздің қанымызға беріледі. Біздің бойымызға күн санап берілетін педагогикалық түсінік ол өткен қоғамның бізге қалдырып кеткен мәдени асыл мұрасы. Ол ғасырлар қойнауынан халық санасында сан ғасырлар бойы сақталып бүгінгі дәуірге жеткен асыл қазынасы. Оны көздің қарашығындай сақтау, келер ұрпақты сол арқылы бауырмал, отаншыл, адал азамат етіп тәрбиелеу ұлт педагогикасының баға жетпес байлығы. Ғаламат күшке ие маманның бірі ретіндегі педагог қызметкерлеріне әр түрлі көмектер, ынталандыру марапаттарын жасау білім көрсеткішінің жоғары сапасына жетудегі факторлардың бірі болмақ. Ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Біз қазіргі уақытта жаңартылған білім мазмұнына кезең-кезеңмен көшудеміз. Бұл орайда мұғалімдердің атқарар рөлі орасан зор. Сондықтан, педагог қауымы сарқылмас күш-жігерге ие болуы үшін оларға жан-жақты қолдау қажет. Жаһандану заманындағы жан-жақты дамудың көшінен қалмау бір мақсат болса, білім беру ұйымдарындағы педагог қызметін ынталандыру, сол арқылы мұғалім мәртебесін бірінші орынға қойып, ұстаздар қауымының басымдыққа ие болуы екінші мақсат болып отыр. Бұл мақсаттар орындалғанда ғана, білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие іс-әрекетін тиімді ұйымдастырып, ойшыл ғалымдарымыз армандап кеткен ақылды, алғыр ұрпақ тәрбиелеу мұратына қол жеткіземіз.

#### Әдебиеттер

1. Төлеубекова Р. Бала тәрбиесіндегі педагогика.– Алматы, 1994.
2. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2000.
3. Құнанбаев А. Қара сөздері.– Алматы, 1993.
4. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2019.
5. Баласағұн Ж. Құтты білік / Аударған А. Егеубаев. – Астана, 2003. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 2002.

## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДЫҒЫН ДАЯРЛАУДА ҚАШЫҚТАН ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

**Уразбаев М.Т.** – Дене тәрбиесі және спорт кафедрасының аға оқытушысы, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей қаласы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада қашықтан оқыту технологиясын ұйымдастырудың міндеттері, әдіс-тәсілдердің түрлерін меңгеріп, пайдалану арқылы студенттер қашықтан оқу арқылы өз білімдерін жетілдіре алады және ақпарат жүйелерін пайдалану мүмкіндігінің артып, керекті әдебиеттермен оқу кітаптарын іздеу, бақылау және тестік тапсырмаларды орындау, тәжірибелік сабақтар, дайын баяндамалар, қашықтан олимпиадаға қатысу студенттің шығармашылық потенциалының дамуына әсер етеді

**Түйін сөздер:** қашықтан оқыту, білім беру, оқыту нәтижесі, оқыту формасы, жүйе, әдістеме.

### THE IMPORTANCE OF DISTANCE LEARNING TECHNOLOGY IN THE PREPARATION OF THE SPECIALTY OF PHYSICAL CULTURE AND SPORTS

**Urazbayev M. T.** – Senior lecturer of the Department of Physical Culture and Sports  
NAO "Shakarim University of Semey", Semey, Kazakhstan

**Annotation.** In the article, the tasks of organizing distance learning technologies, mastering and using different types of methods and techniques, students will be able to improve their knowledge through distance learning and increase the ability to use information systems, search for the necessary literature and educational books, perform control and test tasks, practical exercises, ready-made reports, participation in remote Olympiads will affect the development of the creative potential of the student.

**Key words:** Distance Learning, Education, Learning result, form of learning, system, methodology.

Стратегиялық проблемалар жөніндегі мамандар қашықтан оқыту формасын ХХІ ғасырдың білім беру жүйесі деп атап жүр. Бұл күні оған үлкен мән беріліп отыр. Бұрын технологияларға бағытталған қоғамдық прогрестің нәтижелерінің бүгінде ақапараттық аймақта орталықтандырылып жатқаны

қашықтан оқытудың маңыздылығын арыттырды. Қашықтықтан оқыту (ҚО) – білім, білік дағдыларды алу үрдісі, бұл кезде оқыту процедураларының тұтас немесе белгілі бір бөлігі оқытушы мен студенттің территориялық алшақтығына қарамастан жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту технологиясының дамуына интернеттің әсерін бағалау қиын. Ол ара қашықтықты қысқартумен қатар, оқытушы мен студентке анағұрлым көп еркіндік береді. Енді тыңдаушы немесе студент тапсырмалар және тестпен өзіне ыңғайлы уақытта айналыса алады. Оқытушы материал мазмұнын жедел түрде өзгерте алады. Қашықтықтан оқыту технологиясының дамуы – біздің білім беру жүйесінің болашағы болып табылады. Қашықтықтан оқытудың жетістігі – оқытушының өзінің қатысуынсыз оқушылар назарын өзінен тыс қалдырмауға қабілеттілігіне байланысты болады. Жаңа тақырып бойынша берілетін материал баспаға шығарылған түрде қашықтықтан оқыту курсына электрондық түрде немесе электрондық оқулық түрінде беріледі.

Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- оқытуды даралау;
- оқытудың тиімділігін (сапасын) арттыру;
- дәстүрлі оқыту нысаны қолайсыз болып табылатын тұлғалар үшін білім беру қызметін ұсыну болып табылады.

Кәсіби білім тез ескіретіндіктен оны тұрақты түрде жетілдіріп отыру керек. Қашықтан оқыту формасы бүгінде, уақыт және кеңістік белдеулерінен тәуелсіз, көпшіліктің өз бетінше үздіксіз жалпы білім алу жүйесін, өзара ақпарат алмасуын қалыптастырады және жүзеге асырады. Одан басқа, қашықтан оқыту жүйесі әлеуметтік жағдайына (оқушыға, студентке, азаматтар мен әскерилерге, жұмыссыздарға ...) қарамастан және еліміз бен шет елдің кез-келген ауданында тұрса да адамның білім және ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеді. Ел азаматының білім алу құқығын қамтамасыз етуде және қоғам қажеттілігін өтеуде, тек осы жүйе мейлінше тиімді әрі икемді. Жоғарыда айтылған факторларға сүйеніп айтқанда, мамандарды дайындау мен олардың жоғары квалификациялық деңгейін ұстап тұруда қашықтан оқыту XXI ғасырдағы ең әсерлі жүйе болып табылады.

Сырттай оқу мен қашықтан оқуды шатастырмау керек. Олардың басты айырмашылығы сонда, қашықтан оқытуда жүйелі, әрі әсерлі интерактивтік оқыту қамтамасыз етіледі. Қашықтан оқытуды оқудың жаңа бір формасы деп, тиісінше қашықтан білім беруді (оқыту нәтижесі сияқты, жүйені де, процестің өзін де) білім берудің жаңа формасы деп қарастыру керек. Әрине, оны басқа оқу жүйелерінің жетілдірілген түрі деп қарауға болмас. Қашықтан оқыту да күндізгі оқытудағыдай мазмұн мен мақсаттар негізінде құрылады. Бірақ, материалды беру түрі мен мұғалім – оқушы, оқушының өзара қатынастары басқаша болады. Қашықтан оқытудың дидактикалық принциптері де (ғылымилық, жүйелік және жүйелілік, белсенділік принциптері, дамыта оқыту, көрнекілік, оқытудың дифференциалдығы мен жекелей оқыту принциптері т.с.с) күндізгі оқуыдағыдай. Бірақ, Интернеттің ақпараттық ортасының және оның қызметінің мүмкіндіктеріне байланысты, қашықтан білім беруді жүзеге асыру ерекше болады. Осылайша, бір жағынан қашықтан оқытуды жалпы білім беру арасында (үздіксіз білім беру жүйесінде), оның кейбір жақтарының ерекшеліктерін ескере отырып қарастыру керек. Басқаша жағынан, қашықтан оқуды жүйе және процесс ретінде айыра білу керек. Қашықтан оқыту – процесс. Қашықтан оқу – жүйе. Басқа да оқыту формалары сияқты, қашықтан оқыту да педагогикалық жобалаудың кезеңдерін, оның мазмұндық және педагогикалық құрамын (педагогикалық технология жоспарындағы әдістеме, оқыту формаларын) теориялық тұрғыда мағаналы етуді ұсынады. Бұдан шығатыны, педагогикалық жобалау кезеңінің міндеттері мыналар: электрондық курстар, электрондық оқулықтар, оқу құралдарының кешендірін құрастыру, желіде оқыту процесін ұйымдастырудың педагогикалық технологиясын жасау. Қашықтан оқыту курсы оқушы әрекетінің тиянақты және дәл жоспарлануын, ұйымдастырылуын, оқыту мақсаты мен міндетінің айқын қойылуын, оқушы мен оқытушының арасындағы интерактивтілікті қамтамасыз ететін қажетті оқу материалдарының жеткізілуін, оқушы мен оқу материалы арасында кері байланыс болуын талап етеді, топтық оқытуға жағдай жасайды. Әсерлі кері байланыстың болуы оқушының білмісіздіктен білімділікке қарай қозғалысының дұрыстығы туралы ақпарат алып отыруға мүмкіндік береді. Мотивация да кез-келген қашықтан оқыту курсының маңызды бір бөлігі. Оның көтермелеу үшін әртүрлі әдістер мен құралдарды қолдану маңызды. Қашықтан оқыту курстарын ұйымдастырғанда қосалқы компоненттерді (инвариантты) де қарастыру керек. Қашықтан оқытуды екі негізгі бөлікке бөлуге болады: техникалық және дидактикалық. Техникалық бөлігі жақсы дамыған. Оның құралы болып телекоммуникациялар, аудио және видео жазбалар, жергілікті және ауқымды компьютерлік

желілер. Ұйымдасқан – дидактикалық құрылымда қашықтан оқыту оқытудың негізгі компоненті болып табылады. Қашықтан оқыту оқушылар үшін де, оқытушылар үшін де тиімді екендігін уақыт дәлелдеді. Қашықтан оқыту жүйесіне ата-аналардың көзқарасы жақсы қалптасып келеді. Әсіресе ата-аналар үшін қашықтан оқыту материалдық жағдайының тиімді болуын қарастырады.

Студенттер қашықтан оқу арқылы өз білімдерін жетілдіре алады және ақпарат жүйелерін пайдалану мүмкіндігі артады. Мысалы керекті әдебиеттермен оқу кітаптарын іздеу, бақылау және тестік тапсырмаларды орындау, тәжірибелік сабақтар, дайын баяндамалар, қашықтан олимпиадаға қатысу оқушының шығармашылық потенциялының дамуына әсер етеді. Әр елде, қалада орналасқан студенттердің қашықтан оқытуға қатысуы шығармашылық бірігу және жарысу эффектісін береді. Қашықтан оқыту жүйесінде қоданылатын бағдарламалар мен ақпаратты жеткізу жүйесінің инетраактивтік мүмкіндіктері, көптеген дәстүрлі оқу орталарында мүмкін болмайтын кері байланыс орнататы және икемдеп отырады, тұрақты көмек пен сұқбатты қамтамасыз етеді. Қазіргі заманғы компьютерлік телекоммуникация білім және түрлі оқулық ақпарат беруде, дәстүрлі оқу құралдарымен бірдей, ал кейде одан да әсерлі.

Қашықтан оқыту формасы туралы айтқанда, құрамына; барынша мүмкін болатын ақпараттың электрондық көздері (желілікті қоса алағанда): виртуалды кітапханалар, деректер базасы, консультациялық қызметтер, электрондық оқу құралдар, киберсыныштар, т.б. кіретін бір ыңғай ақпараттық-білім кеңістігін жасау туралы айту керек. Әңіме қашықтан оқыту туралы болып отырғанда, ол жүйеде мұғалім, оқушы және оқулық бар деп түсіну керек. Бұл студент пен оқытушының өзара әсері. Осыдан шығатыны, қашықтан оқыту формасын ұйымдастыруда ең бастысы электрондық курстар, қашықтан оқытудың дидактикалық жасалымы, педагог-үйлестірушілерді дайындау болып табылады. Қашықтан оқытуды сырттай оқуға ұқсатудың қажеті жоқ, себебі, бұл жерде мұғаліммен және киберсыныптағы басқа студенттермен тұрақты байланыс бар, күндізгі оқудың барлық жағы, оқудың еркеше формасы ескеріле отырып қамтылған. Бұдан шығатыны, теориялық талдаулар, эксперименттік тексеру, жауапты ғылыми-зерттеу жұмыстары талап етіледі. Өкіншіке қарай, біздің инетернетте көріп жүргендеріміз, компакт-дисклердегі электрондық оқулықтар педагогикалық талаптарға жауап бере алмайды. Осыдан барып, қашықтан оқыту курсытырын жасақтаумен және оны әртүрлі базалық, тереңдетілген, қосымша білім беру мақсаттарындағы әдістемелер қолданумен байланысты проблемаларды шешудің мәні зор.

#### **Әдебиеттер**

1. Околесов О. П. Системный подход к построению электронного курса для дистанционного обучения // Педагогика. - 1999. -№ 6. -С. 50-56.
2. Полат Е. С. Петров А.Е. Дистанционное обучение: каким ему быть? // Педагогика. – 1999. -№7. -С. 29-34.
3. Пидкасистый П.И. Тыщенко О.Б. Компьютерные технологии в системе дистанционного обучения // Педагогика. -2000. -№5. – С. 7-12.
4. Сайттар: [www.e-gov.kz](http://www.e-gov.kz)[www.albest.ru](http://www.albest.ru), [www.tor.kz](http://www.tor.kz)
5. Журнал «Мектеп». – № 11. – 6 б.

## БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ПЕДАГОГЫНЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**Әлімхан Ш.М.** – магистрант, Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан  
Ғылыми жетекші: **Дошыбеков А.Б.** – PhD докторы,  
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

**Аннотация:** Мақалада басқарудың ғылыми эволюциясының терең түсінігі, педагогикалық, психологиялық әдебиеттердегі дене шынықтыру және спорт педагогының басқару мәдениетін қалыптастырудың теориялық мәселесінің зерттеліну деңгейін анықтаған. «Басқару», «Басқарушылық мәдениет» ұғымдарының ғылыми әдебиеттерде анықталуы қарастырылған.

**Кілт сөздер:** басқару, басқару мәдениеті, менеджмент, дене шынықтыру.

### THEORETICAL ASPECTS OF THE FORMATION OF THE MANAGERIAL CULTURE OF THE FUTURE TEACHER OF PHYSICAL CULTURE AND SPORTS

**Alimkhan Sh. M.** – master's student, Kazakh Academy of Sport and Tourism, Almaty, Kazakhstan  
Scientific supervisor: **Doshybekov A. B.** – Ph.D., Kazakh Academy of Sport and Tourism, Almaty, Kazakhstan

**Abstract:** The article reveals a deep understanding of the scientific evolution of management, the degree of study of the theoretical problem of the formation of the managerial culture of a teacher of physical culture and sports in the pedagogical and psychological literature. The definition of the concepts of "management", "management culture" in the scientific literature is provided.

**Key words:** Management, management culture, management, physical culture.

**Зерттеудің көкейкестілігі.** Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасының 76 және 77 қадамында «адам капиталының сапасын көтеру, оқыту стандарттарын жаңарту, жоғары оқу орнында білікті кадрларды даярлау, кейіннен бұл тәжірибені еліміздің басқа оқу орындарында тарату» бағыттары көрсетілген. Ал бұл болса, педагогтардың кәсіби ұтқырлығы мен өзінің кәсіби өсуін жүзеге асыруды, алдында тұрған міндеттерді жеке шеше алу іскерліктерін қалыптастыруды талап етеді [1].

Осыған сәйкес ғылыми білімнің қазіргі деңгейі педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда басқарудың жалпы теориясын қолдану қажеттілігін туындатады. Болашақ мұғалімнің сынып ұжымын, оқу-тәрбие үдерісін оқушының жеке тұлғасының дамуын және т.б. адами қорларды қажетті деңгейде басқару үшін оның бойында жоғары педагогикалық білімнің болуымен қатар білім берудегі басқару саласынан арнайы білім, біліктерінің болуы қажет етіледі. Осыған байланысты білім беру саласындағы мамандарды даярлауға жаңа талаптар ұсынылады. Өйткені қазіргі қоғам мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің аясында білім берудегі ұйымдастырушылық, басқарушылық іс-әрекетті жүзеге асыруға қабілеттіліктерінің болуын талап етіп отыр.

**Зерттеу мақсаты:** Болашақ дене шынықтыру және спорт педагогының басқарушылық мәдениетін қалыптастырудың теориялық аспектілерін анықтау

#### **Зерттеу міндеттері:**

- Педагогикалық, психологиялық әдебиеттердегі дене шынықтыру және спорт педагогының басқарушылық мәдениетін қалыптастырудың теориялық мәселесінің зерттеліну деңгейін анықтау;
- «Басқару», «Басқарушылық мәдениеті» ұғымдарының ғылыми әдебиеттерде анықталуын қарастыру;

**Зерттеу әдістері:** зерттеу мәселесіне арналған диссертациялық жұмыстарды, философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді; ғылыми мақалалар мен нормативті құжаттарды талдау-жинақтау;

#### **Зерттеу нәтижелері мен сараптамасы.**

Басқарудың ғылыми эволюциясын дәлірек әрі терең түсіну үшін басқару ойларының негізгі даму бағыттары туралы нақты ғылыми ұғымға ие болуы керек. Ғылыми менеджменттің негізін қалаушы, Филадельфия қаласында туып-өскен, 1881 ж. теннистен әуесқойлар арасында өткен қосарлы жарыстардағы АҚШ чемпионы, инженер-механик – Фредерик Тейлор (1856 -1915). Ол 45 жасында гольфты белсенді түрде насихаттаумен айналысты. 1903 жылы оның «Цехтық менеджмент» кітабы, ал 1911 жылы «Ғылыми менеджменттің принциптері» кітабы басып шығарылды. Филадельфиядағы оның кабіріндегі құлпытаста «Ғылыми менеджменттің атасы» деген жазу басылған [2].

Жалпы білім беретін мектеп пен мектеп жұмысын басқаруды қазіргі таңдағы педагогика ғылымы, дене тәрбиесі және спорт бағыттарын белгілей отырып Қ.І.Адамбеков, А.О.Аяшов, М.Б.Сапарбаев, Б.М.Досқараев, А.С.Жұманова, А.Е.Алимханов, В.Н.Платонов, Қ.А.Құланов, А.Т. Құлбаев, А.Б.

Дошыбеков сынды ғалымдар өздерінің еңбектерінің педагогикалық негізі ретінде оқушы жастардың дене тәрбиесі дайындығын басқару мен бақылауға арнаған.

«Басқару мәдениеті» ұғымының күрделі, көпқырлы табиғаты болады. Бір жағынан, мұны басқару іс-әрекетінің табиғаты арқылы түсіндіруге болады, ал екінші жағынан, «мәдениет» терминін түсіндірудің көпқырлылығымен түсіндіруге болады.

«Мәдениет» ұғымы тарих, философия, мәдениеттану сияқты ғылымдардың категориясы болып табылады. Ол қоғамдық-тарихи тәжірибе процесінде адамзаттың құрастыратын және құрылатын, қоғамның дамуындағы тарихи тұрғыдағы жеткен дәрежені сипаттайтын материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығын білдіреді.

Е.Н.Ильин, В.А. Слостенин, М.С.Каган, Е.Н.Шияновтың жұмыстарында білім берудегі мәдениетке сәйкестілік тезисі атап көрсетіледі. Мәдениет әлеуметтік құбылыс болып табылады және қоғамның жинақтаған байлығын білдіреді. Мәдениет адамның жасауы арқылы құрылған және ол адамның мәдениетте өзін-өзі танытуына ықпал етеді. Өзінің табиғаты бойынша мәдениет көпфункционалды болып саналады, дәл осы сипаты мәдениетті білім берумен жақындатады. Мәдениет тұрғысында білім тұлғаның маңызды күшін ашады, оның қоршаған әлемге деген көзқарасын өзгертеді, адамның өзін де өзгертеді.

Тұлғаның мәдениеті жеке кәсіби міндеттерді шешудегі саналылық дәрежесімен; социумның талаптары мен жағдайларына сезімтал тұрғыда жауап қайтарумен; жоғары технология және ғылымды қажетсінетін техниканы меңгеру еркіндігімен; жаңа сезімнің даму деңгейімен, даму қарқынынан «артта қалмау» қабілетімен анықталады.

Басқару жүйені ұсынылған күйінде қолдауды немесе оны мақсатты бағытталған әсерлерді құрастыру және жүзеге асыру арқылы ұйымның жаңа өмірлік күйіне өткізуді қамтамасыз ететін процестердің жиынтығы деп түсіндіріледі. П. Друкер басқаруды ұйымдастырылмаған топты бірыңғай мақсатқа ұмтылатын адамдардың ұйымдастырылған тобына айналдыратын іс-әрекеттің ерекші түрі ретінде қарастырады. Оның пікірі бойынша, басқару-бұл әлеуметтік өзгерістер мен әлеуметтік алмасулардың ынталандырушы элементі. Ол басқаруды ең маңызды феномен, білім берудегі дүмпу деп атайды [3].

«Басқару» термині, әдетте, белгілі мақсатқа жету үшін басқарылатын жүйеге (немесе басқару объектісіне) белсенді әсер ету процесі туралы сөз болғанда қолданылады

Басқару ұғымы дәл осындай үлгіде алуан түрлі әдебиет көздерінде түсіндіріледі:

– нені орындауды және оны қалай орындауды дәл білу өнері;

– мақсатты бағытталған әсерлерді ұйымдастыру және жүзеге асыру;

– адамдарды басқару іс-әрекетінің түрі, функциясы, сонымен бірге, аталған функцияны жүзеге асыруға көмек беретін адамзат білімінің саласы.

Ф.У. Тейлор басқарудың мәнінің басқа анықтамаларын атап көрсетеді:

– бұл объектіні мақсатты бағытталған тұрғыда үйлестіру;

– бұл қойылған мақсатқа жету үшін объектіге әсер ету;

– бұл қойылған мақсатқа жетуге бағытталған жүйенің элементтерінің вертикальды координациясы

[4].

Ю.А. Конаржевский басқаруды күрделі динамикалық жүйелерде іс-әрекетті ұйымдастыру және үйлестіру үшін адамдар ұжымына мақсатты бағытталған әсер етуді түсіндіреді [5].

Г.М. Ключева басқаруды, ең алдымен, шешімдерді құрастыруға, ұсынылған мақсатқа сәйкес басқару объектісін ұйымдастыруға, бақылауға, реттеуге, сенімді ақпарат негізінде басқару объектісін талдауға және қорытынды жасауға бағытталған іс-әрекет ретінде сипаттайды [6].

«Басқару» ұғымының жоғарыда келтірілген түсіндірмелеріне сүйеніп, басқарудың негізгі мақсатының оңтайлы нәтижеге жету үшін күшті, құралдарды, уақытты және адами ресурстарды тиімді және жүйелі пайдалану екендігі деп айтуға болады. Сондықтан, басқарудың негізгі векторы ретінде мақсат – яғни, нәтиже деп тану қажет.

Е.П.Кортунова басқару мәдениетін кәсіби ұжымға бірыңғай ортақ мінез-құлық нормаларын белгілейтін құндылықтардың, көзқарастардың, қатынастардың жиынтығы ретінде түсіндіреді. Ұжым мүшелерінің әрекетінің және өзара әрекетінің тәсілдерін анықтайтын тікелей нұсқаулардың болуы немесе болмауы байланысты көрінудің анықтығы, жұмысты орындаудың барысы мен ұйымның тіршілік етуінің сипаты басқару мақсаттарына жетудегі, ұйымның тиімділігін арттырудағы және инновацияларды басқарудағы негізгі компонент болып табылады [6, 52 б].

Л.З.Гумерова және В.А.Слостениннің пікірлері бойынша, басқару мәдениетінің мәні қоғамдық-тарихи, психологиялық және саяси элементтері бар басқарушы сананың феномендерінің үйлесімді



бірлігі және түйісуі саласында анықталады: басқару мәдениетін дамыту теориясын құрудың маңызды әдіснамалық принципі ретінде, даму үшін білім беру жүйесіне қажетті басқару саласындағы құндылықтарды өндіру; білім беру жүйесінің қатынастарын ізгілендіруден тұратын нормативті-реттеу функциясы алынады; әлеуметтік білім беру алуан түрлі пәндерді теориялық зерттеулердің пәні болуы мүмкін: философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық, педагогикалық. «Басқару мәдениеті» ұғымы тұлғаның тұлғалық, жеке және субъективті сапаларын қамтиды, білім беру ұйымын басқарудағы құндылықтар мен технологияларды меңгеруге, таратуға және құруға бағытталған басқару іс-әрекетінің алуан түрлеріндегі тұлғаның шығармашылық тұрғыда өзін-өзі жүзеге асыруының өлшемі мен тәсілі болып табылады.

В.А. Киселевтің пікірі бойынша, «басқару мәдениеті оның сапалық белгілері мен ерекшеліктерін көрсететін басқару еңбегінің жалпылаушы сипаттамасы болып табылады. Бұл басқару іс-әрекетінің және қалыптасқан мәдениеттің арасындағы тәуелділіктің объективті, өлшенетін құбылыс болып саналатыны туралы айтуға мүмкіндік береді. Тар мағынасында, басқару еңбегінің мәдениеті менеджердің мінез-құлқының үлгісін саналы түрде қалыптастыратын құндылықтар, нормалар, көзқарастар мен идеялардың жиынтығы, қызметтік этика ретінде түсіндірілуі мүмкін».

Л.Д. Андреева педагогтың басқару мәдениетінің құрылымына бірқатар компоненттерді ендіреді – ақпараттық, операциялдық және аксиологиялық компоненттер, яғни, олар басқару, өзін-өзі басқару және бірлесіп басқарудың мәні туралы түсініктер, басқару процестерін жүзеге асыру бойынша практикалық біліктер, басқару процесінің адамгершілік-этикалық аспектісін реттейтін педагогтың құндылықтары мен мотивациялық бағдарлары болып табылады.

Л.Н. Плахина педагогтың басқару мәдениетінің білім беру процесін басқару процесін және педагогтың өзіндік кәсіби іс-әрекетін өзін-өзі басқаруын қамтитыны туралы пікірін білдіреді. Автор басқару мәдениетінің құрылымына мотивациялық, когнитивті және әрекеттік компоненттерді ендіреді. Басқару мәдениеті деп, басқарудың мәні туралы бағдарлар мен түсініктердің, әртүрлі басқару технологияларын жүзеге асыру біліктердің кешені аталады.

Г.М. Ключева басқару мәдениетін қазіргі заманауи педагогтың құзыреттілігінің маңызды компоненті, оның кәсіпқойлығының детерминанты ретінде қарастырады, педагогтың басқару мәдениеті – бұл педагогикалық процесте әртүрлі басқару технологияларын (басқару функцияларын) қолдану бойынша білім мен біліктерді кешені, яғни меңгерген ресурстарды педагогикалық талдауды жүзеге асыру білігі, мақсаттарды жобалау, жоспарлау мен болжамды жүзеге асыру білігі, білім беру процесін ұйымдастыру және түзету білігі, талдау жүргізу білігі болып саналады.[6, 186]

И.А. Чугунова басқару мәдениетінің педагогтың құзыреттілігінің маңызды көрсеткіші деп санайды. Бұл тек белгілі білімдер мен біліктер ғана емес, сонымен бірге, автордың педагогикалық креативтілік ретінде түсіндіретін басқару процесіне деген шығармашылық тұғыр болып табылады. Бұл белгілі жағдайларда әрекет ету білігі, басқару шешімдерін дер кезінде түзету білігі, импровизациялау білігі, мақсатқа жету үшін стандартты емес шешімдер қабылдау білігі болып саналады [7].

Н.В. Тамарская [8] педагогтың басқару мәдениетінің моделін құрастырды. Оның пікірі бойынша, педагогтың басқару мәдениеті үздіксіз кәсіби даму процесінде қалыптасады: мектепте оқыту сатысында (оқушы – болашақ педагог), кәсіби білім беру мекемелерінде оқыту сатысында (студент – болашақ педагог), білім беру мекемелерінде кәсіби іс-әрекет сатысында (педагог: тәрбиеші – мұғалім – оқытушы), біліктілікті арттыру және білім беру мекемесін басқару сатысында (педагог – білім беру ұйымының басшысы).

Басқару мәдениеті педагогтың тұлғасының қалыптасу процесінде сатылы түрде қалыптасатын білімдер мен біліктер кешенін қамтиды. Бұл басқару саласындағы білімді, басқару біліктерін, басқару функцияларын меңгеру: мақсатты тұжырымдау, жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация, бақылау.

Н.В. Тамарская басқару мәдениеті кәсіби дамудың барлық сатыларында қалыптасатын және үш деңгейде жүзеге асырылатын педагогтың басқарушы білімдеру мен функцияларының, тұлғалық сапаларының кешені болып табылады: өзін-өзі басқару, басқару, бірлесіп басқару.

**Осылайша,** ғылыми әдебиеттерді талдау басқару мәдениетін қалыптастыру мәселесінің жеткіліксіз деңгейде құрастырылғанын көрсетеді. Білім беруде басқару мақсатты бағытталған, жүйелі түрде ұйымдастырылған, білім беру процесін оңтайлы дамытуды, білім беру мақсаттарын тиімді жүзеге асыруды, оның тұтастығын қамтамасыз ететін өзара байланысқан алуан түрлі құрылымдық компоненттер ретінде қарастырылады. Басқару мәдениетіне басқару процестеріне, яғни басқару іс-әрекетіне қатысудың қажеттілігі мен қабілеті енеді; басқару саласындағы білімдерді, біліктерді және дағдыларды меңгеру; тұлғааралық қатынастар субъектісі ретінде маманның жеке мәдениеті енеді.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасы. – Астана, 2015, мамыр-20. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100>.
2. Дошпыбеков А.Б. Дене шынықтыру-сауықтыру қызметі саласындағы маркетинг бойынша болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлау. Дисс.-Алматы, 2017
3. Друкер, П. Задачи менеджмента в XXI веке / М.: Вильямс, 2000. – 282 с.
4. Тейлор Ф.У. Менеджмент. – М.: NewYork, 1992. – 137 с.
5. Конаржевский, Ю.А. Менеджмент и внутришкольное управление / Ю.А. Конаржевский. – М.: Педагогика, 2009. – 244 с.
6. Ключева, Г.М. Управление образовательными системами: учебно-методическое пособие для студентов педагогических вузов по общепрофессиональной подготовке / Г.М. Ключева. – Челябинск: Цицеро, 2014. – 109 с.
7. Чугунова, И.А. Педагогическая креативность в управленческой культуре педагога / И.А. Чугунова // Молодой ученый. – 2016. – №18. – С. 463-465.
8. Тамарская, Н.В. Системный подход в формировании управленческой культуры педагога в процессе непрерывного образования // Известия Балтийской государственной академии рыбопромыслового флота: Психолого-педагогические науки: научный журнал. – Калининград, 2014. – №4. – С. 48–63.

### ФОРМИРОВАНИЕ ПОТРЕБНОСТИ В ЗДОРОВОМ ОБРАЗЕ ЖИЗНИ У УЧАЩИХСЯ

**Брюховецкая В.** – магистрант, НАО «Университет им. Шакарима города Семей», г.Семей, Казахстан

**Аннотация:** статья посвящена формированию понятия здорового образа жизни у учащейся молодежи. Состояние здоровья учащейся молодежи является важнейшим показателем благополучия общества. Укреплению здоровья населения, снижению уровня заболеваемости, созданию условий и формированию мотивации для ведения здорового образа жизни посвящены предложенные мероприятия.

**Ключевые слова:** физическая культура, здоровый образ жизни, формирование потребности, мотивация.

### FORMATION OF THE NEED FOR A HEALTHY LIFESTYLE IN STUDENTS

**Bryukhovetskaya V.** – undergraduate, NJSC "University named after Shakarim of the city of Semey", Semey, Kazakhstan

**Annotation:** the article is devoted to the formation of the concept of a healthy lifestyle among students. The health status of student youth is the most important indicator of the well-being of society. The proposed activities are devoted to strengthening the health of the population, reducing the incidence rate, creating conditions and creating motivation for a healthy lifestyle.

**Key words:** physical culture, healthy lifestyle, need formation, motivation.

**Введение.** Здоровье человека – тема достаточно важная для всех времён и народов.

В современной науке здоровье рассматривается как естественное состояние организма, характеризующееся равновесием между окружающей средой, отсутствием каких-либо болезненных изменений и определяющееся комплексом биологических и социальных факторов. Здоровье человека в значительной мере зависит от существующих в обществе систем ценностей, определяющих смысл жизни.

Формирование физически и духовно здоровой личности на сегодня приобретает особую актуальность из-за условий падения нравственности и общей культуры, ухудшение состояния здоровья учащихся, а также распространение социально-опасных заболеваний. Несомненно, состояние здоровья подрастающего поколения вызывает озабоченность общества и государства.

**Цель:** изучение особенностей и обеспечение условий формирования направленности на здоровый образ жизни у учащейся молодежи.

Человек – высшее творение природы. Ну для того чтобы наслаждаться ее сокровищами, он должен по крайней мере отвечать одному требованию: быть здоровым! Это аксиома, про которую мы в текучке и суете дней, увы, элементарно забываем. Обычно молодые люди не склонны всерьез задуматься о здоровье даже тогда, когда все вокруг заболеют. Да, в молодости всякие неприятности (в том числе и болезни) воспринимаются «вдруг» – как нечто внезапное и незаслуженное. Но в том-то, к сожалению и дело, что большинство болезней именно заслуженное. А первые шаги к этому делаются нередко в самом цветущем возрасте. Когда перестают дружить со спортом и физкультурой, приобщаются к дурным привычкам. А здоровье, как и честь, нужно беречь смолоду. Здоровье каждого – в его собственных руках [2].

Одна из главнейших целей и задач каждого государства в сфере образования – выработать у учащихся потребность в систематических занятиях физическими упражнениями, спортом, сформировать привычку вести здоровый образ жизни, приобретать знания в образовательной области «Физическая культура». Недаром говорят в народе, что за деньги здоровье не купишь. За него нужно активно бороться. «Гимнастика, физические упражнения, ходьба должны прочно войти в повседневный быт каждого, кто хочет сохранить работоспособность, здоровье, полноценную и радостную жизнь». Древнее изречение Гиппократ в наш век проникновения во все сферы деятельности научно-технического процесса становится в высшей степени актуальным. Малоподвижный образ жизни делает организм человека беззащитным при развитии заболеваний органов пищеварения, приводит к ожирению. Особенно тревожно обстоит дело у детей младшего школьного возраста. Гиподинамия слово модное, гипо-снижение, динамия-движение. От детского ожирения к подростковому, особенно у девочек, когда начинает меняться их природа. Девочкам неудобно лишний раз пробежаться. Двигательная активность – биологическая потребность. Для каждого возраста она имеет свой оптимум [2].

**Задачи:** изучить особенности формирования мотивации к здоровому образу жизни учащихся, формирование установки на здоровый образ жизни в процессе внеклассной работы. Вовлечение учащихся в систематические занятия физической культурой и спортом; пропаганда физической культуры и спорта, здорового образа жизни, организация содержательного досуга.

Задачи работы по формированию здорового образа жизни:

- формировать представления о том, что быть здоровым – хорошо, а болеть – плохо;
- воспитывать навыки здорового поведения: любить двигаться, есть побольше овощей, фруктов; мыть руки после каждого загрязнения; не злиться и не волноваться; быть доброжелательным; больше бывать на свежем воздухе; соблюдать режим;
- помочь овладеть устойчивыми навыками поведения;
- развивать умение рассказывать о своем здоровье, здоровье близких;
- вырабатывать навыки правильной осанки;
- обогащать знания детей о физкультурном движении в целом.

**Методы исследования:** изучение литературы по данной проблеме, анализ, обобщение и интерпретация данных.

Мышечная деятельность является столь важным фактором поддержания нормального функционирования организма, что даже кратковременная гипокинезия, а тем более обездвиживание, отрицательно сказывается не только на двигательных, но и вегетативных функциях организма. Гипокинезия особенно влияет на сердечно-сосудистую систему, нарушая ее функции, что в конечном итоге приводит к преждевременному старению, сокращению продолжительности жизни в будущем. Поэтому влияние систематических занятий физическими упражнениями на здоровье человека имеет большое теоретическое и практическое значение [4].

Особое внимание следует уделять следующим компонентам ЗОЖ:

- ✓ занятия физкультурой, прогулки.
- ✓ рациональное питание, соблюдение правил личной гигиены: закаливание, создание условий для полноценного сна
- ✓ дружелюбное отношение друг к другу, развитие умения слушать и говорить
- ✓ бережное отношение к окружающей среде, к природе
- ✓ медицинское воспитание, своевременное посещение врача, выполнение различных рекомендаций
- ✓ формирование понятия "не вреди себе сам"

**Аңдатпа.** Мақалада «стресс» ұғымы, оның мәселелері психологиялық ғылым мен тәжірибедегі өзектілігі мен маңыздылығы, психологиялық стрессті бастан кешірудің көптеген факторларымен байланыстылығы, психологиялық мәселелері, адамның жеке ерекшеліктеріне, мінезіне, жоғарғы жүйке әрекетінің типтеріне орай стресстің бірнеше түрлері, стресс кезендері, стресстің алдын-алу шарттары, психологиялық-физиологиялық ықпалы, стресс кезіндегі тұлғаның жағдайлары қарастырылып, психолог-физиолог ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасалынды.

**Кілт сөздер:** психология, психика, стресс, психологиялық стресс, психологиялық қысым.

## STRESS AND ITS PSYCHOLOGICAL ASPECTS

**Yessimgaliyeva T.M., Belegova A.A.**

Senior teachers of the Kazakh Academy of sports and tourism, Almaty, Kazakhstan

**Annotation.** In the article, the concept of «stress», its problems are relevant in psychological science and practice, the relationship of experiencing psychological stress with many factors, psychological problems, several types of stress depending on individual characteristics, character, types of higher nervous activity of a person, periods of stress, conditions of stress prevention, psychological and physiological effects, conditions of personality during stress are considered, and a comprehensive analysis of the work of scientists-psychologists is carried out.

**Key words:** psychology, psyche, stress, psychological stress, psychological pressure.

Қазіргі таңда стресс мәселесінің психологиялық ғылым мен тәжірибеде өзекті болуы **зерттеу жұмысымыздың өзектілігін** айқындайды. Психологияда жастар арасындағы психологиялық стрессті бастан кешіруі көптеген факторлармен байланысты болады. Атап айтқанда:

1. Әлеуметтік факторлар – бұл факторлардың тобына қоғамдағы әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық, көптеген әлеуметтік мәселелер, сондай-ақ, жұмыссыздық, әлеуметтік жанжалдар, жас отбасылардың мәселелері.

2. Әлеуметтік-психологиялық факторлар – түрлі типтегі әлеуметтік және тұлғааралық қатынаспен байланысты мәселелер, позициялық және эмоционалды дау-жанжалдар, қарым-қатынастық мәселелер, кіші топтағы жағымсыз психологиялық көріністер.

3. Тұлғалық факторлар: – объективті-тұлғалық-жастық шақтағы дағдарыстар, жыныстық ерекшеліктер; – субъективті-тұлғалық – темпераменттің, жоғары жүйкелік іс-әрекеттің ерекшеліктері, «бұрынғы стресстік тәжірибенің» болуы, жоғары тұлғалық мазасыздық, қысым, агрессивтілік, мотивациялық ерекшеліктер және т.б.

4. Іс-әрекет ерекшелігімен байланысты факторлар – оқу, кәсіби, кәсіби-оқыту, қызметтік. Мысалы, ұйымның еңбегінің бұзылысы, ақпараттық қысымдар және т.б. Көптеген теориялық және қолданбалы зерттеулерді талдай келе, әсіресе, жастық шақтағылар орта жастағыларға қарағанда стресске әсер етулері біршама қарқынды болады деген қорытынды жасауға болады. Шектен тыс стресстің салдары көбінесе жас адамдарда 21 жастан 22 жасқа дейінгілерде көп байқалады.

Психологиялық мәселелердің жиынтығын төмендегідей көрсетуге болады:

- біріншіден, біршама көп таралғандары әлеуметтік қатынас пен тұлғааралық қатынас мәселесі және олармен қарым-қатынастық мәселе де тығыз байланысты болып табылады.

- екіншіден, жеткілікті түрде таралған мәселелер қандай-да бір іс-әрекетпен байланысты болып табылады. Бұл мәселелерге кәсіби, әлеуметтік-рөлдік анықталу, кәсіби әрі оқу іс-әрекетіне қанағаттанбау, біршама психологиялық қысым жатады.

- үшіншіден, түрлі типтегі тұлғаишілік мәселелер кең таралған[1].

**Зерттеудің мақсаты** – стресс ұғымдарын жан-жақты қарастыра отырып, оның психологиялық аспектілерін зерттеу, жастар арасындағы стресстің күйлерін анықтау.

#### **Зерттеу әдістері:**

Зерттеу жұмысын жүргізуде ғылыми әдебиеттерге шолу жасалып, бақылау, психологиялық талдаулар жүргізілді.

**Стресс** – адамның мазасыздығынан туындайтын көбіне өзі бейімделмеген жұмыстардың шамадан тыс болуына байланысты бейімделген психикамен организмнің өзгерістерге ұшырауына әкелетін процесс ретінде саналады. «Стресс» ағылшын сөзі, қазақшаға аударғанда «қысым, тартылыс, қысым келтіру» деген мағынаны білдіреді. Бұл ұғымды ғылымға ең алғаш енгізген канадалық физиолог Ганс Селье. Оның анықтамасы бойынша, стресс – өте жағымсыз әсерлерге жауап ретінде туған организмнің қалыпсыз бейімделу әрекеттерінің жинағы [2].

Адамның жеке ерекшеліктеріне, мінезіне, жоғарғы жүйке әрекетінің типтеріне орай стресстің бірнеше түрлері байқалады. Стресс үш кезеңнен тұрады:

1) үрейлену – жағымсыз тітіркендіргіш әсер еткен сәтте туатын жауаптың алғашқы кезеңі.

2) төзімділік – жағымсыз тітіркендіргіш әсеріне беріліп кетпей, оған төзу реакциясы. Бұл кезде гипоталамус-гипофиз жүйесінің ықпалы мен бүйрек үсті безінің гормондарының мөлшері қанда тез мөлшерде көбейіп кетеді. Симпатикалық жүйке жүйесінің әсерімен жүректің соғуы ырғағы жылдамданады, тыныс алуы ырғағы да жиілене түседі. Бұлшықеттердің жиырылу қабілеті күшейеді;

3) әлсіреу – бейімделу қорының мүмкіндігі азайып, таусылады, сондықтан психологияда дезадаптация (бейімделудің нашарлап жойылуы) пайда болады. Стрессті тудыратын әсерлерге қарай физиологиялық және психологиялық стресс деп екіге бөледі. Психологиялық стрессті мәліметтік және эмоциялық стресс деп атайды. Тосыннан жағымсыз хабар естігенде мәліметтік стресс пайда болады. Адам дұрыс жауап таба алмай, қатты қиналады, не істерін білмей, абыржып қалады. Ал эмоциялық стресс қауіп туғанда немесе оқыс қорыққанда, не біреуден қатты көңілі қалғанда байқалады. Мұндайда жоғарғы жүйке әрекетінде тежеулі серпілісі қанат жаяды. Соның нәтижесінде іс-қимыл әрекеті немесе сөйлеген сөзі бұзылады. Стресстің физиологиялық тетігі гипоталамус-гипофиз бүйрек үсті безі жүйесінің рефлекторлық қызметіне негізделген. Стресс кезінде қанда глюкокортикоидтар мен катехоламиндердің, серотониннің мөлшері оқыс көбейеді. Ғылымның жаңа деректері бойынша оған қосымша самототропин және самотомединдер де стресстің, әсіресе оның үрейлену кезеңінің өрлеуіне себеп болады. Самототропиниммундық жүйенің қызметін белсендіріп, организмнің стресске қарсы тұру төзімділігін арттырады.

Гуманистік психологияның негізін қалаушылар Абрахам Маслоу, Карл Роджерс, Гордон Олпорт және осы бағытта зерттеу жүргізген көптеген ғалымдар өз еңбектерінде тұлғаның өзін-өзі өзектендіруі, шығармашылық, сүйіспеншілік, еркіндік, жақсы психикалық денсаулық, тұлғааралық қарым-қатынас мәселелеріне тоқталған. Олар психикалық ауруларды емдегеннен бұрын патологиялардың алдын-алу мен жақсы психикалық денсаулық қалыптастыру шараларын жөн санайды. Батыстық ғалымдардың тұжырымдамалары отандық психологтардың ойларымен де үндеседі. Позитивтілікке тәрбиелеу бірнеше еңбектерде айтылады. Бақыт пен позитивтілік туралы ойларда Мұхаммед пен Рашид Әл Мактумның еңбегі зор екенін айта кеткен жөн [3].

Стресстің алдын-алудың шарттарынағылшын психологы Клер Рейнер ұсынған өзін-өзі сендіру бағдарламасы бойынша қарастыруға болады:

I ереже. Таңертен үйден жақсы көңіл-күймен шығуды әдетке айналдырыңыз.

II ереже. Өз бойыңыздағы кемшілікті қабылдай біліңіз. Ондай кемшіліктер әр адамның бойында бар.

III ереже. Ешкімді сөкпеуге тырысыңыз.

IV ереже. Өзге адамдарды тыңдай біліңіз. Сол арқылы жақсы беделге ие боласыз.

V ереже. Шынайы болуға тырысыңыз.

VI ереже. Өз төңірігіңізге жақсы адамдарды жинауға тырысыңыз.

VII ереже. Әр нәрсеге позитивті қарауға тырысыңыз.

VIII ереже. Өз-өзіңізді кінәләудан алшақ болыңыз.

IX ереже. Өзгелердің көзіне әлсіз болып көрінуден сақтаныңыз.

Әлеуметтік-психологиялық өзгерістермен бірге әртүрлі жағдайларға да ену санамызда түрлі жағдайларда орын алуда. Жастардың стресс ұғымын түсінуін, олардың стрессті жеңе алу қабілеттерін т.б. қасиеттерін талдау бойынша зерттеулер интернет желісі арқылы сауалнамалармен жүргізілді. Сауалнамаға 169 адам қатысты. Сауалнама барысында төмендегі сұрақтар қойылды.

1. Стресске жиі ұшырайсыз ба?

2. Стресске шалдыққан кезде одан қандай жолдар арқылы шығасыз?

3. Сіз стресстің белгілі бір ауру түріне әкеліп соғатынын білесізбе?


4. Өзіңізді стресске төзімдімін деп ойлайсыз ба?

5. Стресске түскен кезде жаныңызда кімнің немесе ненің болғанын қалайсыз?


6. Сіздің басты стресске ұшырайтын себебіңіз?



**3. Сіз стресстің белгілі бір ауруларға әкеліп соғатынын білесіз бе?**




**4. Өзіңді стреске төзімдімін деп ойлайсыз ба?**




**5. Стреске түскен кезде жаныңызда кімнің немесе ненің болғанын қалайсыз?**

■ Достарымның ■ Жалғыз өзім ■ Ата-анам ■ Ұялы телефон



**6. Сіздің басты стреске ұшырайтын себебіңіз?**

■ Сабақ ■ Ұрыс-керіс  
■ Айналамдағы ой-пікірлер ■ Отбасы  
■ Компьютерлік ойындар ■ Физикалық қабілет



Қорытындылай келе, қоғамда болып жатқан түрлі жағдайлар негізінде туындайтын психологиялық хал-ахуал, эмоциялық күйзелістері – психологтар алдындағы басты мәселе. Оны қоғам болып қолға алу қажет. Әр адамның өзін қолға алып, стрессті жағымды қабылдайтын болса, онда ол өзінің әлеуетін ашады, мүмкіндіктерін анықтайды, істі басқа қырдан көруге көмектеседі, іс-әрекетке белсендіреді.

#### Әдебиеттер

1. Бодров В.А. Психологический стресс: развитие и преодоление. – М.: ПЕР СЭ. – 2006.
2. Александрова Ю. И. Психофизиология. СПб «Питер», 2006
3. Мұхаммед пен Рашид Әл Мактум. Бақыт пен позитивтілік туралы ойлар. «Эксплорер» баспасы, 2017 ж.

## OLYMPIC EDUCATION IS PROVIDED IN MONGOLIA CURRENT SURVEY

Altankhuu Ankhtuya – Teacher of “Avarga” university of Mongolia

**Summary:** As the social and economic conditions of the countries of the world gradually become closer and closer to globalization, their common cultural and sports relations continue to expand and deepen.

The main driving force of international culture and cooperation is the idea of Olympism and the International Olympic Movement. Therefore, this noble international relationship and cooperation – the deep study and dissemination of the Olympic idea from its inception and development – is still one of the most pressing issues in each country.

One of the most important aspects of disseminating the idea of Olympism is to teach and educate the youth of each country about "Olympic education" and to implement it in their lives, ideas and activities.

Therefore, in this article, we will discuss the process of inheriting and disseminating international experience and methods of providing Olympic education to children and youth, and the further development of Mongolian secondary schools, universities, the Mongolian National Olympic Committee, and the Mongolian Physical Education and Sports. to study and identify within organizations.

**Key words:** international., Olympism., Ideas., Olympic movement., Olympic charter., Ethics., Way of life., Curriculum.

**Relevance:** The development of the Olympic movement, its regularity, and the scientific study of Olympic education is still attracting the attention of scholars in many countries.

The goal of the Olympics is to involve sports in all aspects of human development.

The International Olympic Charter states: “Olympism is a philosophy of life with a mission that respects and regulates the unity of the human body, courage and mind. Olympism, which combines sports with culture and education, seeks to adopt a way of life that respects the results of education, the example of goodness, and the basic principles of morality that are the basis of human happiness.”<sup>1</sup> he said.

The issue of Olympic education was first discussed in 1968 by the Italian scientist S.Favra, in connection with the activities of the International Olympic Movement. Since then, scholars from Germany, Austria, France, Greece, the Russian Federation, and Canada, as well as Pierre de Coubertin, the founder of the modern Olympic movement, have developed and promoted the Olympic movement's concept of educating people.

The term "Olympic education" first appeared in the 1970s in the field of education and Olympic studies. The first Olympic education program was developed and implemented in 1972 during the Olympic Games in Munich, Germany. <sup>1</sup>Olympic Charter S.Jamts (trans.) Ulaanbaatar, 1999. p. 7.

**Research progress and results:** Today, developed countries, especially Australia, Canada, Estonia, France, the United Kingdom, Poland, Singapore, Slovenia, Turkey, Kazakhstan, and Ukraine, provide Olympic education under the auspices of their Olympic Committees. It also actively promotes Olympic education among adolescents and young people with curricula tailored to the specifics of the country<sup>2</sup>.

For example, we are interested in Canada, which has a climate similar to that of Mongolia.

- Support sports activities
- Preparing the successor to the Canadian Olympic team
- It aims to promote a healthy lifestyle among young people.

The approach to Olympic education is as follows: Free online training for Canadian primary and secondary school teachers and curricula are available in English and French. The key approach is to build the program's self-confidence. The program is accessible to all faculty, students and other stakeholders, all sources, and a registration form must be completed, which is open to everyone. In this program:

- Olympic history
- Video of competitions
- Audio files

- Picture
- Reports and interviews
- Includes library.

A study of the provision of “Olympic education” to adolescents and young people in Mongolia shows that the work started relatively late and was completed quickly.

For example, at the 1995 session of the Mongolian National Olympic Committee, “On further intensification of the Mongolian National Olympic Committee” Vice President S.Jamts, According to “Once again, based on the experience of the International National Olympic Committees, it is important to organize Olympic education for Mongolian youth at all levels of education, culture, physical education and sports, and to establish the Mongolian National Olympic Academy.” was raised.

Among the activities that implemented the decisions of the Forum were the establishment of the Mongolian National Olympic Academy under the auspices of the Mongolian National Olympic Committee in May 1995, and the President of the International Olympic Committee, Sh.Magvan, Secretary General of the Mongolian National Olympic Committee. B.Gansukh were appointed.

In addition, the Mongolian National Olympic Committee has issued guidelines for the establishment of an “Olympic Council” to promote the Olympic movement in all aimags and cities of Mongolia, and to provide them with guidance, advice, and promotional materials, has designed a wide range of work to ensure<sup>3</sup>.

There are many good examples of the fact that these organizational and initiative activities are yielding results in all areas of education, culture, physical culture and sports in Mongolia today, and dozens of activities that can be experienced nationwide are being implemented in sports and Olympics.

There are many works in Mongolia that have played an important role in the development of Olympism and the Olympic movement, including one that is small in size and important in terms of content. This is Professor S. Jamts “Olympic Education” curriculum developed by and supported by the <sup>2</sup>www.olympic.org, <sup>3</sup>Archive materials of the Mongolian National Olympic Committee. / 1994 – 1995/

Mongolian National Olympic Committee and the Mongolian Normal University. This 44-page booklet is intended for university and college students, secondary school students, physical education and sports human resources universities, physical education and sports organizations, teachers and coaches, and the history and environment of the International Olympic Movement. For those who are interested in the development of the Olympics, it is unique in that it considers not only Olympic education, but also the specifics of teaching related to them.

This “Olympic Education” booklet, which was developed for the first time in Mongolia, covers the curriculum, curriculum structure, content, course format, time allocation, training goals and objectives, current status, process and methodological features related to training technology development, and their quality justifies the rationale. The content of the program describes in detail the key issues of developing lectures and conducting lessons on each topic. The sports community and experts appreciated the uniqueness and importance of the seminars and workshops by instructing on important issues of interviews, debates, and independent study, and providing abstract topics and methodological recommendations for writing them.

Commenting on the goals and objectives of the “Olympic Education” curriculum, the author writes, “The purpose of Olympic education is to comprehensively study and develop the historical development of the Olympic movement, its patterns, Olympic sports, and all aspects of personal development. Olympic education is an integral part of a healthy lifestyle. In the broadest sense, Olympic education is a personal need to know the laws of world sports development.”<sup>4</sup> The purpose and values of Olympic education are briefly described.

The number of children and young people interested in developing sports around the world is growing, and many Olympic, continental and world champions are being born. In light of these trends and needs in our society, we have looked at some of the steps being taken to provide Olympic education to young people in a systematic way, and how the curriculum in this area is being implemented and disseminated.

The Mongolian National Olympic Committee and the Mongolian National Olympic Academy have published a sample handbook entitled “Olympic Education” in the school's physical education curriculum. The booklet contains information on the ancient Olympic Games, the renaissance of the modern Olympic movement, the organization of the Olympic Games, the IOC and its activities, and the participation of Mongolian athletes in the Olympic Games<sup>5</sup>.

The multifaceted work of Olympic education in Mongolia can be seen in the work report of the Mongolian National Olympic Committee and some of the activities they organize. This time, we were interested in how Olympic education is being disseminated through physical education classes to students at professional sports universities and secondary schools.

<sup>4</sup>.Jamts.S (2002). Olympic education. Curriculum. Ulaanbaatar. p.5.

<sup>5</sup>.J.Baasankhuu, Ts.Tsend-Ayush (2010). "Olympic education" Ulaanbaatar. p.4,6.


Table 1 – Within the content of physical education training in secondary schools Topics for Olympic education

Content	Class VI	Class VII	Class VIII	Class IX	Class XI	Class XII
Concepts	Gain an overview of the Olympic Games	Types that were included in the ancient Olympic program.	Types included in the modern Summer Olympics program	Types included in the modern Winter Olympics program	Symbols and slogans of the Olympic Games	Mongolian athletes who have achieved success in modern sports in the world

Vocational universities provide Olympic education knowledge and skills in Sports history and Sports management.


**Ways to get Olympic education:** We believe that the development of the Olympic movement should begin with the training of professional personnel and the provision of Olympic education to students and citizens. Public and private physical education universities play a key role in training professionals. An example of this is the Special Training School established at the “Avarga” Institute of Mongolia, which selects talented children for sports, prepares them as Olympic reserve athletes, and promotes the Olympic spirit to them.

How and by whom will Olympic education be provided? The problem is defined by the following diagram. We are all Olympic educators, although this map highlights certain professions and others.



Picture 1 – How to deliver Olympic education to whom


**Features of Olympic education**




Picture 2 – A map of what to look for in an Olympic education



**From physical education teachers and methodologists:** A total of 254 teachers and methodologists participated in a survey on how the goal of Olympic education in physical education is being addressed. According to the survey, 97.1 percent of the respondents suggested “having an Olympic education program” and 2.9 percent suggested “increasing the number of Olympic education classes” in physical education. This shows that our physical education teachers are not well acquainted with the previous books and training programs and have little initiative./Picture–3. /



Picture 3 – Suggestions on how to implement Olympic education




Picture 4 – Which class is best to start Olympic education?

14.3% of the respondents were from 1st grade, 2.9% from 2nd grade, 11.4% from 3rd grade, 20.0% from 4th grade, 22.9% from 5th grade, and 25.7% from 6th grade. 2.9% answered from 10th grade.

From the above research, it can be seen that we need to pay attention to the following issues. These include:

- Increase the time allotted for Olympic education in physical education
- Provide knowledge as an independent subject
- Start Olympic education from the 6th grade of high school.
- There is a need to focus on the use of modern technology to improve the Olympic education of physical education teachers and other professionals.

**A total of 250 students from the University of Physical Education and Sports participated in the survey and received the following answers:** 34 percent of the respondents said that improving the environment and efficiency of the Olympic Hall, and 62 percent from the classroom to improve the activities related to the outdoor Olympics., 4% suggested that new information about the Olympics be provided in a timely manner. / Picture – 5./



Picture 5 – Research on the activities of the school's Olympic hall

The findings of these studies are important in summarizing the current state of Olympic education and development in Mongolia and in determining the direction for further development of Olympic education in the country.

## CONCLUSION

It is commendable that Olympic education has been initiated in Mongolia in many ways. However, research shows that training, information and advocacy, which have not been sufficiently effective in taking advantage of opportunities, are not being carried out evenly at all levels. Therefore:

1. Based on the valuable initiatives of the research participants, it is necessary to organize capacity building activities, training seminars, internships and internships for teachers and methodologists on a regular basis.
2. There is still a need for the Ministry of Education and Science to pay attention to the issue of Olympic education for adolescents and young people and to include it in the curricula of all levels of schools.
3. To train and increase the number of teachers and lecturers who will teach “Olympic education”.
4. Methods for intensifying cooperation and mutual assistance between the Mongolian National Olympic Committee, the Mongolian National Olympic Academy, the Olympic Councils, and the Olympic Chambers based on the human resources, culture, education, training materials and materials available at the current level to provide Olympic education to the youth implement the amount.
5. Concluded that Mongolia needs to learn from the rich experience of the International National Olympic Committees and spread the word.

## References

1. Baasankhuu J, Tsend-Ayush Ts, in Olympic education. Ulaanbaatar. 2010.
2. Jamts S., Olympic education. Curriculum. Ulaanbaatar 2002.
3. Magvan Sh., Eternal fire. Ulaanbaatar. 1995.
4. Magvan Sh., Olympic history, series 1, Ulaanbaatar. 2001.
5. Magvan Sh., Olympic history, series 3, Ulaanbaatar. 2001.

6. Magsar S., from Athens to Athens. Ulaanbaatar. 2008.
7. Archive materials of the Mongolian National Olympic Committee. / 1994 – 1996 he.
8. Jamts S., Olympic Charter. (approx.) Ulaanbaatar 1999.
9. www.olympic.org

## 5-8 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚОСЫМША БЛІМ БЕРУДЕ САДАҚ АТУ ДАҒДЫЛАРЫН ЕНГІЗУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

Сагандыков Е.С., Сагындыков А.Г., Усинова Ж.А.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,  
дене шынықтыру, спорт және туризм факультеті, Павлодар қаласы.

**Аңдатпа.** Еліміздің рухани жаңғыруы жағдайында, ұрпағымызға патриоттық тәрбие беру, оның ішінде жауынгершілік рухын көтеруі үшін ұлттық ойындарымыздың алатын орын ерекше. Соның бірі, қадым заманынан бері көшпелілердің нығынан түспеген, қазақтың дәстүр-салтымен біте қайнасқан мұра – садақ. Қазақ тарихында оқ пен жебені жанына серік етіп, құралайды көзге атқан мергендер әр заманда болған. Бірі адырнасын сайлап, аңға шықса, екіншілері соғыста жаудың бетін қайтарған. Алайда XXI ғасырда садақ атудан қазақ жастарының айы оңынан туар емес. Ұсынылып отырған әдістемелік құрал осы мәселеге негізделіп жазылған.

### PEDAGOGICAL APPROACHER IN THE IMPLEMENTTATIN PROOCESS OF ARCHERY SKILLS FOR 5-8 GRADE STUDENTS AS PART OF SUPPLEMENRAL EDUCATIN

Sagandykov E.S., Sagyndykov A.G., Usinova Zh.A.  
Pavlodar State Pedagogical University,  
faculty of Physical Education, Sports and Tourism, Pavlodar city, Kazakhstan

**Annotation.** In the context of the spiritual revival of our country, our national games have a special place in the patriotic upbringing of our generation, including the spirit of fight. One of them is the bow, which has been on the shoulders of nomads since ancient times and is steeped in Kazakh traditions. In Kazakh history, there have always been snipers who used bullets and arrows to accompany them. One chose to hunt and hunt, while the other turned his back on the enemy in battle. However, in the XXI century, the month of Kazakh youth in archery is not positive. Theь proposedmanualisbasedonthisissue.

«Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әр алуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек!» деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде айтқан екен. Мемлекет басшысы осындай жолдауларымен бастамашы топтарды қолдап жатқанда, біз тартынып қалмақ емеспіз. Ұлттық мәдени игілігімізді жаңғырту жолында аянбай тер төгуге әзірміз. Осы мақсаттың желеуімен, біз садақ ату өнерінің ұлттық-танымдық сипатын ашуды жөн көрдік [1].

Садақ – қарудың ең көне түрлерінің бірі. Біздің алғашқы ата-бабаларымыз оны аң аулау немесе жаулардан қорғау үшін пайдаланған. Атыс қаруының ойлап табылғаннан бастап садақ ату спорт өнері ретінде таныла бастады. Бүгінде ол олимпиадалық спорт түрі мәртебесіне ие. Садақ ату – мергендік спортының бір түрі. 1900 жылдан бастап жазғы Олимпиада ойындарының тізіміне кірген [2].

Ежелден адамзат жаңа білімдерді алуға әрқашанда ұмтылғаны белгілі. Тіршілік құпияларын меңгеру – адамзаттың ұлы мақтанышы болып табылатын ақылдың шығармашылық белсенділігіне жоғары ұмтылыстарының көрінісі. Өзінің мың жылдық дамуында ол болмыстың мәніне үнілудің және шектеуліден жан-жақты шындыққа жетудің ұзақ және күрделі жолынан өтті. Бұл жолда көптеген айғақтар, табиғаттың, қоғамдық өмір мен адамның өзінің қасиеттері және заңдары ашылды. Әлемнің суреттемесі өзгерді. Қазіргі уақытта адамзат білімі аса бай және күрделі жүйені құрайды және оның ұрпақтан-ұрпаққа, бір елден екінші елге таралуы тез жүзеге асырылады.

Садақ ату өнеріндегі танымдық белсенділіктің құрылымында жеке тұлғаның сапасы төмендегідей компоненттермен ерекшеленеді: тапсырмаларды орындауға дайындық; өзіндік іс-әрекетке ұмтылуы; тапсырма орындаудағы саналылық; жүйелілігі, өзінің тұлғалық деңгейін көтеруге ұмтылысы және т.б.

Садақ ату өнері кезіндегі мергеннің бойында осындай танымдық белсенділіктер болуы, оның іс-әрекетін нәтижеге бағыттайды.

Неше ондаған ғасырлар бойы көшпенділік салтпен өмір сүрген ата-бабаларымыз табиғат аясында, ен жайлау, кең қыстауда көшіп қонып жүріп, өздеріне оңтайлы өмір сүрудің сан түрлі тәсілдерін ойлап тапқан. Үздіксіз дамытып отырған. Қазақ халқы сол далалық дәстүрдің негізінде адамды таңқалдырар

алуан сипаттағы шеберлік тәсілдерді пайдалана отырып, өздеріне ғана тән кәсіптік энциклопедиясын қалыптастырған.

Ертедегі адамдардың осыдан 1 миллион жыл ілгеріде Қазақстан жерінде өмір сүргенін ғалымдар айтады. Ендеше, жеріміздегі ең ежелгі кәсіп түрі болып сол замандардағы тобыр болып жабайы аңдарды аулау, терімшілік, балықшылық жатады.

Қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ақын және жазушы Сәкен Сейфуллин «Ақсақ киік» өлеңінде :

Жалғыз-ақ ел жылында көшіп өтер,  
Асығып қар суымен «несіп етер».

Қаптасып, көшкен елмен дамыл алмай,

Мергендер аң ауласып кәсіп етер, – деп қазақ халқында ертеде мергендікті кәсіп ретінде танығанын айқындап кетеді.

Сонынмен қатар, ол садақ атушының, яғни мергеннің сауатының болуы, көзінің ашықтығы, білімінің болуы қажет екенінде мына өлең жолында тілге тиек еткен:

Мергендер дамыл алмай киікті атқан,

Ауылды қан сасытып топырлатқан.

Киікті ойлай ма екен таусылар деп,

Азайып бірте-бірте келе жатқан!..

Бетпақтың көкпек, жусан, шөбі сұйық,

Сол шөпті қорек қылған байғұс киік.

Таңы – аппақ, екі көзі мөлдір қара,

Тигендей емес адам көзі қиып.

Киікті қазақ және дейді бөкен,

Бетпақты бұл бейшара қылған мекен.

Бөкенді атып мерген өлтіргенде,

Жазасыз жан өлді деп ойлай ма екен?

Бұл өлең жолында мергеннің білімінің таяздығына, оны қасиетті жануар екенінен мергеннің ескермеуі туралы баяндайды. Осыдан, келе мергенге танымдық білімінің болуы қажет екенінің тағы да бір дәлелі болады.

Садаққа қыстырды Адақ үш қырлы оқты,

Бісқыртты шіреп енді аспан-көкті.

Атқан оқ орамалдың қадасына

Сақ етіп, тас жаңғыртып, барып соқты.

Үшқырлы оқ дал-дал қылған манақұсты,

Шіреніп сілтеген соң қайрап тісті.

Оталған қурайдай көк шалғыменен,

Қада мен орамалды жұлып түсті.

Адақтың оғы өзгеден үшқыр ұшты,

Қостілді, жасыл құрыш, үшкір үшті.

Басына "Окжетпестің" оқ жеткізіп,

Өзгеден үздік болды – күш құрышты.

Қада ұшты орамалмен шыңнан жерге,

Тигендей ауыр құрыш үшқыр ұшы.

Оқпенен ілдіргенде орамалды,

Қанғандай болды әскердің іш құрышы.

Бұл жерден, мергеннің нысанаға дәл тигізгенінен елдің көңілі жай тапқандығы, оның мергендік өнерінің мықтылығы суреттеледі. Сонымен қоса, Адақтың үшқырлы садақтың жебесімен, оның көздеу алдындағы айындығы, тістенуі мен жігерленуі және мақсат қоюын көре аламыз.

Мергеннің танымы мен қарапайымдылығын мына өлең жолынан аңғаруға болады:

Шуласты, Адақты қол мыңға балар,

Қамалап қошамет қып жатыр талап.

Қызулап төбесіне көтерісті,

Құрметтеп, айқайласып, "көп жасалап".

Адақты қамап жатыр құттықтасып,

Жапырлап, кезек-кезек ұтықтасып.

Жай күліп Адақ тұрды бәйгені ұтып,

Өңгі емес секіретін асып-тасып [3].


Махамбет Өтемісұлының «Бірсіндеп садақ асынбай» өлеңінде:

Бірсіндеп садақ асынбай,  
Біріндеп жауды қашырмай,  
Білтеліге доп салмай,  
Қорамсаққа қол салмай,  
Қозы жауырын оқ алмай,  
Атқан оғы жоғалмай,  
Балдағы алтын құрыш болат,  
Балдағынан қанға боялмай,  
Асыл туған ер жігіт,  
Түсінен шошып оянбай.  
Қарындасқа қанды көбік жұтқызып,  
Халыққа тентек атанбай.  
Үйде отырған жігітке,  
Теп-тегін атақ болар ма?!

Бұл өлеңде садақ ату өнерінің батырлық, ержүректік, жігіттік намыс деген ұғымдармен байланыстырады. Өйткені, садақ ату өнерін жігіттікке тән қасиет деп сипаттайды [4].

Садақ атушының танымдық белсенділігі қазақ ертегілерінен де байқалады. «Құламерген» ертегісінде Құламергенді мыстаннан құтқаруы, оның әкесінің даналығы мен көрегендігін әкесі «Сен астыңдағы атыңмен қашып кет, сенің қайда кеткеніңді біз айтпалық, сөйтіп жүргенде сен ұзап кетесің. Егер мыстан кемпір сені бір жерден қуып жететін болса, сен мыстан кемпірдің сол көзінен ат, әйтпесе, құламайды, осыны орында», – деген сөзінен байқауға болады. Үлкеннің берген ақылына, кеңесіне құлақ түріп, әкесінің айтқанындай, мыстанның сол көзінен атып, Мыстан кемпір жерге құлатып, өлтіреді. Бұл жерден мергеннің дәл көздегендігі мен ептілігін аңғарамыз.

Қазақ халқының мақал-мәтелдерінде де мергендік өнер туралы, садақ ату туралы көп айтылған. Оның ішінде мергеннің жеке қасиеттері, ептілігі мен епсіздігі, ақылдылығы, танымдық қасиеттері туралы айтылады. Сонымен қатар, мергендік өнерді кәсіп ретінде де қарастырады (1-сурет).



1-сурет – Мергендік, садақ ату өнері туралы мақал-мәтелдер

Ұлттық ойындар – мергендік қасиеттерді дамыту құралы ретінде. Мергендік қасиеттерді дамытуда, қазақ халқындағы бала тәрбиесінде елеулі орын алатын ұлттық ойын – асық атудың мәнісі зор. Асық ату – көшпелі халықтардың, әсіресе, қазақ ұлтының ежелгі кезден келе жатқан ойыны. Жалпы балалардың ойыны болып есептелсе де, оның басқа түрі болмағандықтан ба, әлде өзінің қызықтығынан ба, бірақ оны ағы да, қарасы да, үлкені де, жасы да, батыры да, биі де ойнаған. Соған байланысты оның түрі де көп – далада ойнайтын түрлері, үйде ойнайтын түрлері. Асық ату бұл негізінен ауыл балаларының сүйікті ойыны десек, қателеспейміз. Біріншіден, ол бірін-бірі достасу-

сыйласуға, бірін-бірі қадірлеуге, ұйымшылдыққа, тәртіпке үйретсе, екіншіден көз мергендігіне, қол мергендігіне үйреткен.

Бұл ойын мазмұны жағынан ұтыс ойыны тобына жатады. Қазіргі ауыл және қала балаларының ойнап жүргені «асық ату» ойыны балалардың тез қимылдауын қалайды. Мергендігін арттырады, дәлдікке, есепке үйретеді.

Қазақ баласының есепке жүйріктігі, ептілігі, міне, осындай ойындарды ойнаудан қалыптасқан. Бір нәрсенің дайын екенін білдіретін «сақадай сай» сөз тіркесі де бар. Яғни мергендік қасиеттерді қалыптастыруда бұл ойынның орны зор. Өйткені мергеннің сақадай сай болуы, ойлау қабілеті, ұлттық танымы, ептілігі, жігерлігі, қимыл-қозғалысының шапшаңдығы, ұқыптылығы осыдан қалыптасады [5].

Жамбы ату – қазақ халқында кең тараған мергендік сынның бір түрі. Ұланғайыр жерімізді батыр аталарымыздың сақтап қалуына себеп болған астындағы желдей ескен сәйгүлігі мен сенімді қаруы болған садағы. Бұл екі мұра, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі еліміздің тәуелсіздік алған күніне де жетті. 70 жыл өмір сүрген Кеңес үкіметінің тұсында ұмыттырылған бұл ойынымызды Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт түрлері Қауымдастығы қайта жаңғырта бастады. Ежелде жамбы атудың бірнеше түрлері болған. Солардың ішінде көп тараған түрі тай-тұяқ (көлемі тай тұяғындай) жамбыны ату. Мұнда, жамбы ату жарысы көлемі 300 метрге дейін келетін жазық алаңда өтеді. Мәреден 100 метр қашықтыққа орналасқан биіктігі 3–4 метр келетін бағанаға көлемі тайдың тұяғындай жамбы орналастырылады. Жамбыны спортшы ат үстінде шауып келе жатып көздейді. Егер атының басын тежеп көздесе ұпай есептелмейді. Жарысқа қатысушы шабандоздар жеребеде алған кезегімен, төрешінің «Алға!» деп берген бұйрығы бойынша, арнайы жасалған жолмен шаба жөнеледі. Шауып келе жатып сол қапталындағы жамбыны тұсынан өте бере садақпен нысанаға алып атады. Оғының дарығанына, дарымағанына қарамай сол шапқан бойы мәре сызығынан өтеді. Нысана бекітілген дінгектен құлап түссе оқ тиген болып есептеліп спортшыға ұпай есептеледі. Нысана мен ат шабатын сызықтың арасы 35–45 метр шамасында болады. Жарыс кезінде әрбір спортшыға қанша рет мүмкіндік берілетіндігі алдын ала шешіліп қойылады және барлық спортшыға бірдей мүмкіндік жасалады. Жамбы атудың басқа: айқабақ, мылтықпен ату түрлері, немесе қатар-қатар қойылған бірнеше нысананы ату түрінде де болған. Бүгінгі таңда жамбы ату жарысы құзырлы органдардың бекіткен ережесі бойынша өткізіледі[6].

Жаттығу барысында садақшы келесі ұстанымдарды басшылыққа алады:

- садақ ату өнерін жетілдіру үшін өмір бойы шұғылдану қажет;
- «зиянды» болып табылмайтын, етін тамаққа жеуге болмайтын немесе киім дайындау үшін пайдаланылмайтын жануарларды атуға болмайды;
- Заңмен рұқсат етілген аң аулау кезінде ғана жануарларды атуға;
- адамдарға бағыттап атуға болмайды;
- бейтаныс жерлерде немесе өрістік жерлерде атуға болмайды;
- садақ атуға кірісу үшін ең алдымен адамда рух болуы керек.

Садақшыны жаттықтыру келесі компоненттерден тұрады:

1. дене шынықтыру дайындығы;
2. дұрыс тыныс алу;
3. дайындау және ату техникасын өңдеу;
4. садақ ату кезіндегі қауіпсіздік ережелері[7].

Ұлттық спортымыз садақ атуды «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жаңғыртып, ата-бабаларымыздан қалған мұра ретінде қабылдап, оны бүгінгі ұрпаққа жеткізу біздің алдымызда тұрған зор міндет. Осы міндетті шешу үшін жазылған осы әдістемелік құрал садақ ату өнерін жаңғыртуға өз септігін тигізеді деген ниеттеміз. Садақ атуды, мергендік өнерді үйренген жас ұрпақ жауынгершілік рухта тәрбиеленеді. Ал жауынгершілік рухта тәрбиеленген ұрпақ өз ұлтының патриотына яғни ұлт мақтанышына айналары сөзсіз. Ұлттық мақтаныш – ұлт ішіндегі жеке адам үшін мызғымас әрі қасиетті заң.

#### Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы // Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 ж.
2. Қазақстан Энциклопедиясы. 7-том. // <http://kk.encyclopedia.kz/index.php>
3. Сейфуллин С. Көкшетау: Өлеңдер мен дастандар. Алматы: Жазушы, 2003. – 192 б.
4. Махамбет. Жалған дүние : Өлеңдер. / Махамбет, [б. м.], 2003. – 137 с.
5. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан, 1991. – 176 б.
6. Куватов, А.Ж., Степанова, Н.М. Қазақтың ұлттық ойындары жастарды тәрбиелеу құралы ретінде: Оқу құралы. – Павлодар, 2008. – 61 б.

7. Тарасова Л.В. Силовая подготовка стрелков из лука на этапе углубленной тренировки. Автореф. дис. . докт. пед. наук. – М., 2006.-24с.

## БОЛАШАҚ МЕНЕДЖЕРЛЕРДІҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ КӘСІПКЕРЛІК МӘДЕНИЕТІН ДАМУ

Ералықызы Г. – ҚазҰПУ-дың магистранты, Алматы қ.  
Ғылыми жетекші: Абсатова М.А. – п.ғ.д. профессор

**Аңдатпа.** Мақаланың мақсаты мәдениет, кәсіпкерлік, кәсіби және кәсіпкерлік мәдениет ұғымдарына жалпылама тоқталып, менеджерлердің білім берудегі кәсіпкерлік мәдениетін зерттей отыра, дамыту.

**Кілт сөздер:** менеджер, кәсіпкерлік мәдениет, кәсіпкерлік мәдениетін дамыту.

### DEVELOPMENT OF ENTREPRENEURIAL CULTURE OF FUTURE EDUCATION MANAGERS

Yeralykyzy G. – Master's student of KazNPU, Almaty city.

**Annotation.** The purpose of the article is to generalize the concepts of culture, entrepreneurship, professional and entrepreneurial culture, develop and study of entrepreneurship culture of education managers.

**Key words:** manager, entrepreneurial culture, development of entrepreneurial culture.

Болашақ менеджердің кәсіпкерлік мәдениетін дамыту мәселесін тұжырымдау мен зерттеудің өзектілігі елдің даму ерекшеліктерімен, жоғары білімнің гуманистік құндылықтар мен мағыналарға бағдарлануымен байланысты.

«Кәсіпкер» термині XVIII ғасырдың басында өмір сүрген француз экономисті Ришар Кантильон арқылы енгізілді және бұл сөз қазіргі уақытқа дейін жаңа кәсіпорынды құрумен немесе қоғамға ұсынылатын жаңа идея, өнім және қызмет түрін жасап шығарумен байланысты тәуекелді өзмойнына алатын адам ұғымын білдіреді [1].

Кәсіпкерлік жұмыс нәтижесі бойынша ұжымдық әкімшілік жауапкершілікті емес, ал жеке тұлғалық экономикалық жауапкершілікті білдіреді. Менеджер табиғатына П. Друкер сипаттама берді. Оның пікірінше, менеджер арнайы екіміндетті атқарып дамытады [2].

Менеджердің бірінші міндетіне – қолда бар ресурстармен “нағыз тұтас” өндірістік бірлік құру. “Өндірістік бірлікті” құру міндетін шешу үшін менеджерге бүкіл әлсіз буындарды жою, барынша дамытуды қамтамасыз ету, ұйымдық мәселелердің барлық күшті жақтарын, бірінші кезекте адам ресурстарын пайдалану үшін тырысуына тура келеді. Кәсіпорынның күнделікті іс-әрекеті менеджердің көз алдына әрдайым елестеуі, қол жеткен нәтижелер барынша үйлестіріліп отыруы тиіс.

Менеджердің екінші міндетіне – кез келген шешімді қабылдап, іс-әрекетке кіріскенде бүгінгі талапты ескерумен қатар кәсіпорынның болашағы туралы да ойланып-толғануы да жатады. Әрбір менеджерге өзінің басқару міндетіне жатпайтын көптеген істерді атқаруына тура келеді. Алайда барлық менеджерлер үшін олардың қызмет орнына қарамастан, ортақ қызмет міндетті болады.

Кәсіпкерлік мәдениетті оның тұрақты кешенінен тұратын жеке тұлғаның субъективті сапасы ретінде қарастыруға болады. Әдіснамалық білім және өмірлік тәжірибе бизнес саласына байланысты құнды қатынастар болып табылады. Осы негізде болашақ мәдениетті жүйелі түрде анықтайтын, кәсіпкерлік мәдениеттің құндылық-семантикалық компоненті жетекші деп санауға болады. Ол мазмұнын және кәсіпкерлік қызмет саласындағы менеджерлердің әлеуметтік бағыты, сонымен қатар менеджерлер қолданатын тиімділікке әсер етеді.

Кәсіпкерлік мәдениеттің практикалық құралдары құндылық-мағыналық дамытуымен қатар белсенді коммуникативті және операциялық-тактикалық деп бөлуге болады.


Біз бірінші компоненттің мазмұнын екі негізгі компонент бойынша негіздедік: менеджердің кәсіпкерлік қызмет пен қалыптасудың тар утилитарлық және әлеуметтік бағыттарын үйлестіре отырып, құндылық қатынастарының тұрақты кешені бар кәсіпкерлік мәдениеттің әдістемелік аппараты.

Екінші, болашақ менеджерлердің кәсіпкерлік мәдениетінің белсенді және коммуникативті компоненті, менеджер дамыған рефлексияны; өзін-өзі талдау және өзін-өзі түзету дағдыларын танып жан-жақты қамтиды.

Үшінші, оперативті-тактикалық компонент экономикалық басқаруда болашақ менеджерлердің кең хабардарлығын және оған іргелес жатқан ғылым салалары; кеңейтілген ақпаратқа ие болу технологиялары; құқықтық және іскери құжаттамадағы жұмыс тәжірибесі жатады.

Болашақ менеджердің кәсіпкерлік мәдениеті – бұл болашақ менеджерлердің әртүрлі функциялар туралы хабардар болуымен көрінетін интегративті жиынтығы. Жоғары оқу орнындағы білім беру процесінің ақпараттық-білім беру және қызметтік-практикалық компоненттерін пайдалана отырып, негізгі жобаларды әзірлеу және іске асыру қабілеті болып табылады. Менеджмент – адамдардың қарым-қатынасының ең қолайлы тәсілі. Кез-келген жұмыстың сапалы, нәтижелі орындалуында адамдардың өзара қарым-қатынастарының алатын орны ерекше. Менеджмент жүйесінде маманға аса қажетті сапалар: адамдарға деген сүйіспеншілік; маманның кәсіби сана сезімі мен жауапкершілігі; маманның өзін-өзі әрдайым жетілдіруге дайындығы; әділдік; эмпатия; тілектестік; ынталылық; ашықтық.

В.И.Андреев даму мен өзін-өзі дамыту процесінің 2 ерекшелігін атап өтеді: тұлғаның өзгерісі сырттан емес, оның өзіне-өзінің ішкі мақсатқа бағытталған әсерінен болады; өзгерістер тек қана мотивте, интеллектуалды, эмоционалды аймақта ғана болмайды, сондай-ақ, барлық «өзіндік» процестерде жүреді: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі басқару (1-сурет) [3].



Сурет-1 – Тұлғаның өзін-өзі басқа алу сапалары

Кәсіпкерлік мәдениет тұтас мәдениет ретінде қарастырылады. Оның тұтастығына қоғамның барлық салаларында әсер ететін өзара байланысты өлшемдер арқылы қол жеткізіледі.

1. Субмәдениетін қалыптастыратын кәсіпкерлердің әлеуметтік қауымдастығы.

2. Кәсіпкерлік қызмет белгілі бір қызмет түрі ретінде сипатталады: бастамашылдық пен мақсаттарға инновация арқылы жету, тәуекелге баруға дайын болу, тәуелсіздік және жауапкершілік алу.

3. Өз іс-әрекетінде кәсіпкерлік мәдениеттің негізгі құндылықтарын мақсатты түрде жүзеге асыратын жеке субъект[4].

Сонымен қатар, кәсіпкерлік мәдениет, бір жағынан, қазіргі қоғамның жай-күйі мен дамуын бейнелесе, екінші жағынан, өзінің құндылықтар мен қатынастар жүйесіне түзету енгізеді.

Қорытындылай келе, кәсіпкерлік және кәсіпкерлік мәдениет түсініктері егіз ұғымды. Себебі, кәсіпкер болатын адам кәсіпкерлік мәдениетті сақтау тиіс. Яғни, іскерлік қарым-қатынас этикасын дұрыс ұстану керек. Кәсіпкердің шыншыл болуы – оның мағызды моральдық қасиеті болып табылады. Ол екіжүзділікке, өтірік айтуға, ырғақтарды жеке мақсаты, мансабы үшін өзгеше сипатта қарауға, түсінуге қарсы.

Сонымен қатар кәсіпкерге өзіне шектен тыс сенімді болу, қызметтеріне, бағыныштылары мен келушілерге шыдамсыздық таныту – үлкен қателік болып табылады. Қоғамдық пікірді еске ала отырып, өз-өзіне жоғары талап қоя білу кәсіпкердің өзін-өзі ұдайы жетілдіру ғана емес, өзгелерден сондай жетілуді талап ету болып табылады. Талап қоя, сұрай білу де – кәсіпкердің кәсіптік имиджін



моральдық кодексінің талаптарының бірі. Талап ету – сенім білдірумен, сыйлаумен сабақтасып жатуы қажет. Қазіргі жағдайда кәсіпкерлік мәдениет «қоғамдық түсіністікке» және «ынтымақтастық» гуманистік қағидатына бағытталған жеке мәнді мәдениеттің ерекшеліктерін өздігінен дамытуға тырысады.

Бүгінгі таңда кәсіпкер деп, иелігіндегі қажетті құралдары бар пайдалы жұмысты ұйымдастырушы адамды айтады. Бұлардың қатарына жататындар – шағын кәсіпорындар иесі, акционерлік қоғамның басқарушысы, кооперативтің жетекшісі және шаруашылық бірлестіктерінің менеджерлері немесе жалдамалы басшы. Сонымен қатар, ұлттық кәсіпкерлік мәдениет деңгейін сақтау болып табылады.

#### Әдебиеттер

1. <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-predprinimatelskoy-kultury-buduschih-menedzherov-usloviya-i-printsipy>
2. Ожерельева О. Ю. Предпринимательская культура: ценностные ориентиры и социокультурные механизмы развития в российских условиях // Историческая и социально-образовательная мысль. 2012. №2 (12). С. 178–182.
3. Лебедева А.Н. Білім берудегі менеджмент.– Алматы, 1998
4. Исаева З.А. Подготовка менеджеров образования в высшей школе.– Алматы: Қазақ ун-ті, 2005.-135с.

## РЕФЛЕКСИВТІ МӘДЕНИЕТТІҢ БОЛАШАҚ СПОРТ ПСИХОЛОГ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Белегова А.А. – PhD докторы,

Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

Байсултанова С.Ч. – Қазақ қыздар педагогикалық ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Бұл мақалада болашақ спорт психолог мамандардың рефлексивті мәдениетін қалыптастыруда рефлексия және рефлексиялық мәдениет ұғымдары анықталып, рефлексияның құрылымдық ерекшеліктері ұсынылды. Сонымен қатар, рефлексивті мәдениеттің маңызын нақтылаудағы әдістемелік міндеттер анықталды. Осы анықталған міндеттер арқылы спорт психологтарын дайындауда рефлексивті мәдениеттің алатын орнын анықтауда оқыту формаларын ұйымдастыру негіздері қарастырылды.

## THE IMPORTANCE OF REFLEXIVE CULTURE IN THE TRAINING OF FUTURE SPORTS PSYCHOLOGISTS

Belegova A. A. – Ph.D., Kazakh Academy of Sport and Tourism, Almaty, Kazakhstan

Baisultanova S.Ch. – Kazakh Women's Pedagogical National University, Almaty, Kazakhstan

**Abstract:** This article considers the concepts of reflection and reflexive culture in the formation of reflexive culture of future sports psychologists, and the structural features of reflection presented. In addition, methodological tasks in clarifying the importance of reflexive culture were identified. These identified tasks consider the basis for the organization of forms of training in determining the importance of reflexive culture in the training sports psychologists.

Еліміз үшін спорт педагогтарын даярлау процесі – білім беру жүйесінде жаңа құбылыстардың бірі және сондықтан осы бағытта мемлекет тарапынан жан-жақты зерттеу, сараптамалық жұмыстардың жүргізілуі өте аз деңгейде, осы мәселеге байланысты нақты стратегиялық құжаттардың қабылдануы өз дәрежесінде шешімін таппай отыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы дамыған мемлекет пен азаматтық қоғам құруға ұмтылыс жасалып отырған қазіргі кезде еліміз үшін оның теориялық негіздерін айқындап, нақты іс-қимыл стратегиясын жасау маңызды мәселелердің бірі. Кез келген әрекет ғылыми тұрғыда негізделіп, мақсатты, жоспарлы түрде іске асырылса ғана тиімді нәтиже беретіні анық.


Осы тұста елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» деген студент жастарға арнап оқыған лекциясында «Бүгінгі күн – талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар адамдардың уақыты» – деп атап көрсеткен болатын [1]. Бұл әрекеттерді жүзеге асырудың бірден-бір жолы – жоғары педагогикалық оқу орындарында спорт психологтарының рефлексивті мәдениетін, кәсіби деңгейін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері арқылы көтерудің, олардың өзіндік танымдық іс-әрекеттері мен құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамасы мен әдістемелік жүйесін жасау болып табылады.

Эмоциялық сезімдерді түсіну болашақ спорт психологтарына оқу-жаттықтыру процесін неғұрлым тиімді жүзеге асыруға септігін тигізеді. Түрлі себептерге (жарыс әрекеттері, оқу-жаттықтыру жиындары, маңайындағылармен дұрыс қарым-қатынас) байланысты стресстік жағдаятты басақара алу, рефлексивті мәдениетті қалыптастыруға қатысты алғашқы дерек көздері, оның себеп-салдарын нақты, уақытылы және өнімді орындалуына да мүмкіндік береді.

Заманауи әдебиеттерде «рефлексия», «рефлексиялық мәдениет» ұғымдарының жеткіліксіз зерттелуі болашақ спорт психологтарының эмоционалды жағдайларын рефлексивті дамыту бойынша практикалық әдістемелік нұсқаулардың жоқтығымен байланыстырылады.

Қазақстанда рефлексиялық мәдениетті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Б.А.Тұрғынбаева (мұғалімнің шығармашылық әлеуеті моделі мен практикалық біліктер және дағдылардың болашақ маман даярлаудағы тұғырларын айқындау) [2], Ш.Х.Құрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып оқытушыларын кәсіби даярлау) [3], Ә.С.Әмірова (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың шығармашылық іс-әрекетін арттырудағы рефлексияның маңызыдылығын) [4], А.Қ.Рысбаева (жоғары оқу орны оқытушысының әлеуметтік құзыреттілігі мен интербелсенді әдістерді оқу-тәрбие процесінде қолдануда рефлексивтің мәні мен маңызы) [5], Б.Қасқатаева (болашақ математика оқытушысының рефлексиядағы әдістемелік құзырлылығы), М.В.Семёнова (жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыруда рефлексияны қолдану) [6], С.И.Ферхо (оқытушылардың оқу процесінде рефлексияны пайдалана білу құзыреттілігі) [7], және т.б. ғалымдар зерттеген.

Рефлексия (лат.reflexio – кейінге қаралу, назар аудару) дегеніміз – субъектің өзіне және өзінің санасына назар аударуды, атап айтқанда, өзінің жеке белсенді өнімдеріне, және соның барлығына кішкене де болса қайта қарастыруды білдіреді [8]. Атап айтқанда, – дәстүрлі мағынада, – өз сана мазмұны мен ерекшеліктеріне, соның ішіне тұлғалық құрылымдар кіреді (құндылықтар, мүдде, себепшілік), ойлау қабылеті, қабылдау/сіндіру механизмдері, шешім қабылдау, эмоциялық жауап, мінез-құлық шаблондары және т.б. (1-сурет).



1-сурет – Рефлексияның құрылымдық ерекшеліктері

Психологиялық зерттеулерде, рефлексияның мағынасы екіжақты талас көруде:

- негіздері зерттеуші мен зерттеу нәтижелерін түсіну тәсілі ретінде;
- субъектінің негізгі меншік ретінде, осыған сәйкес ол өз тиімділігін тану және реттеу мүмкін болып отыр.

Жоғарыда айтылған пікірлерді басшылыққа ала отырып, біз «рефлексия», «рефлексиялық мәдениет» ұғымына мынадай анықтама береміз:

Рефлексия – жаттықтыру-спорттық әрекеттерде табыстарға қол жеткізуге және шеберлігін дамытуға ықпал ететін тұлғаның жеке бас қасиеті.

Ал, рефлексиялық мәдениет – жаттықтыру-спорттық әрекеттегі спорт психологтарының басқа индивидтер мен қауымдастық қалай қабылдайтынын, бағалайтынын ұғынудың түрі және адамның өзі туралы білім және түсінік қана емес, өзгелердің өзіне деген көзқарастарының қандай екенін анықтау.

Демек, оқу-жаттықтыру іс-әрекетіндегі рефлексияның мақсаты – оқу іс-әрекетінің компонентін, мәселені шешу жолындағы алынған нәтижені еске түсіруді, спорт психологтарының өзін-өзі тануын қамтамасыз ету. Яғни, спорт психологтары рефлексия арқылы оқу-жаттықтыру іс-әрекетінің тәсілін және мәселелерді шешу жолын түсініп, білімді меңгере алады.

Оқу-жаттықтыру іс-әрекетіндегі рефлексия – оқушыға алынған нәтижені талдауға, алдағы жұмыстың мақсатын анықтап, оған жету жолын өңдеуге көмектеседі.

Спорт психологтарының рефлексиялық мәдениеттерін жетілдіру үшін бірқатар өркениеттіліктің өлшемі, тетігі, құндылығы ретінде шығармашылық сипаттағы білімнің орны үлкен. Оны өлшем ретінде қабылдауымыздың себебі, кез келген мемлекеттің рухани да, әлеуметтік-экономикалық дәрежесі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейі мен меңгерген білім, біліктерін шығармашылықпен қолдана алуына байланысты. Себебі әлемдегі ғажайып жаңалықтарды өзі білім, білікті шығармашылық құндылық ретінде бағалаумен, оны ізгі мақсаттарға сәйкес қолданып, жаңаны табумен мүмкін болады.

Қорыта келе айтарымыз, спорт психологтарының рефлексивті мәдениеттің маңызын нақтылау үшін төмендегідей әдістемелік міндеттер орындалуы қажет:

- спорт психологтарындайрауда шығармашылық негізде білім беру ортасын дайындау;
- спорт психологтарының теориялық және әдістемелік дайындығы;
- рефлексивті мәдениетті қалыптастырудың жеке-танымдық мотивациясын арттыру;
- рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың үздіксіз, аудиториялық және аудиториядан тыс оқыту формасын байланыстыра отырып қолдану;
- рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың түрлі құрылымын (жеке, топтық, жұптық, т.б.) пайдалану;
- болашақ спорт психологтарының шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы білімді саналы меңгеруіне жағдай жасап, олардың белсенділігін арттыру;
- оқу үдерісін ұйымдастыруда инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану.

Бұл мақсаттарды орындау үшін ең алдымен болашақ спорт психологтарының теориялық білімі және әдістемелік дайындығы болуға тиіс. Ал, рефлексиялық мәдениетін қалыптастыруға талпыну үшін спорт психологтарының осы ғылымға деген қызығушылығы (мотивациясы, түрткісі) болуға тиіс. Мотивация, яғни түрткі бірден пайда болмайтыны белгілі, біртіндеп күнделікті, жүйелі ұйымдастырылған бақылаулар мен тәжірибелердің негізінде спорт психологтарының білмегендерін білігілері келіп, көрмегендерін көргісі келіп қызыға отырып, олардың нәтижесін қорытындылау деңгейіне дейін көтеріледі.

Осы арқылы спорт психологтарын дайындауда рефлексивті мәдениеттің алатын орнын анықтауда үздіксіз, аудиториялық және аудиториядан тыс оқыту формасын байланыстыра отырып қолдануға мүмкіндік туды. Логикалық бірізділікке сүйеніп құрылған аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардың түрлерінің (теориялық және тәжірибелік сабақтар; жаттығулар мен психологиялық тренингтер; психологиялық кеңес беру) байланыстылығы жүзеге асырылды.

Мұндай жұмыс түрлері үздіксіз және мақсатты түрде жүргізілгендіктен спорт психологтарының кәсіби жетілуіне үлкен әсерін тигізеді. Себебі, бұл жұмыстар педагогикалық, әдістемелік білімі мен білігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталып жүргізіледі. Дәстүрлі әдістерді де (сөздік, түсіндірмелі-көрнекілік, тәжірибе, эксперимент, бақылау және т.б.) және оқытудың инновациялық технологияларын да (мәселелік оқыту, Интертеймент әдісі, «Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» жобасының стратегиялары, т.б.) тиімді жерінде бір-бірімен байланыстыра отырып, қолдану спорт психологтарының теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай олардың ізденуіне, зерттеуіне, шығармашылықпен жұмыс орындауына жағдай туғызды.

#### Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына //Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студент жастарына арнап оқыған лекциясы. – Астана, 2014.
2. Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. Монография. – Алматы, Полиграф-Сервис баспаханасы 2012 ж 20 б/т 315 бет.
3. Құманалина Ш.Х. Педагогика /Оқу құралы.-Атырау, 2010.-127 б.
4. Әмірова Ә.С. Оқушы шығармашылығының теориясы мен практикасы Монография-Алматы-2018. 382б.
5. Рысбаева А.Қ. Табыстылық-педагогикалық категория //Жоғары мектеп.-Алматы, №3(21) 2010.
6. Қасқатаева Б. Интерактивті оқыту әдістерін қолданудың ерекшеліктері //Хабаршы.-Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, №1 (116).-2017-149-153 б.
7. Семёнова М.В. Психология труда и профессионального развития учителя.-М.:Академия, 2004.-320 с.
8. Белегова Ә.А. Актуальные проблемы формирования рефлексивной культуры студентов //Наука и практика в решении стратегически и тактических задач устойчивого развития России. – СПб, 30-31 января 2019. – С. 56-61.

## ӘРТҮРЛІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТОПТАҒЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Жансерік Е.** – 2 курс магистранты, Қазақ спорт және туризм академиясы  
**Иргебаев М.И.** – PhD докторы, Қазақ спорт және туризм академиясы  
**Абдикеримов Н.А.** – Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжінің дене шынықтыру мұғалімі  
**Зауренбеков Б.З.** – PhD докторы, Қазақ спорт және туризм академиясы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жалпы білім беретін мектептерде медициналық топтардағы оқушылардың дене тәрбиесін ұйымдастыру және тиімді өткізу жолдары қарастырылған. Авторлар әртүрлі медициналық топтағы оқушылармен дене шынықтыру тәжірибелік сабағын ұйымдастыру және өткізу әдістемесін жасау, теориялық және эксперименттік негіздеуді мақсат еткен.

Қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін еліміздің дене мәдениеті және спорт саласында, денсаулық сақтау саласында жазылған ғылыми еңбектері оқылып талданған. Мектептерде медициналық топтардағы оқушылардың дене шынықтыру сабағын тиімді ұйымдастыру жолдары ұсынылды.

**Тірек сөздер:** дене қасиеті, медициналық топ, дене шынықтыру, сауықтыру, спорттық жаттығу.

### METHODS OF ORGANIZING AND CONDUCTING PHYSICAL EDUCATION CLASSES WITH STUDENTS OF VARIOUS MEDICAL GROUPS

**Zhanserik E.** – 2nd year master's student, Kazakh Academy of Sport and Tourism, Almaty, Kazakhstan  
**Irgebayev M.I.** – Ph.D., Kazakh Academy of Sport and Tourism, Almaty, Kazakhstan  
**Abdikirimov N.A.** – Physical education teacher of Almaty College of construction and folk crafts  
**Zaurenbekov B.Z.** – Ph.D., Kazakh Academy of Sport and Tourism, Almaty, Kazakhstan

**Annotation.** This article discusses ways to organize and effectively conduct physical education of students in medical groups in general education schools. The aim of the authors is to develop, theoretical and experimental substantiation of methods for organizing and conducting practical physical education classes with students of various medical groups.

To achieve this goal, we read and analyzed scientific works written in the field of physical culture and sports, and the country's health care. Ways to effectively organize physical education classes for students in medical groups in schools were proposed.

**Key words:** physical properties, Medical Group, Physical Culture, wellness, sports training.

**Кіріспе.** Дәстүрлі дене шынықтыру сабақтарында жиі кездесетін белгілі бір нормативті дене пішінге ұмтылу-бұл жаттығуға әсер болатын нысан ретінде денеге деген көзқарастың салдары. Алайда, қазіргі уақытта денсаулығына байланысты арнайы медициналық бөлімге жатқызылған оқушылар саны тұрақты өсуде, олардың арасында мектепте дене шынықтыру сабақтарына қатыспағандары да бар. Оқушылардың осы санатынан дене дайындығының белгілі бір деңгейіне жетуді және сынақ стандарттарын орындауды талап ету әрқашан заңды бола бермейді. Арнайы медициналық бөлімдердегі сабақтар айқын білім беру және сауықтыру бағытына ие болуы керек; оқушылардың қозғалтқыш мүмкіндігін кеңейтуге, өз денесінің тартымды бейнесін жасауға және нәтижесінде «мен» деген жағымды бейнесін жасауға ықпал ету [1].

Арнайы медициналық бөлімнің оқушыларымен жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, бұл міндеттерді дене шынықтыру сабақтарында сауықтыру әдістері: аэробика, жүзу және басқаларды қолдана отырып сәтті шешуге болады.

Дене шынықтыру сабақтарындағы сауықтыру формасының стратегиясы оқушының жеке белсенділігі оның денсаулығы мен дене жетілуіне қамқорлық жасауға, тіршілік ету ортасы мен бүкіл өмір салтын жақсартуға, сондай-ақ зиянды әдеттерді жоюға және енгізуге бағытталған. Дене шынықтыру жеке мәдениеттің ажырамас элементі, салауатты өмір салтының қуатты алғышарты бола отырып, дене шынықтыруды арттыруға, денсаулықты жақсартуға ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде және оқу процесінде адамның мінез-құлқына да әсер етеді [2].

Оқушылардың денсаулығы, оны сақтау және нығайту – еліміздің жоғары оқу орындарының алдында тұрған басым міндеттердің бірі. Бұл мәселені шешу аурулардың алдын алудың тиімді тәсілдерін іске асыруға және оқушыларды сауықтыру дене шынықтыру құралдарымен оңалтуға бағытталған дене шынықтыруды оқытудың сауықтыру нысандарын енгізуді талап етеді. Осыған байланысты осы жұмыстың таңдалған тақырыбы өзекті болып табылады.

**Зерттеу нысаны** – медициналық топтағы оқушылардың дене тәрбиесі үдерісі.

**Зерттеу пәні** – медициналық топтағы оқушыларымен дене шынықтыру сабақтарының әдістемесі.

**Зерттеу мақсаты:** әртүрлі медициналық топтағы оқушылармен дене шынықтыру тәжірибелік сабағын ұйымдастыру және өткізу әдістемесін жасау, теориялық және эксперименттік негіздеу.

### **Міндеттері:**

1. Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік және оқу әдебиеттерін талдау, медициналық топтың оқушыларымен дене шынықтыру сабақтарының ерекшеліктерін зерттеу.

2. Медициналық тобының оқушыларымен дене шынықтыру сабақтарының әдістемесін таңдау.

3. Медициналық тобының оқушыларымен дене шынықтыру бойынша әзірленген әдістеменің тиімділігін негіздеу (аралас топтар мысалында).

Қойылған міндеттерді шешу үшін келесі **зерттеу әдістері** қолданылды: Ғылыми-әдістемелік әдебиеттер деректерін теориялық талдау. Педагогикалық бақылау, педагогикалық тестілеу (икемділік тесті; қолды жатып тіреп бұғу-жазу; арқада жатып денені көтеру; орнынан ұзындыққа секіру). Медициналық-биологиялық эксперимент (өсу, масса, қан қысымы (АҚ), жүрек соғу жиілігі (ЖСЖ). Математикалық статистика әдістері

### **Зерттеу нәтижелері мен сараптамасы.**

Ғылыми-зерттеу жұмысын талдау негізінде әртүрлі аурулары бар арнайы медициналық топтың оқушылары үшін дене шынықтыру сабақтарының әдістемесі таңдалды.

Арнайы медициналық топ оқушыларына арналған дене шынықтыру сабақтары 136 сағаттан тұрады (теориялық, практикалық және бақылау бөлімдерін қоса).

Эксперименталдық топ аптасына 2 рет сабақ өтті. Бір сабақтың ұзақтығы – 40 минут. Дене шынықтыру сабақтары дайындық (10-15 мин.), негізгі (15-20 мин.) және қорытынды (5-10 мин.) бөлімдерінен құралды.

Сабақтың дайындық бөлімінде қарапайым жаттығулар қолданылды, негізінен кішкентай және орта бұлшықет топтары үшін: аятың ұшымен, қолды жын жыққа серпи өкшемен, жартылай отырып жүру, спорттық жүріс, жүгіру. Сабақтың бұл бөлігінде жалпы дамыту жаттығулары да қолданылды: саусақтар мен қолдарға арналған жаттығулар, Алға, бүйірге иілу, денені бұру және айналдыру, артқы бұлшықеттерді дамыту және нығайту, аяқ бұлшықеттерін дамыту және нығайту жаттығулары, заттармен жаттығулар (таяқтармен, гантельдермен, арқанмен).

Сабақтың негізгі бөлігінде біз әр түрлі ауруларға арналған жалпы дамыту және арнайы жаттығулар кешендерін қолданатын жеке топтық әдісті қолдандық. Жалпы дамыту жаттығулары барлық бұлшықет топтарына бағытталған, топтық әдіспен орындалды. Кешендегі жаттығулар саны 12-15. Әр жаттығу 8-10 рет қайталанды. Жаттығулардың жеке кешендері белгілі бір ауру кезінде жеке орындалды. «Шалқасынан жатып», «іштен жатып», «оң (сол) бүйірден жатып», «отырып», «төртаяқтап тұрып», «тізеде тіреліп тұрып» қалпында жаттығулар қолданылды. Барлық аурулар үшін қатты шайқау, баспен тұру, ауыр көтеру, қарқынды жүгіру, секіру және жартылай секіру сияқты жаттығулар ұсынылмайды. Жаттығулар ырғақты, тыныш, орташа қарқынмен орындалды. Әр жаттығу 6-8-10 рет қайталанды. Кешендегі жаттығулар саны 5 -12 және одан көп.

Негізгі бөлімнің соңында тепе-теңдік, зейін, үйлестіру, жылдамдық жаттығулары ойын түрінде енгізілді.

Сабақтың соңғы бөлімінде релаксация жаттығулары, тыныш қарқынмен ойындар, тыныс алу жаттығулары қолданылды. Тыныс алу жаттығулары дұрыс тыныс алу дағдыларын үйрету, дене белсенділігін азайту, сондай-ақ тыныс алу жүйесіне арнайы әсер ету үшін қолданылады.

Тәжірибелік техникада арнайы жаттығуларды қолдану бұлшықет тонусын қалыпқа келтіруге, дене дамуды және дене шынықтыруды жақсартуға, сонымен қатар оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Әр түрлі ауруларға арналған арнайы жаттығулар жүйелі түрде жүргізілуі керек.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер Алматы қаласындағы жалпы білім беретін мектептерде 2020 жылдың қараша мен 2021 жылдың қаңтар аралығында арнайы медициналық топтарында жүргізілді. Эксперименттік топта созылмалы пиелонефрит ауруы бар 4 адам, сколиоз ауруы бар 3 адам (I дәрежелі), миопия ауруы бар 3 адам (I дәрежелі).

Педагогикалық эксперименттің басында эксперименттік топ арнайы медициналық бөлім оқушыларының дене дамуы мен дене дайындығының көрсеткіштерінде статистикалық сенімді айырмашылықтар ( $p>0,05$ ) анықталған жоқ (1-кесте).

1-кесте – Әр түрлі аурулары бар арнайы медициналық бөлім оқушыларының дене даму көрсеткіштеріндегі айырмашылықтардың сенімділігі

Зерттелетін көрсеткіштер	Эксперименттің басында	Эксперименттің соңында	Өсім
--------------------------	------------------------	------------------------	------

	M ± m	Айырмашылықтың сенімділігі	M±m	Айырмашылықтың сенімділігі	Бірлікте	%	Саны
Бойы (см)	Э Т	162,7±2,5	t=0,16 ph 0,05	163,1±2,3	t=0,25 ph 0,05	0,4	0,24
Дене салмағы (кг)	Э Т	53,6±1,9	t=0,42 ph 0,05	54,2±1,8	t=0,3 ph 0,05	0,6	1,11
ЖСЖ (соғу/мин)	Э Т	67,0±2,1	t=0,04 ph 0,05	67,3±2,1	t=0 ph 0,05	0,3	0,44
АҚс (мм. с.б.)	Э Т	116,0±4,3	t=0,20 ph 0,05	118,5±5,2	t=0,08 ph 0,05	2,5	2,13
АҚд (мм. с.б.)	Э Т	77,5±2,0	t=0,69 ph 0,05	79±2,6	t=0,51 ph 0,05	1,5	1,9

Эксперимент соңында, эксперименттік топта дене дамудың барлық көрсеткіштерінде статистикалық тұрғыдан дұрыс емес жақсартулар болды: өсу көрсеткіштерінде 0,4 см (0,24%); дене салмағының көрсеткіштерінде 0,6 кг (1,11%); ЖСЖ 0,3 соғу/мин (0,44%); АҚс көрсеткіштері – 2,5 мм с.б. (2,13%); АҚд көрсеткіштері – 1,5 мм. с.б.(1,9%).

Дене шынықтыру дайындығының көрсеткіштерінде «жатып тіреуде қолды бұғу-жазу» және «арқада жатып денені көтеру» тесттерінде статикалық маңызды айырмашылықтар (ph 0,05) болды. «Тұрған қалыпта алға қарай еңкейу» және «орнынан ұзындыққа секіру» сынақтарында статикалық маңызды айырмашылықтар болған жоқ (2-кесте).

2-кесте – Әр түрлі аурулары бар арнайы медициналық топ оқушыларының дене даярлығы көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтардың сенімділігі

Зерттелетін көрсеткіштер	Эксперименттің басында		Эксперименттің соңында		Өсім		
	M ± m	Айырмашылықтың сенімділігі	M±m	Айырмашылықтың сенімділігі	бірлікте	%	Саны
Тұрған қалпында алға еңкейу, (см)	Э Т	6,0±3,7	t=0,32 ph 0,05	9,5±3,5	t=0,79 ph 0,05	3,5	45,1
Жатып, қолды тіреп бұғу-жазу, (рет)	Э Т	7,9±1,0	t=0,34 ph 0,05	11,8±0,9	t=2,02 ph 0,05	3,9	39,5
Денені көтеру, (рет)	Э Т	23,7±1,3	t=0,25 ph 0,05	27,4±1,3	t=2,01 ph 0,05	3,7	14,4
Орнынан ұзындыққа секіру, (см)	Э Т	141,8±5,6	t=0,13 ph 0,05	145±5,2	t=0,35 ph 0,05	3,2	2,2

Әр түрлі аурулары бар арнайы медициналық бөлімнің оқушыларымен сабақтарды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі эксперименттік топтағы дене қасиеттердің даму деңгейіне әсер етті. Эксперимент жүргізілгеннен кейін зерттелген индикаторда сенімді өзгерістер болды.

Арнайы медициналық бөлім оқушыларының дене дайындығының жеткіліксіз дамуы денсаулық жағдайының әлсіздігімен көрінеді. Дене шынықтыру жаттығулары бұлшықет тонусын жоғарылатуға, байламды аппаратты дамытуға және денсаулықты нығайтуға мүмкіндік береді. Бұдан шығатыны, дене шынықтыру сабақтары арнайы медициналық бөлім оқушыларына жағымды әсер етеді.

Алынған нәтижелер арнайы медициналық бөлімнің оқушыларымен дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыруға және өткізуге бағытталған әзірленген эксперименттік әдістеменің тиімділігін дәлелдейді.

**Қорытынды.** Арнайы медициналық бөлімнің оқушылары үшін дене шынықтыру әдістемесі жасалды, ол жеке топтық әдіспен қолданылатын жаттығулар жиынтығынан тұрады, олар сабақтың дайындық, негізгі және қорытынды бөліктерінде қолданылды. Оларды жүргізу әдістемесі дененің барлық бұлшықет жүйелеріне түзету әсерін қамтамасыз етуі керек. Ұзақ статикалық позициялармен жаттығулар релаксация жаттығуларымен және тыныс алу жаттығуларымен ауыстырылуы керек. Сондай-ақ жаттығуларды әртүрлі бастапқы позицияларда ауыстыру қажет: арқада жатып, іште жатып, бүйірде жатып, тізеде тұрып және т. б.

#### **Әдебиеттер**

1. Виленская Т.Е. Принципы формирования и организация физического воспитания в специальных медицинских группах / Т.Е. Виленская, Э.А. Кудаев // Теория и практика физической культуры. – 2005. – № 1. – С. 25 – 42.
2. Велитченко В.К. Физкультура для ослабленных детей: методическое пособие / В.К.Велитченко. – М., 2000. – 168 с.
3. Булич Э.Г. Физическое воспитание в специальных медицинских группах. – М: Высшая школа.1986 -255с.

## ЕРКІН КҮРЕСТЕН (16 – 17 ЖАС) ДАМУҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ ЖАТТЫҒУЛАР ЖИЫНТЫҒЫ

**Ботабаев Қ.Н.** – Қарасай ауданының БЖСМ №2 оқытушы-жаттықтырушысы, Алматы облысы, Қазақстан

**Андатпа.** Төзімділікті дамытуға арналған арнайы жаттығулар жиынтығын қолдана отырып оң нәтижелерге жету. Белгіленген жаттығуларды белгілі уақыт аралығында орындалуы. Жаттығулар жиынтығын әсіресе жасөспірімдер арасында қолдану.

**Кілт сөздер:** Төзімділік, жаттығулар, жылдамдық, еркін күрес.

### A SET OF SPECIAL EXERCISES FOR THE DEVELOPMENT OF FREESTYLE WRESTLING (16 – 17 YEARS)

**Botabayev K.N.** – CYSS №2 teacher – coach of Karasai district, Almaty region, Kazakhstan

**Annotation.** Reach positive results using a set of special exercises for tolerance. Execution of established exercises over a certain period of time. Application of a training set, especially among adolescents.

**Key words:** endurance, exercise, speed, freestyle wrestling.

**Кіріспе:** Еркін күрес – бұл күш, жігер, екпін мен төзімділіктің және ептілікпен жылдамдықтың, икемділіктің тоғысқан жері. Төзімділік жаттығулары кез келген спорттың негізі болып табылады. Арнайы дене дайындығының әдістемелік принциптері қалыптасқаннан бері, көптеген жылдар өтті. Алайда шетелдік спортшыларға қарағанда, өзіміздің отандық спортшыларымыздың төзімділігі бәсеңдеу. Осыған орай төзімділікті арттыратын жаттығулар жиынтығын зерттедім.

**Мақсаты:** Жылдамдықты арттыра отырып, белгіленген уақытқа төзе білу. Төзімділіктің барынша жоғарғы шегін ұстап тұру. Осыны негізге ала отырып арнайы төзімділік жаттығулар жиынтығын дайындадым.

**Зерттеу әдістері:** Әр спорт түрінің өзінің арнайы спорт түріне байланысты жаттығулары болады. Ең алдымен дене қызу жаттығуларын жасау қажет. Еркін күрестен төзімділікті дамытуға арналған арнайы жаттығулар жиынтығын қолдануға ұсынамын. Жаттығу барысында қолданылатын жаттығулар еркін күрес спорт түрінде жиі қолданылатын әдістермен негізделген. Арнайы жаттығулар барысында 20 секунд жылдамдыққа бір орында жүгіру жаттығуы, 20 секунд жылдамдыққа қол күшін арттыру жаттығуы (отжимания) 20 секунд жылдамдыққа аяқ күшін арттыру жаттығуы (приседания), 20 секунд жылдамдыққа аяққа кіру әдісі, 20 секунд жылдамдықта аяқты артқа лақтыру әдісі, 20 секунд жылдамдықта аяқты артқа лақтырып аяққа кіру әдісі. Осы арнайы жаттығулардың бәрі тоқтамай жылдамдыққа жасалатын жаттығулар. 20 секундтан тоқтамай алты жаттығу жасалғанда барлығы 2 минут уақытты құрайды. Осы жаттығулар жиынтығы екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңнен кейін 30 секундтық үзіліс болады. 30 секундтық үзілісте денені қалыпты жағдайына келдіру қажет. Арнайы жаттығулар кезеңінде жаттығулар жылдамдықта орындалғандықтан, оқушылардың төзімділіктері жоғарғы деңгейге жетеді. Осы екі бөлімнен тұратын төзімділікті дамытуға арналған арнайы жаттығулар жиынтығы жарыс барысында оқушылардың шыдамды болуына ықпал етеді. Еркін күрестен жасөспірімдер (16 – 17 жас) арасындағы жарыс кезінде дәл осындай уақыттық жүктеме беріледі. Еркін күрес жарыс ережесі бойынша 2 минуттан 2 айналым күреседі. Кезең ортасында 30 секундтық үзілісімен.

**Зерттеу нәтижелері:** менің еркін күрестен (16 – 17 жас) дамытуға арналған арнайы жаттығулар жиынтығын қолданып жарыс кезінде оқушыларым екі айналымдық белдесу барысында төзімдірек болып, оң нәтижеге қол жеткіздік. Оған мысал он жылдық тәжірибиемде осы жаттығулар жиынтығын қолданған оқушыларым, жоғарғы жетістіктерді бағындырды.

**Қортынды:** төзімділік қабілетін жетілдіруге арналған жаттығуларды, тәжірибиеде ауқымды түрде қолданысқа енгізу қажет. Осы жаттығулар жиынтығын қолдану барысында, қаншама қазақ палуаны жеңіске жетеді деген ойдамын. Дұрыс ұйымдастырылған жаттығулардамаға қажетті күш, жылдамдықпен төзімділік, ептілік пен игіліштік т.б қасиет-қабілеттерінің қалыптасуына әсер етеді.

#### Әдебиеттер

1. Степанов С. В., Дворкин Л. С. Теоретико-методологические основы многолетней подготовки спортсменов-каратистов. – М.: Изд. «Теория и практика физической культуры», 2004. – 380 с.
2. Маслов А. А. Ушу: традиции духовного и физического воспитания в Китае. – М.: Молодая гвардия, 1990. – 97 с.



3. Малков О. Б. Основы тактики борьбы с позиции теории конфликтной деятельности // Теория и практика физической культуры. – 1999. – № 2. – С. 32–36.

## ОРТА ТАУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖЕҢІЛ АТЛЕТТЕРДІ ЖАТТЫҚТЫРУ

**Жүнісбек Д.Н.** – PhD докторы

**Бердикулов К.П.** – магистрант

**Абеков Р.Б.** – аға оқытушы

Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** орта деңгейдегі жаттығу психикалық және дене дайындық деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Спорттық тәжірибеде белгілі бір спортшылар немесе бүкіл командалар дайындық кезеңінде де, жауапты жарыстарға дейін де орта деңгейде жаттығу жиындарын өткізген кезде айтарлықтай спорттық нәтижелерге қол жеткізген көптеген мысалдар бар. Спортшылардың жұмысына оң әсер ететін негізгі фактор.

**Кілт сөздер:** жаттығу, орта тау, климат, жағдай, динамика.

## TRAINING OF TRACK AND FIELD ATHLETES IN THE CONDITIONS OF THE MIDDLE MOUNTAINS

**Zhunusbek D.N.** – Ph.D.

**Berdikulov K.P.** – Master's student

**Abekov R.B.** – senior lecturer

Kazakh Academy of Sport and Tourism, Almaty, Kazakhstan

**Annotation:** Training in the Middle Mountain regions allows you to increase the level of mental and physical fitness.

In sports practice, there are many examples where certain athletes or entire teams have achieved significant athletic results when conducting training camps at the average level, both at the preparatory stage and before responsible competitions. The main factor that has a positive impact on the performance of athletes.

**Key words:** exercise, middle mountain, climate, situation, dynamics.

**Кіріспе.** Тапсырмаларға байланысты тауларда болу уақыты және тау-кен кезеңінің алғашқы екі микроциклінде жаттығу және бәсекелестік жүктемелердің динамикасы таңдалады.

Сол биіктіктегі жарыстарға дайындық орта тауларда ұзақ және бір реттік болумен байланысты. Жаттығу жүктемелерінің динамикасы қарқындылық пен психикалық шиеленістің көрсеткіштерін біртіндеп арттыруды қамтуы керек.

Екінші міндетті шешу жазықтағы немесе тау етегіндегі жетістіктерді арттыру үшін таудағы дайындық – жиындардың ұзақтығын 2-3,5 аптаға дейін шектеумен (марафон жүгірушілері үшін жылына 11-12 аптадан және қалған жүгірушілер үшін 6-8 аптадан аспайды), сондай-ақ тау кезеңіндегі жаттығу жүктемелерінің қарқындылығының ерте артуымен байланысты. Жылдық цикл құрылымының ерекшеліктері Барлық кезеңдерде орта тау жағдайында 2-4 рет жаттығуға мүмкіндік береді [1].

**Зерттеудің мақсаты:** Орта тау жағдайында жаттығумен танысу және осы жағдайда спорттық жетістіктерді арттыру.

**Зерттеудің міндеттері:** функционалдық және күштік мүмкіндіктерді, аэробты өнімділікті арттыру және анаэробты процестерді белсендіру; қысқы сорененциялар сериясына дайындық.

1. Дайындық кезеңінің соңында, жарыс алдындағы кезеңде (сәуір, мамыр), функционалдық, жылдамдық-күш мүмкіндіктерін, анаэробты өнімділікті арттыру және аэробтық деңгейдің жоғары деңгейін ұстап тұру; жарыстардың бірінші сериясына дайындық.

2. Жылдың басты басталуына тікелей дайындық кезеңінде. Міндеттері-жаттығуды одан әрі арттыру, маусымның басты жарысына дайындық.

3. Орта таудағы жаттығудың жазғы кезеңі іріктеу жарыстарының кезеңі аяқталғаннан кейін бірден жоспарланады: тау-кен жаттығуы (3 аптаға дейін) және басты мәреге (2-3 апта) жеткізу.

**Зерттеудің әдістері:** Қойылған міндеттерді шешу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды:

1. Арнайы ғылыми әдісті және әдебиеттер көзіне талдау жасау.

2. Зерттелетін спортшылардың күнделіктеріне сауалнама жүргізу.

3. Динамикалық оқу жүктемелеріне сипаттама беру.

4. Педагогикалық эксперимент.

5. Математикалық статистика әдістері.

Соңғы кезеңде. Оның міндеттері-белсенді демалыс және қалпына келтіру. Ашық ауада демалу немесе спортшылардың денесіндегі белгілі бір процестерді ынталандыру үшін тауларда қысқа уақыт ( бес-жеті күн) дайындық және бәсекелестік кезеңде болуы мүмкін.

Дайындық кезеңінде орта деңгейдегі жаттығуларды орындау кезінде, егер спортшылар кем дегенде екі ай бойы жазық жағдайда толыққанды жаттығулар өткізіп, негізінен аэробты сипаттағы максималды жүктемелер деңгейіне көтерілсе, олардың тиімділігіне қол жеткізілетінін есте ұстаған жөн. Жоғары аэробты жаттығулар аясында жүгірушілер орта деңгейдегі аэробты қабілеттерін одан әрі арттырып, дененің анаэробты жұмысын белсендіре алады [2].

Орта тауда дайындық кезінде тауларда болудың алғашқы күндері жедел акклиматизация фазасы деп аталады, орталық жүйке жүйесінің, жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерінің қызметіндегі ең күшті ауысулармен сипатталады. Бастапқы акклиматизация фазасында ұзақтығы 3-7 күн (болу уақытына байланысты) тартылатын микроцикл жүргізіледі. Ол аэробты табиғаттың тыныш жұмысымен сипатталады (жүрек соғу жиілігі 140-160 градусқа дейін). Жүгіру көлемі үлкен (сіз жазықта игерілген көлемді пайдалана аласыз). 160 уд. мин жоғары ЖЖЖ кезінде қарқын және ұзақ кросстар ұсынылмайды. Сондай-ақ, 800 м-ден астам сегменттерде аралық жүгіруді қолдануға болмайды. микроциклдің соңында жаттығу әдеттегі демалу аралықтарына қарағанда 100-200 м ұзындықта целесс тәрізді болады. 3000 м с. С. жүгірушілерге кедергілерді (су шұңқырлары) жеңу техникасымен жұмыс істеу ұсынылмайды. Ұзын 400-600 м сегменттерді қолданған кезде демалу аралықтары шамамен 2 есе артады. Келгеннен кейінгі алғашқы үш күнді тек аэробты сипаттағы үздіксіз жүгіру керек (ерлер үшін-4 мин үшін 1 км-4 мин 30 С, әйелдер үшін-4 мин 30 с -5 мин).

**Оқу жүктемелерінің динамикасы.** Орта тау жағдайында дайындықтың сәттілігі көбінесе оқу жүктемелерінің оңтайлы динамикасына байланысты. Ұзақтығы шамамен бір аптаға созылатын үшінші және одан кейінгі микроциклдерді тауда болудың соңына дейін пайдалануға болады және жаттығу жүктемелеріне Елеулі шектеулерсіз жүргізіледі. Қыста көлемді микроцикл жоспарланады, ал жазда – қарқынды. Тау-кен дайындығының тиімділігінің басты шарттары тауға шығар алдында жаттығудың жоғары деңгейі және спортшының осы кезең мен кезеңге тән үлкен жаттығу жүктемелерін игеруі болып табылады.

1-кесте – Тәжірибелік топтың оқу жүктемелерінің өлшеу нәтижелерінің динамикасы

Кезең	Ай	Жарыс кезеңінің апталығы	Жаттығулар саны	Жүктеме көлемі	орташа салмағы, кг	Жүктеме көлемі,
1	2	3	4	5	6	7
I	Дайындық кезеңі:					
	желтоқсан		17	97,6	97	1006
	қаңтар		21	134,6	101,3	1330
	ақпан		12	85,6	100	856
	Жиыны:		50	317,8	99,6	3190
	Дайындық кезеңі:					
	ақпан	1-ші	5	33,7	98,2	343
		2-ші	7	48,3	101	478
		3-ші	5	27,2	100,7	270
	наурыз	4-ші	2	6,3	87,5	72
Жиыны:		19	115,5	99,3	1163	
II	Дайындық кезеңі:					
	наурыз		10	61,3	100	613
	сәуір		15	81,5	96	749
	мамыр		19	141,7	99,2	1428
	маусым		8	47,4	95,7	495
	Жиыны:		52	331,9	98	3385
	Дайындық кезеңі:					
	маусым	1-я	5	31	96,8	320
		2-я	5	31,6	104,9	301
		3-я	5	39,5	98,5	401
шілде	4-я	4	14,4	98,6	146	
Жиыны:		19	116,5	99,7	1168	
III	Дайындық кезеңі:					
	шілде		6	36,9	84,4	437
	тамыз		16	86,3	100,1	862
	қыркүйек		20	122,2	101	1209
	қазан		19	97,6	104,6	933

	Жиыны:	61	343	99,7	3441
	Дайындық кезеңі:				
қараша	1-ші	5	19,8	104,7	189
	2-ші	4	26,7	103,9	257
	3-ші	4	19,6	108,8	180
	4-ші	3	9,7	96	101
	Жиыны:	16	75,8	104,2	727
Барлығы:		217	1300,5	99,4	13083

1 кестеде келтірілген бәсекеге қабілетті мезоциклде дайындық кезеңімен салыстырғанда ішінара жүктемелердің көлемін біршама қайта бөлу болды. Жаттығу жүктемелерінің әдеттегі деңгейіне шығудың екінші кезеңінде орта тауда қолданылатын екінші микроцикл дайындық кезеңі мен кезеңіне байланысты жоспарланады. Егер жинау дайындық кезеңінде жүргізілсе, онда ол жазықта қолданылатын көлемді микроциклден бөлек сегменттерде жүгіру жылдамдығын азайту және демалу аралықтарын көбейту арқылы ерекшеленуі керек. Бұл микроциклдің ұзақтығы-3-7 күн (сонымен қатар тау тәжірибесіне байланысты). Бәсекелестік кезеңде қарқынды микроциклге бірдей талаптар қойылады. Бұл кезеңде бақылау жүгірісі әлі жасалмауы керек [3].

Бұл жағдайда бірінші микроциклде жүгірудің жалпы көлемі толықтай сақталуы мүмкін (игерілгендердің 90-100%), бірақ жылдамдық пен қайталану санының азаюына, сондай-ақ демалу аралықтарын көбейтуге байланысты қарқындылық айтарлықтай төмендейді.

Екінші микроциклде жүгірудің жалпы көлемін дайындық міндеттеріне байланысты сақтауға немесе көбейтуге болады (бірақ 10%-дан аспайды). Қарқындылық жүгіру жылдамдығын жоғарылату, қайталану санын, сегменттің ұзындығын арттыру және демалу аралықтарын азайту, сегменттерде жүгіру жаттығуларын арттыру арқылы күшейтіледі.

Үшінші және төртінші микроциклдерде жаттығу жүктемелері жазық деңгейде қолданылады. Жалпы көлем сақталады, жаттығудың қарқындылығы артады. Сіз бұл техникамен жұмыс жасай аласыз.

Егер орташа таудағы жаттығулардан кейін жарыстарда өнер көрсету жоспарланса (3-6 күн), онда соңғы, содан кейін олардың алдындағы соңғы 3-4 күн жеткізу режимінде өткізілуі керек; кросс-жүгіру ұзақтығын, қайталау саны мен демалу аралықтарын азайту арқылы жүктеме көлемі мен қарқындылығын азайтыңыз.

Таудағы жаттығу аяқталғаннан кейін, әдеттегі жағдайда алғашқы 2-3 күн ұзақ, үздіксіз аэробты жүгіру кезінде тыныш жұмыс істейді. Алдағы уақытта жұмыс тиісті кезеңнің жоспары бойынша жүргізіледі. Дайындық кезеңінде көлемді микроциклдер өткізіледі, ал жарыс кезеңінде олар жауапты жарыстарға тікелей дайындық кезеңін жоспарлайды [4].

Орта таудағы жаттығудан кейін жүгірушілердің өнімділігі айқын толқын тәрізді сипатқа ие: спорттық нәтижелерді арттырудың бірінші толқыны-6 күн, екінші-14 – 25, үшінші -36-45-күндер. Орта таудағы жаттығудан кейін бір күндік жарыстарға қатысуды жоғарыда аталған барлық күндерге, ал көп күндік жауапты жарыстарда – 3-4 және 6-7 апталарға жоспарлауға болады. Реклиматизацияның жекелеген күндерінде спорттық нәтижелердің едәуір төмендеуіне әкелетін негізгі себеп-жаттығулардың қарқындылығының жоғарылауы, әсіресе орта таулардағы акклиматизацияның алғашқы күндерінде жылдамдық пен жүгіру көлемінің жоғарылауы.

**Қорытындылай келе,** келесі қорытынды жасауға болады, бұл мақала тау жағдайында жаттығу спорттық жетістіктерді арттырудың тиімді әдістерінің бірі бола алатындығын дәлелдейді. Бұл кезеңде жаттығу жүктемелері жоғары қарқындылықпен күрделі болғандықтан, тауларға барар алдында максималды жүгіру және жоғары қарқындылық жаттығу жүктемелерін қайта пайдалану керек деген шешімге келдік.

#### Әдебиеттер

1. Жилкин А.И., Кузьмин В.С., Сидорчук Е.В. Легкая атлетика: учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений. 2-е издание. М.: изд-во «Академия». 2005.
2. Попов В.Б. Система специальных упражнений в подготовке легкоатлетов. М.: Terra-Спорт. Олимпия – PRESS. 2006.
3. Лебедев И.А. Подготовка и проведение соревнований по отдельным видам легкой атлетики. 2004. (на каф. СД).
4. Подготовка юных легкоатлетов. М.: Terra-Спорт. 2000.

## СПОРТТЫҚ ЖЕТІЛДІРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КҮШ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ АРНАУЫ

**Жунусбеков Ж.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор  
**Ахмадиев Т.** – педагогика ғылымдарының магистрі, ҚазСТА доценті  
**Қонаев Т.** – педагогика ғылымдарының магистрі  
**Байырбеков А.** – педагогика ғылымдарының магистрі  
**Сағымбай Ж.** – педагогика ғылымдарының магистрі  
Қазақ спорт және туризм академиясы

**Аңдатпа.** Дене шынықтыру – қоғамдық мәдениеттің бір саласы. Тұлға қоғамдағы дене мәдениетінің мәні мен орнын дұрыс түсіну үшін, ең алдымен жалпы адамзат мәдениеті туралы хабардар болуы тиіс. Күшті жетілдіру әдістемесінде денеге түсетін күш тәсілдерін дамытуға техникалық жабдықтар пайдалану қазірде кеңінен кіргізілуде.

Дене қуатын жетілдіру – адамның дене қуаты қасиетін үйлесімді дамыту және жан – жақты дайындығын жоғары деңгейге жеткізу.

**Тірек сөздер:** Дене тәрбиесі, дене қуаты, морфофункция.

## METHODS TO IMPROVE THE POWER QUALITIES IN THE SYSTEM OF SPORTS TRAINING

**Zhunusbekov Zh.** – candidate of Pedagogical Sciences, Professor  
**Akhmadiyev T.** – master of Pedagogical Sciences, Associate Professor of KazAST  
**Kunaev T.** – master of Pedagogical Sciences  
**Bayyrbekov A.** – Master of Pedagogical Sciences  
**Sagymbay Zh.** – master of Pedagogical Sciences  
Kazakh Academy of Sport and Tourism, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** This article discusses the effectiveness of the application of the development program and the improvement of the methods of strength qualities of athletes. The analysis of the results confirmed the theoretical validity of the need to improve the strength of athletes to increase the effectiveness of their professional activities.

The author developed and substantiated the methods of development of power qualities in the process of training athletes. Special exercises were used in the work, which provided an increase in the explosive power of the muscles of athletes.

**Key words:** physical educations, physical energy, morphofunction.

**Кіріспе.** Дене қуатының қасиеті, қозғалыс қасиеті деген терминдер ұғымы арнайы оқу кітаптарында, бір мағынада пайдаланылады.

Адамның денесінде, санасында белгілі бір деңгейде сақталып тұрып, ол қозғалғанда әрекет жасағанда пайда болатын қасиеттер дене қуаты дейміз. Осы дене қуаты қасиеттерінің деңгейін көтеру арқылы ғана біз дене тәрбиесі мен спортта жақсы нәтижеге жетеміз.

Күш – материалдық нүктеге Дене қуаты қасиеті адам қозғалысында, дене қуатын көрсеткісі келгенде пайда болады немесе денеге басқа денелер немесе өрістер тарапынан болатын механикалық әсердің өлшемі. Күш деп дененің басқа денелер тарапынан болатын әрекеттің нәтижесінде үдеу алатынын сипаттайтын және осы әрекеттің өлшемі болып табылатын физикалық шаманы айтады.

Сыртқы қарсылықты жеңу немесе бұлшық ет көмегі арқылы қарсылық көрсетуін күш дейміз [1].

Күш ұғымы ғылымда да кеңінен қолданылады және ол физиканың негізгі ұғымдарының біріне жатады. Дене мәдениетінің ілімі мен әдістемесінде бірқатар негізгі дене қасиеттері атап өтіледі: күш, төзімділік, жылдамдық, ептілік пен икемділік дене қасиеттері қатарында күшке бірінші кезек берілуі бекер емес. Өртүрлі көріністерде көп көріне беретін адамның нақ осы күш даярлығы, адамның өзінің дене даярлығын, мұнымен қатар, денсаулығын да ең басты кейіпте көрсетеді. Бірақ, адам үшін күш қасиетін ғана дамытып, ал басқа дене қасиеттері назардан тыс қалуы тиіс деген ұғым болмау керек. Әдетте, дене қасиеттері кешенді түрде, әйтеуір бір түрінің басымдылығымен дамиды. Көбінесе, күш қасиеті жақсы дамиды. Әдетте, күш жетілдіруінің көрінуі екі негізгі факторға тәуелді – туа біткен (генетикалық) және өмір сүру барысында алынған. Аталмыш жағдай дене, күш дайындықтарымен айналысқысы келетін тұлғалар үшін өзінің ағзасының құрылымын, әсіресе, оның негізгі жүйелері мен қызметтерін білу қажеттілігін растайды. Ол үшін, ең болмаса ағзаның жастық ерекшеліктерін, оның дене жүктемелеріне деген типтік реакциясын, сүйек пен бұлшық ет құрылысы туралы жалпы ұғымдардың болуы қажет. Бақыланбаған және түзетілмеген кез келген прогрестің тиімділігі аз болады. Сондықтан да, күш даярлығы деңгейінің өзгеруін бақылау ерекшеліктерін білу, осы үдерістің басты құрауышы (компоненті) болып табылады [2].

**Зерттеу мақсаты** – Спортшының күш қасиетін жетілдірудің тиімділіктерін негіздендіру.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Күш қабілетін тәрбиелеудің дайындық барысында қолданылатын тиімділік жолдарын анықтау.

2. Күш сапасын жетілдірудің қимыл-қозғалыс сапаларының оңтайлы дайындық жүйесін қарастыру.

**Зерттеу әдістері:** Спорттық сала бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің мәліметтерін зерттеу және теориялық сараптама жүргізу.

**Зерттеу нәтижелері.** Күшті көбейту мүмкіндігі – таңдаған спорттың түріне қарай, алдын ала әзірленген жалпы дайындықты жетілдіруге байланысты. Сондай-ақ осыған дейін қол жеткен табыстарын сақтай отырып, жаттығу кезеңдері ерекшеліктеріне үйлесімді шараларды жүзеге асыруға да байланысты. Спорттық жетілдіру саласындағы жинақталған процестердің сатыларын өтумен де байланысты.

Күш қабілетін тәрбиелеу – таңдаған спорттың түріне қарай оған қойылатын арнайы талаптарға жауап берерліктей болуға тиіс. Күштің дамуын қамтамасыз етіп, оны жүзеге асырудың тиімді жолдарын мақсат етіп қойылған нәтижеге жеткізерліктей болуға тиіс.

Күшті жетілдірудің жалпы дайындығында бұлшық еттердің жан-жақты дамуының мәні өте зор. Қимыл қозғалыс аппаратының бәрі де бірдей бір жүйеде қатысады. Дене тұтастығы бір-бірінен бөлуге болмайды. Жалпы дайындық күштің өте тиімді деңгейден көрінуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ спортшының басына тән дербес дамуы да, жаттығу кезеңдерде, тағы басқа жағдайларда ескеріледі.

Күш болу үшін адам ағзасында қажетті бұлшық ет көлемі болуы қажет, ұзаруы және статистикалық, қалпын өзгертпеген жағдайда пайда болады. Күш барлық қимыл-қозғалыс сапаларының, яғни жылдамдық төзімділік, ептілік, иілгіштік сапаларының пайда болуында және оны дамытуда, қажетті қозғалыс қасиетінің көзі болып табылады. Күштің бірнеше түрі бар, олар меншікті күш, абсолютті күш және жылдамдық күші. Қиналмай 1-2 рет көтерген салмаққа жұмсалған күшін меншікті күш дейміз. Ауырлықты қиналып бір рет қана көтере алған салмаққа жұмсалған күшті абсолюттік күш дейміз. Адамдардың нақты күшін анықтағанда салыстырмалы күш көрсеткіші қолданылады. Ол күш жұмсаушының меншікті салмағының абсолютті көтерген салмағына қатынасы бойынша есептеледі. Мысалы, бірінші көтерген меншікті салмағы 50 кг болып, абсолютті көтерген салмағы 100 кг болса, онда салыстырмалы күш коэффициенті екі болады/100.50/. Екінші бір ауыр салмақтағы сазбаздың меншікті салмағы 120 кг болып, 150 салмақ көтерсе, салыстырмалы күш көрсеткіші /коэффициенті/ 1,25-ке тең. Меншікті күштің өзін дене мүшелерінің дамуына байланысты қолдың, аяқтың, дененің күші, қол саусақтарының күші т.б. бөліктерге бөлініп айтылады. Аталған күштерді арнайы жаттығулар арқылы дамытуға болады.

Күш сапасын тәрбиелеуде қолданылатын құралдар негізінен үдемелі қарсыласу мен күшпен орындалатын жаттығулар жатады. Ол жаттығулар әсер ету бағытына қарай екі топқа бөлінеді. Сырттан түсетін күш әсері, оған заттардың салмағы, қарсыласының қарсылық әрекеті серіппелі заттардың көрсеткен күші және сыртқы ортаның кедергісі /қармен жүгіру, суда, құмда жүгіру т.с.с./ жатады.

Күш өскен сайын берілетін салмақта өсуге міндетті және көтерілген салмақ максималды салмақтың 80-90 пайызы шамасында болуы шарт. Жоғарыда айтылып кеткендей максималды күш қуатын тәрбиелеудің жолдары бар. 1. Ортадан жоғары салмақты шамасы келгенше қайталап көтеру. 2. Сыртқы қарсылықты барынша көбейту /динамикалық немесе статикалық жағдайда/. 3. Қарсылықты барынша жылдамдықпен жеңу.

Осыған байланысты күшті тәрбиелеудің әдістемелік үш бағытын анықтауға болады.

Күш сапасын тәрбиелеуде шамамен денеге түсетін ауырлықтың шамасын төмендегі көрсетілгендей пайдалану ұсынылады.

Көтеру салмағын бір мезеттегі салмақтың деңгейі мен қайталап көтеру шамасы %.:

Өте ауыр салмақ 1 рет 100%

Ауыр салмақ 2-3 рет 80-90%

Үлкен салмақ 4-7 рет 75-80%

Үлкенге жақын салмақ 8-12 рет 65-70%

Орташа салмақ 3-18 рет 55-60%

Кіші салмақ 19-26 рет 40-50%

Өте кіші салмақ 25% жоғары 40% дейін.

Шамасы бір рет көтеруге келген салмақты 100% деп алынады. Күшті дұрыс дамытуында барысында: 1. Адам денесіндегі зат алмасу жұмыстары жақсарады, 2. Алғашқы уақытта шұғылданып жүрген адамның, әдісті дұрыс үйренуіне жәрдемдеседі, 3. Бұлшық ет көлемін ұлғайтады. 4. Көп көтеру шыдамдылыққа, табандылыққа тәрбиелейді. Аталған әдістеменің бағытында тиімді қолданатын жолдары жаттығуды қайталау, бірқалыпты үзілісті жаттығу т.с.с. әдістер. Дайындық уақытының ұзақтығына байланысты, айтылған әдістер көптеген спортшылардың нақты құрал ретінде

пайдаланылады. Ондағы мақсаты әртүрлі ірілі, ұсақ бұлшық еттердің күшін арттыру жолы көзделініледі.

Күшті жетілдірудің жалпы дайындығында бұлшық еттердің жан-жақты дамуының мәні өте зор. Қимыл қозғалыс аппараттарының бәрі де бірдей бір жүйеде қатысады. Дене тұтастығы бір-бірінен бөлуге болмайды. Жалпы дайындық күштің өте тиімді деңгейден көрінуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ спортшының өзі таңдаған спорт түріне орай сапалық қасиеттерін ашады, жетілдіреді.

Күштің жетілуін бұлшық еттерді шынықтырумен бірлікте жүргізу – дайындықтың тиімділігін арттырып, нәтижені өрістетеді. Бұл саладағы салауаттылық спортшының мамандық ерекшелігін күрделендіруге тиімді ықпал жасайды.

Күшті жетілдірудің жалпы дайындығы күш қабілетінің тиімділігін жетілдіруге кеңінен қолданылады. Мұның тәрбиелік мәні – күш қабілетін, күш жылдамдығын және күш төзімділігін дамытады. Жалпы дайындыққа арналған жаттығулар спортшының таңдаған спорт түріндегі дайындығымен үйлесімді жүзеге асыруына, тиісті табыстарға жетуге мүмкіндік береді. Спортшы мамандығының ерекшелігіне үйлесімді ұйымдастырылған бағдар, деңгей, дәреже табысқа жетудің жолын ашады.

Күшті жетілдірудегі арнайы дайындық спортшыны әзірлеудегі негізгі мәселе. Арнайы дайындық спортшының қабілетін дамытып, спорттық мамандығын белгілі бағдарға өрістетеді. Арнайы дайындық спортшының таңдап алған спорт түрінде қолданылады күш қабілетін қалыптастырудың жүйесі болып табылады [3].

Тәсілдік ерекшелік құрамы күш қабілетін тәрбиелеудің негізгі тәсілі – күшті жетілдіру жаттығуына машықтандыру процесі болып табылады. Кейбір ерекшелік жағдайда ғана болмаса, бұлардың басты сипатын айқындайтын жарыстық жаттығуды орындаудан гөрі, бар күшін сала машықтану болып табылады. Қосымша күш жұмсаудағы ширығу көбіне сырттан салмақ салу жаттығулары арқылы дамиды. Сапаны жақсартуда әдетте, түрлі факторлар пайдаланылады. Арнайы спорттық снарядтардан бастап, спорттық қарсылас ойыншыға дейінгі жәйі және табиғи ортаның жағдайы да пайдаланылады.

Күштің пайда болу түрлері: Өз күш мүмкіншілігі, статистикалық кезде және дене қозғалыс кезінде пайда болады.

Күш жылдамдығының мүмкіншілігі тез, жылдам қозғалыс пайда болады. Бұл жағдайда спортшы күш жылдамдық қосу арқылы, жаттығудан тез орындау арқылы жоғары нәтижеге жетеді.

Адам денесі күштің пайда болу үрдісінде үлкен маңыз атқарады. Адамның қозғалыста өз дене салмағын есептемей барлық мүмкіншілігімен көрсеткен күші абсолютті күш деп атайды.

Әртүрлі салмақтағы адамдардың күшін салыстыру үшін салыстырмалы күш деген ұғым пайдаланылады.

Жаттықтырушылар абсолюттік немесе салыстырмалы күштерді спорт түріне байланысты дамытады.

Күшті дамыту үшін жоғарғы қарсылық жаттығулары қолданылады. Олар екі топқа бөлінеді.

Сыртқы қарсылық жаттығулары. Сыртқы қарсылықтарға әр түрлі спорт құралдарының салмағы, сыртқы ортаның қарсылығы жатады.

Дене тәрбиесі тәжірибесінде мынадай күш дамыту міндеттері бар: жоғары күш салу әдісі – бұл әдіс кезінде жаттығулар аса ауыр салмақта орындалады. Жүйке бұлшық ет аппаратының жұмысы шегіне жете қолданылады, арқылы күштің көп өсуіне мүмкіншілік береді.

Қайталап күш салу әдісі – балаларды зақымдандырмайтын жаттығу дұрыс орындауға көмектеседі, зат алмасу үрдісін жақсартады, бұлшық етті өсіреді. Жеке бұлшық ет топтарын дамыту үшін қолдануға болады [4].

Жас ерекшеліктеріне байланысты күшті дамыту, балалар мен жасөспірімдердің күштерінің өсу қарқыны сүйек – бұлшық ет жүйелерінің морфофункционалық өзгеруіне, ағзаның жалпы биологиялық жетілуіне, қозғалыс белсенділігі деңгейін т.б. көптеген себептерге байланысты.

Сүйек бұлшық ет аппараты өзінің ересектің даму шегіне 18-20 жста жетеді. Сондықтан бастауыш және орта мектеп жасындағы оқушылардың күштерін дамытуды жылдамдатуды болмайды. Статикалық жаттығуларды шектеп, жалпы қозғалыс сипаттағы жаттығуларды қолдау қажет. Сондықтан бастауыш және орта мектеп жасындағы оқушылардың күштерін дамытуды жылдамдатуға болмайды. Статикалық жаттығуларды шектеп, жалпы қозғалыс сипаттағы жаттығуларды қолдау қажет.

Кіші және орта мектеп жасындағы жасындағы балалардың күш дайындығының негізгі міндеттері барлық бұлшық ет топтарының үйлесімді дамуы, дененің түзу, дұрыс қалпын қалыптастыру, берік «бұлшық ет құрсауын» құру.

7-8 жастағы балалардың күшін жетілдірудің қарапайым амалдары гимнастикалық қабырғаға, сүйенбелі сатыларға өрмелеу ұсақ доп лақтыру секіру, жеке элементтері бар қозғалмалы ойындар ойнау және т.б.

10-12 жастағылардың күштің дамыту талабы артады: толтырылған доппен жаттығулар, арқанға өрмелеу, қозғалыс сипаттағы күш түсіретін қозғалмалы ойындар ойнау.б. орындалады.

12-13 күшті арттыру амалдарын көбейтуге болады. Бұл жастағыларға арнайы құрастырылған бұлшық ет топтарында арналған, ұсақ ауырлықтармен қозғалыс сипаттағы күш жаттығуларының кешенін беруге болады.

14-15 жастағы жасөспірімдердің денеге күш түсіретін жаттығулар жасауға шамалары жетеді. Осы жастан бастап күшке бағытталған жаттығулар әбден болады.

Осы міндеттерді орындау үшін дене тәрбиесі сабақтарында толтырылған доптармен жаттығу, айналмалы шеңбері жаттықтыру, арқан тартысу сияқты күш ойындырды қолданады[5].

Жаттығулар динамикалық статикалық орындала береді. Абсолюттік күштің тәбиғи өсуі бозбалалардың 16-17 жаста, қыздар 10-11 және 16-17 жаста айқын байқалады. Осы кезеңдерде жүргізген оқушылардың күш дайындығы, үрдісі олардың ағзаларының жедел жетілуіне көмектеседі.

#### **Қорытынды:**

1. Күшті жетілдіру әдістемесінде денеге түсетін күш тәсілдерін дамытуға техникалық жабдықтар пайдалану қазірде кеңінен кіргізілуде. Денеге түсетін күш мөлшерін дәлдікпен белгілеу, шамасын айқындау негізінен бұлшық еттерге айқындауға бағытталады.

2.Күшті жетілдіретін дайындық жаттығуларын іріктегенде күш-қуатты дамытуға лайықты гимнастика мен ауыр атлетикалық жаттығулар таңдаулы тиіс.

3.Күшті жетілдіретін жалпы дайындық, арнайы дайындыққа апаратын бір жақты сипатта болмауға тиіс.

Демек, жалпы дайындық пен арнайы дайындықтың арасындағы байланысты үзіп алмай, олардың іштей бірлігін ескеру қажет. Сондықтан күшті дамыту барысында осы мүмкіншіліктерді ескере отырып әдістемені дұрыс қолданған жөн.

#### **Әдебиеттер**

- 1 Дайрабаев С.Е. Спорт және дене тәрбиесі теориясы. – Алматы: Білім, 2009. – 100-102б.
- 2 Уанбаев Е.Қ. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: «Санат», 2000.
- 3 Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры – М: «ФиС», 1991г – 336 с.
- 4 Уанбаев Е.К., Уанбаева Ф.Ж. Дене мәдениеті мен спорттық теориясы мен әдістемесі. – Өскемен, ШҚМУ баспасы. 2009ж 273 б.
Второй период с 1924 по 1980 гг. – следует охарактеризовать как **период относительной стабилизации**. Количество стран-медалистов достаточно стабильно и находится в диапазоне от 30 до 48, за исключением Игр 1932 года в Лос-Анджелесе. Причина снижения количества участников обусловлена дороговизной поездки спортсменов через океан, поэтому многие страны отказались от участия. Некоторые смогли прислать только тех атлетов, которые реально претендовали на медали. Повторилась ситуация аналогичная с Играми в Сент-Луисе, прошедшими при наименьшем количестве стран-участниц за все время проведения современных Олимпиад.

Третий период (1984 – 1996 гг.) самый короткий определяется как **период бурного скачка**. Фактически закончился период так называемой «холодной войны» и в то время огромную роль в стремительном развитии олимпийского спорта сыграли Игры Доброй воли.






Рисунок 1 – Динамика конкурентной борьбы разных стран мира за олимпийские медали

Они дали мощный толчок к дальнейшей интеграции и объединению всех Национальных Олимпийских Комитетов под эгидой Международного Олимпийского Комитета. Этому способствовало также решение МОК о том, чтобы допустить к участию в Олимпийских играх спортсменов профессионалов.

Четвертый период с 2000 года и по настоящее время – **период стабильного пика**. Необходимо констатировать тот факт, что уже практически все страны мирового сообщества стремятся быть представленными на Олимпийских Играх, и принимать в них самое активное участие.

Теперь дальнейшее развитие конкуренции, очевидно, будет происходить за счет увеличения стран-медалистов.

Следует заметить, что довольно существенный вклад в развитие олимпийской конкуренции за последние 25 лет внесли бывшие республики Советского Союза. Украина, Белоруссия, Казахстан, Узбекистан, Киргизстан, республики Прибалтики и Закавказья весьма активно включились в борьбу за Олимпийские медали год от года, наращивая потенциал. Об этом красноречиво свидетельствуют данные таблицы 1.

Таблица 1 – Количество медалей, выигранных 30 наиболее успешными странами за весь период проведения Олимпийских игр современности

№	Страна	Количество игр с медалями	Всего медалей	№	Страна	Количество игр с медалями	Всего медалей
1	США	28	2556	16	Нидерланды	26	293
2	СССР/Россия	19	1582	17	Польша	22	273
3	Германия	27	977	18	Ю. Корея	16	264
4	Англия	29	880	19	Куба	15	220
5	Франция	29	773	20	Болгария	16	217
6	Италия	27	608	21	Швейцария	28	215
7	Швеция	27	511	22	Дания	28	209
8	Австралия	28	511	23	Чехословакия/Чехия	22	189
9	Китай	9	564	24	Норвегия	24	161
10	Венгрия	26	494	25	Бельгия	26	157
11	Япония	21	439	26	Греция	21	151
12	ГДР	5	409	27	Испания	18	146
13	Румыния	19	317	28	Украина	6	127
14	Финляндия	26	312	29	Бразилия	19	124
15	Канада	27	304	30	Югославия/Сербия	21	110

Если говорить о количестве медалей, выигранных за весь период проведения Олимпийских игр, то здесь мы видим, что помимо России в список 30 наиболее успешных стран вошла Украина. Она за 6 Олимпиад выиграла 127 медалей и опережает по этому показателю Бразилию и Югославию (Серию), которые участвовали в Олимпиадах 19 и 21 раз соответственно.

Однако, более убедительно будет выглядеть участие бывших республик СССР, если мы обратимся к среднему количеству медалей выигранных в одной олимпиаде.

Конечно, трудно за 5 Олимпиад выиграть больше медалей, чем за 15, 20 и более участия. Поэтому, более точно будет выглядеть участие, тех или иных стран, если мы обратимся к среднему количеству медалей выигранных в одной олимпиаде, в том числе и бывшими республиками СССР.

На таблице 2 видим, что в число 30-ти наиболее успешных и конкурентоспособных стран вслед за Россией, Украиной входят Белоруссия и Казахстан и занимают следующие места: Россия – 2 место, Украина – 8 место, Белоруссия – 16 место и Казахстан – 23 место.

Таблица 2 – Рейтинг тридцати наиболее успешных стран за весь период проведения Олимпиад с учетом среднего количества медалей, выигранных в течение одной олимпиады

№	Страны	Число игр с медалями	Среднее количество медалей	№	Страны	Число игр с медалями	Среднее количество медалей
1	США	28	91,28	16	Белоруссия	6	15,6
2	СССР/Россия	19	83,26	17	Куба	15	14,67

3	ГДР	5	81,8	18	Болгария	16	13,56
4	Китай	9	62,66	19	Польша	22	12,41
5	Германия	27	36,18	20	Финляндия	26	12,0
6	Англия	29	30,34	21	Нидерланды	26	11,27
7	Франция	29	26,65	22	Канада	27	11,25
8	Украина	6	21,16	23	Казахстан	6	10,2
9	Италия	27	22,52	24	Чехословакия/Чехия	22	8,59
10	Япония	21	20,9	25	Швейцария	28	7,67
11	Швеция	27	18,92	26	Испания	18	8,11
12	Венгрия	26	19,0	27	Греция	21	7,19
13	Австралия	28	18,25	28	Дания	28	7,46
14	Румыния	19	16,68	29	Кения	10	7
15	Южная Корея	16	16,5	30	Норвегия	24	6,71

Если выявлять рейтинг 30-ти наиболее успешных стран по нынешней системе подсчета, т.е. по количеству золотых медалей, то принимая во внимание большую объективность средних показателей в таблице 3 мы видим следующее. Россия занимает 2 место – 31,15 медалей за одну олимпиаду, Украина – 9 место (6,0 медалей), Казахстан – 19 место

Таблица 3 – Рейтинг тридцати наиболее успешных стран за весь период проведения Олимпийских игр с учетом среднего количества золотых медалей, выигранных в течение одной олимпиады

№	Страна	Число игр с медалями	Всего золотых медалей	Среднее количество золотых медалей	№	Страна	Число игр с медалями	Всего золотых медалей	Среднее количество золотых медалей
1	США	28	1038	37,07	16	Румыния	19	89	4,68
2	СССР/Россия	19	592	31,15	17	Финляндия	26	106	4,08
3	ГДР	5	153	30,6	18	Болгария	16	51	3,18
4	Китай	9	227	25,22	19	Казахстан	6	19	3,17
5	Германия	27	287	10,63	20	Нидерланды	26	87	3,16
6	Англия	29	276	9,52	21	Польша	22	62	2,82
7	Италия	27	218	8,07	22	Чехословак./Чехия	22	60	2,72
8	Франция	29	234	8,07	23	Норвегия	24	60	2,5
9	Япония	21	142	6,76	24	Испания	18	44	2,44
10	Венгрия	26	175	6,73	25	Канада	27	64	2,37
11	Украина	6	36	6,0	26	Турция	17	40	2,35
12	Ю. Корея	16	90	5,62	27	Белоруссия	6	13	2,17
13	Швеция	27	149	5,52	28	Эфиопия	11	22	2,0
14	Австралия	28	149	5,32	29	Швейцария	28	59	2,11
15	Куба	15	77	5,13	30	Греция	21	43	2,05

(3,17 медали) и Белоруссия – 25 место (2,17 медали). У других республик бывшего СССР успехи может быть не столь заметны, но фактически ни одна из республик не уезжает с Олимпиады без медалей того или иного достоинства.

Достаточно сказать, что в Пекине, количество медалей, выигранных бывшими республиками (всего – 171, золотых 44), превышает общее число медалей, выигранных китайской командой (всего – 100, золотых 51), которая в неофициальном зачете победила на этих играх.

В Лондоне показатели еще более убедительны. По золотым медалям равенство с США (46 медалей), но в общем медальном зачете бывшие республики СССР (162 медали) значительно опережают американцев, которые заняли первое место (всего 104 медали).

В Рио-де-Жанейро бывшие республики СССР выиграли в общей сложности 141 медаль, из которых 34 – золотых. Сборная США занявшая первое место выиграла 46 золотых медалей и в общей сложности 121 медаль. В отличие от Олимпиады в Лондоне Американская сборная в целом выступила

успешнее, в то время как республики бывшего СССР значительно уступили главным конкурентам в золотых медалях, но тем не менее в общем зачете сумели на 20 медалей опередить спортсменов США. Безусловно, что на выступлении бывших республик негативно отразилось вмешательство Всемирной антидопинговой ассоциации (ВАДА), которая под предлогом борьбы с применением запрещенных препаратов, лишила права участия в Олимпиаде большой группы (более 50 человек) сильнейших российских, казахстанских, украинских и белорусских спортсменов, которые являлись реальными претендентами на Олимпийские медали.

На наш взгляд дисквалификация спортсменов с помощью ВАДА это одно из негативных проявлений конкурентной борьбы, которое связано с некорректными правилами и методами деятельности Всемирной антидопинговой организации.

**Выводы.** 1. На основе применения элементов кластерного анализа и использования объективных показателей результатов выступлений всех стран мирового сообщества на олимпиадах выделены четыре периода становления и развития летних Олимпиад.

2. Вхождение бывших советских республик в число тридцати сильнейших спортивных держав мира за весь период проведения олимпийских игр по среднему количеству медалей выигрываемых на одной Олимпиаде и по среднему количеству золотых медалей свидетельствует о достаточно высоком уровне развития в них Олимпийского спорта

#### **Литература**

1. [www.olympic.org](http://www.olympic.org)
2. [www.olympic.ru](http://www.olympic.ru)

---

**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР// ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В  
ОБРАЗОВАНИИ, В СФЕРЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ, СПОРТА И ТУРИЗМА //  
INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN THE FIELD OF PHYSICAL EDUCATION,  
SPORTS, AND TOURISM**

---

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ  
АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ**

**Әміргумар Ә.** – 2-курс магистранты,  
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

**Аннотация.** Қазіргі кезде қоғамдағы қарқынды өзгерістер жыл сайын жаңа өмір салтын құруда. Осыған орай, қоғамның жаңа талап-тілектері мен әлеуметтік сұранысын қамтамасыз ету мақсатында творчестволық тұрғыда ойлаушы, тәуелсіз жеке адамды, дербес шешім қабылдауға бейім ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі күнде аса маңызды мәселе болып отыр. Дәл осы айтып өткеніміздей бүгінгі таңда білім беру ісі оқушының жас ерекшеліктеріне сай бағыттталып, соның ішінде ең алдымен баланың жеке және жалпы дамуға дайындығы туралы мәселелерді шешуді көздейді. Осы мақсатта баланың ақыл ойының дамуына әсерін тигізетін инновациялық бағыттағы оқыту мазмұнын жетілдіру мақсатында көптеген жұмыстар жасалып келеді.

**Кілт сөздер:** инновация, педагогикалық үрдіс, жаңашылдық, жеткіншек, психика, дамыта оқыту, жаңа технология, ақыл-ой.

**Annotation.** Currently, rapid changes in society create a new way of life every year. In this regard, the most important issue today is the education of a creatively thinking, independent individual, a generation that is inclined to make independent decisions in order to meet the new requirements and social needs of society. It is this that we have already said that today education is focused on the age characteristics of the student, including, first of all, the solution of questions about the child's readiness for individual and general development. To this end, a lot of work is being done to improve the content of innovative learning, which has an impact on the development of the child's mind.

**Key words:** innovation, pedagogical process, innovation, adolescence, psyche, developmental learning, new, technology, intelligence.

Еліміздің құқықтық-демократиялық қоғам жағдайында дамуы бүгінгі әрбір азаматтың және өскелең ұрпақтың жоғары мәдениет пен біліктілігінің жоғары болуын керек етеді. Осыған байланысты қоғамның адам тәрбиесіне қояр талабы да барған сайын артып, оны іске асырудың көзі болып табылатын психикалық нышандар мен оны дамытудың шарттарына деген көзқарас өзгеріп келеді. Соған сай бүгінде білім беру ұғымының өзі өзгеруде және кеңеюде. Білім беру барған сайын көп ретте мектепте, жоғары оқу орнында, тіпті отбасында білім берудің педагогикалық-психологиялық негіздерін меңгерудің мазмұны мен мәні кеңейе түсуде.

Бүгінде жаңа Қазақстан қоғамы жағдайында жеке тұлғаны функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және өзін-өзі іске асыру мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді.

Осы тұста елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің "Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына" деген студент жастарға арнап оқыған лекциясында "**Бүгінгі күн – талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік – жігері бар адамдардың уақыты**", – деп атап көрсеткен болатын. Мұның өзі өскелең ұрпақты жаңа технологиялар негізінде білімді де жоғары мәдениетті азамат етіп тәрбиелей отырып, олардың жеке басының тұлғалық қалыптасуына аса үлкен мән беруді көздейді. Мұның өзі оқу-тәрбие үрдісінде жасөспірімді оның жас ерекшеліктеріне сай жетілген азамат етіп тәрбиелеуді көздейді.

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықты қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық, басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқу-тәрбие үрдісінде қолданып жүрген жаңа педагогикалық технологиялар мыналар: дамыта отырып оқыту

әдістемесі (Л.Занков, Д.Эльконин, В.Давыдов, В.Репин, В.Левин); оза отырып оқыту(С.Лысенкова); іс-әрекетті бағалау( Ш.Амонашвили); тірек және тірек конспектілері арқылы оқыту( В.Шаталов); саралап оқыту; шоғырландырып қарқынды оқу жүйесі; деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту; жобалап оқыту технологиясы.[1]

Инновация-жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс. Инновациялық құрал және үрдіс әлде бір жаңалықты енгізу деген сөз. Педагогикалық үрдісте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері, мақсатымен мазмұнын, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді. Қазақ тілін оқытуда сөйлесім іскерлігін кейбір интербелсенді әдістерді қолдану арқылы үйретеді. Инновациялық үрдіссіз мектептің дамуы мүмкін емес. Инновациялық іс-әрекет-қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына сай мектеп жұмысын дамытатын, мектеп өміріне оң өзгерістер әкелетін іс-әрекет. Әрбір мұғалім өзінің оқу-жұмысын дамыту үшін түрлі құралдар арқылы өзінің іс-әрекетін саналы түрде өзгертеді. [1]

Инновациялық оқытудың мектеп қабырғасындағы балалардың ақыл-ойының дамуына әсері жөнінде жеткіншектерге тоқталатын болсақ: Жеткіншектік кезеңнің шектері шамамен орта мектептің 5-8 сыныбына сәйкес келеді де, 11-12 жастан 14-15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды. Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны оның "өтпелі", "бетбұрыс", "қиын", "сыналатын" кезең деген атауларында бейнеленген. Бұл – ең тынымсыз, ең қиын, ең қызба жас. Жеткіншектің жеке басы дамуының аса маңызды факторы – оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі, ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен, жолдастарымен қарым-қатынас орнатуға бағытталады.

Жеткіншектік шақ – болашақ туралы балалық армандардық орнына өзінің мүмкіндіктері мен өмір жағдайларын ескере отырып, ол туралы ойлану басталатын, өз ниеті, іс-әрекетін жүзеге асыруға ұмтылатын кезең екендігін үнемі қаперде ұстауымыз қажет. [3]

Жеткіншектік шаққа аяқ басқан баланың қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана – сезімнің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталады, осының арқасында бала мен ортаның арасындағы қатынас бұзылады. Жеткіншектің жеке басындағы басты және діни тән жаңа құрылымын оның өзі туралы енді бала емеспін дейтін түсініктің пайда болуы орын алады. Ол өзін ересекпін деп сезіне бастайды, ересек болуға және өзіне жұрттың осылай деп қарауына ұмтылады. Сондай-ақ жеткіншектік кезең барлық қоғамда байқалмайды ол қоғамның жоғары дамуында көрінеді. [3]

Жеткіншек жастағы бала мектеп қабырғасында болғандықтан, оларға оқу әлі де болса негізгі іс-әрекет болып табылады. Алайда ол психологиялық қарым-қатынас ретінде артқа ысырылады. Д.Б. Эльконин бойынша негізгі іс-әрекет құрбы-құрдастармен қарым-қатынастар болып табылады. Жеткіншектік кезеңде қарым-қатынас өз бетімен өмір сүретін аймақтар тобына апарылады.

Сонымен қатар жеткіншектің жасөспірімнен айырмашылығы тек үлкен адамдармен қатынасының өзгеше келетінінде емес, сонымен қатар биологиялық дамуы жағынан кеңінен өріс алатынында. Ал жалпы алғанда, жеткіншек тым өзгеше сипатта келеді. Мысалы: жеткіншек төменгі сыныптарда оқып жүргенде үйге берілген тапсырманы тек, жаттап алатын болса, жеткіншек жасында үй тапсырмасын өз сөзімен түсінікті етіп айтуға талпынады. Кейбір жеткіншек жастағылар осы кезеңде бұрынғы қалпынан үлкен адамдармен қарым-қатынаста мейірімді, сыпайы келсе, енді өрескел түрде, яғни тәртіп бұзуға икем келеді. Осы мәселені анықтауда зерттеушілер арасында талас бар. Дегенмен, психиканың бұл ерекшелігі жеткіншекте әлеумет өмірінің өзіндік ерекшелігінен болар. Жеткіншек «бәрін өзім істей аламын», «сендер мені әлі бала деп ойлайсындар» деп наразылық білдірсе де, оның қолынан әлі де көп нәрсе келе бермейді. Жеткіншектің осы сияқты қасиеті қазірде және өткен дәуірлердің жеткіншектеріне де бірдей тән [6].

Заман ағымына сәйкес жеткіншекті инновациялық бағыттағы оқыту төменгі сынып оқушыларын оқыту сияқты қоғамдық саланың ең басты түрі. Жеткіншектің білім алуы-оның сана-сезімінің жетілуі,азамат ретінде қалыптасуына әсер етеді. Жеткіншекті оқытудың өзіндік қиыншылықтары мен қарама-қайшылықтары бар. Жеткіншекті ересек қылатын, және өзін осылай санататын оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдеріне өзінің дайындығын көрсету оның үлкен жетістігі болып саналады [5].

Әрбір жеткіншек өзіндік зерттеу жұмыстарынан көп әсер алады. Оларға ешкімнің көмегінсіз өзара ойлап, жаңалықтар ашуға құмар болады. Қызықпайтын пәндерге олардың қарым-қатынастарының күрт өзгеруі басталады. Ол пәндерге деген қызығушылық төмендейді, іштері пысады. Егер мұғалім оқулықтан тыс деректер келтірсе, ол сабақ қызықты өтеді. Ал егер тек оқулықтағы ғана материалды ғана оқытып, оны оқуға күштесе, ол сабақ қызықсыз болады және іші де пысады, ондай сабақтар оларға ұнамайды. Әрбір оқушының қызығушылығы әр қалай. Кейбіреулері жазылған материалдарды, нақты және жеке-жеке фактілерді ұнатады. Кейбіреулері соны зерттеп, басты себептерін анықтағысы келеді. Ал үшінші тобы теориялық білімін практика жүзінде қолданғысы келеді. Кей оқушылар

шығармашылық, зерттеушілікке бейім болады. Кейбір пәндер оқушыға мәдениетті, жан-жақты азамат ретінде қалыпташу үшін, көп біліп, көп нәрсені істей алуы үшін ұнайды [2].

Ал А.С. Макаренко – адам етіп тәрбиелеу дегеніміз – жеткіншектің алға қойған мақсатқа жету үшін өмірлік материал пайдалана білуге тәрбиелеу. Олнақтылы заттардың қасиет-құрылысын анықтап, адами қатынастарда сол қасиеттерді қолдана білуі керек. Бұған оны тек үлкендер ғана үйрете алады [41].

В.А. Сухомлинский: әрбір адам жетілу, есею жылдарында ойшыл бола бастаса, әрбір жеткіншек саяси-қоғамдық ойлар және ішкі жан-дүниесінің түсініктері қалыптасады. Мұндай ойлау қабілеттері жеткіншектердің өз өміріне тұтастай ену үшін, оның үлкендердің жұмыстарының шешілуіне тікелей қатысып, өзінің түпкі қадамдарын сол үшін пайдалана білу. [4]

Ақыл-ой тәрбиесі жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызды бір құрамдас бөлігі болып табылады. Оның адамның жан-жақты даму процесінде алатын орны ерекше. Ақыл-ой тәрбиесі баланың оқу, білім алу әрекетімен тығыз байланысты болады.

Ақыл-ой тәрбиесі балаларға білім берумен қатар, олардың танымдық қабілеттерін: байқағыштық, зейінділік, зергектік, есте сақтау, творчестволық қиял, сөйлеу, ойлауды қалыптастыруға көмектеседі.

Ақыл – ойдың дамуына оқу іс-әрекеті ерекше әсер етеді. Әсіресе оқу жүйесінде сөйлеу қабілетін меңгерудің және дамытудың айқындауыштық маңызы бар. Сөйлеу қабілетін бағдарлама бойынша дамыту мақсатында баланы оқытудың және дамытудың мынадай түрлері болады; біріншіден, нормаға сәйкес әдеби тілді меңгеру, екіншіден, оқи және жаза алу. Оқи білу де, жаза білу де – тіл жүйесіне, оның фонетикасына, таңбалануына, лексикасына, грамматикасына, орфографиясына сүйенетін сөйлеу дағдылары. Үшіншіден, оқушылардың сөйлеу мәдениетінің белгілі бір талап деңгейіне сәйкес келуі, яғни, ол оқушы деген атқа ие болғандықтан да сол деңгейден төмен болмауы тиіс. Сонымен қатар баланың ойлау қабілетінің жоғарлығы мен ұшқырлығы оқу іс-әрекетіне тікелей байланысты [7].

Инновациялық бағыттағы оқу мазмұны оқытудың әдіс-тәсілдеріне жаңа талаптар қояды. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға оқытудың проблемалы сипатта болуы ерекше әсер етеді. Белгілі философ Э.В.Эльенков және ғалым психологтар В.Г. Давыдов, А.М. Матюшкин т.б. оқушыларда диалектикалық ойлауды қалыптастыру үшін оқытудың проблемалық сипатта болуының және оқушылардың білім алуда дербестігін мейлінше арттырудың керектігін баса айтады [1].

Жалпы білім беру мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне мектеп оқушысын белгілі бір қажетті біліктілер мен дағдыларының иесі, жас ерекшелігіне байланысты өз жасын қалыптастыруға күш жұмсап еңбектенетін оқушы деп қарастыратын, осыған орай көп қырлы құрылымды білім мен тәрбие мазмұнын анықтап, құруға көмектесетін қазіргі заманғы дамыта оқыту идеясы арқау болады. Сонымен қатар қай мемлекетті айтар болсақ, негізгі тірегі – білімді, білікті, іскер, белсенді адамдар екені айқын. Сондықтан қоғам талабына сай ол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қазір білім беру саласында жаңа жүйе жасалып, әлемдік білім кеңістігіне ену бағытында елеулі істер атқаруда. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. «Білекке сенер заманда ешкімге есе бермедік, Білімге сенер заманда, қапы қалып жүрмейік» – деп Абылай хан айтқандай әр мұғалім жаңа технологияның идеяларын іздене оқып, педагогика саласында өз жолын, өз тың еңбегін, өз сұрлеуін салуға үлес қосуға тиісті.

#### Әдебиеттер

- 1.Курт Мередит, Джинни Стил, Чарльз Тэмпл, Скот Уолтер. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдістемелік құрал. Алматы, 2000.
- 2.Выготский Л.С. Мышление и речь. Москва, 1999.
- 3.Волков Б. С. Психология развития человека : учеб. пособие для вузов / Б. С. Волков., Н. В. Волкова. – М. : Академический проект, 2004. – 223 с.
- 4.Глушко В. П. Школа гениальности : учеб. пособие по эвристике / В. П. Глушко., А. В. Старцев. – Алматы :Дәуір, 2005. – 92 с.
- 5.Немов Р. С. Общая психология. Возрастная психология (Психология развития). Педагогическая психология : учеб. планы и программы курсов. – М. :Моск. психолого-соц. ин-т; Изд-во "Флинта". 1998. – 71 с.
- 6.Эльконин Б. Д. Психология развития : учеб. пособие для вузов / Б. Д. Эльконин. – М. : Академия, 2001. – 143 с.
- 7.Гальперин П. Я., Запарожец А. В. Актуальные проблемы возрастной психологии – М., 2005. – 23 с.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

**Ізбасар А.Е.** – Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың Дене шынықтыру және спорт факультетінің 7М01400501-«Дене мәдениеті және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша магистранты

**Бөжиг Ж.** – Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың Дене шынықтыру және спорт факультетінің 7М01400501 – «Дене мәдениеті және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша кафедра меңгерушісі, п.ғ.к., профессор

**Аннотация.** Бұл мақалада оқушылардың дене тәрбиесі пәніне қызығушылығын арттыру тәсілдері жайында айтылады. Мақалада дене тәрбиесі пәнінің, адамның денсаулығына деген рөлі мен жасөспірім балалардың денсаулығын сақтаудағы рөлі қарастырылады. Мақаланың өзектілігі оқушылардың дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарын арттыруда қолданылатын басты тәсілдер қарастырылады.

**Түйіндесөздер:** дене тәрбиесі, оқушы, пән, мектеп, тәсіл.

### WAYS TO INCREASE STUDENTS ' INTEREST IN THE SUBJECT OF PHYSICAL EDUCATION

**Annotation.** This article will focus on ways to increase students ' interest in the subject of physical education. The article examines the role of the subject of physical education, the attitude to human health and the role in maintaining the health of children and adolescents. The article considers the main approaches used to increase students ' interest in the subject of physical culture.

**Key words:** physical culture, student, subject, school, method.

Қазіргі уақытта адамның денсаулығы мен физикалық әл-ауқаты әрқайсымыз үшін өте маңызды. Барлық уақытта адам денсаулығы бірінші орында болды және денсаулықты нығайту тақырыбы әрқашан өзекті тақырып болды. Себебі, адамның денсаулығы, бақыты және ұзақөмір сүруі оның денсаулық жағдайына байланысты болды. Адам денсаулығы туралы көптеген зерттеулерден кейін ересек адамның денсаулығы, сондай-ақ оның ауруларымен созылмалы ауруларының пайда болуы негізінен бала кезінен басталғаны жасырын емес. Осы ебепті қазіргі уақытта бүкіл әлемде денсаулық сақтау саласы денсаулықты нығайту мәселесін мектептен бастап күшейтуде. Солсебебі, қазір мектепте дене тәрбиесі пәніне ерекше көңіл бөлінеді.

Дене тәрбиесі-бұл жасөспірімнің биологиялық, психологиялық және әлеуметтік мәніне әсер ететін арнайы оқу пәні. Педагогика дене тәрбиесін жеке тұлғаның жан-жақты дамуының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Дене тәрбиесінің маңызды бағыттарының бірі-балалармен ересектерді дене тәрбиесімен таныстыру.

Дене тәрбиесі – бұл жалпы мәдениеттің бір бөлігі, адамдардың физикалық жетілуінің арнайы құралдарын құру мен қолданудағы қоғамның жетістіктерінің жиынтығы. Дене тәрбиесі адам өмірінде үлкен маңызға ие. Ол жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға бағытталған бірқатар міндеттерді шешуді біріктіреді. Оқушылардың дене шынықтыруын қалыптастыру жалпы орта білім берудің түбегейлі жаңа тұжырымдамасын жасауды талап етеді. Бұл жердегі негізгі міндет – тұлғаның үйлесімді дамуы. Дене тәрбиесі сабақтары оқушылардың физикалық, ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбиесіне тиімді әсер етеді.

Дене тәрбиесі сабағының маңызды тәрбиелік міндеті-оқушыларға жүйелі дене шынықтыруға деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті ояту. Мотивацияны қалыптастырудағы объективтілік принципі дене тәрбиесіне тән болды. Мотивация іс-әрекетке ынталандыру ретінде; адамның мінез-құлқын басқаратын, оның бағытын, ұйымдастырылуын, белсенділігі мен тұрақтылығын анықтайтын психофизиологиялық жоспардың динамикалық процестері; адамның өз қажеттіліктерін белсенді түрде қанағаттандыру қабілеті саналады.

Дене тәрбиесі – бұл білім беру мекемесіндегі пән, оған сәйкес оқушы динамикада өзінің физикалық жағдайына объективті бағалай алады. Бұл принципті іске асыру жасөспірімнің физикалық денсаулығын бағалау жүйесіне жаңа тәсілдерді әзірлеуді талап етті, сондықтан ол тек түсініп қана қоймай, сонымен бірге оның физикалық жағдайы туралы алаңдайтын міндеттерді іштей қабылдайды.

Дене тәрбиесі сабағы көптеген оқушылар үшін әрқашан ерекше және айрықша пән болып саналады. Мұның себебі, көптеген оқушылар бұл тақырыпты күрделі ақыл-ой пәндерінің арасында үзіліс ретінде қабылдайды, ал басқалары өз кәсібін табады, ал басқалары сабаққа қатысудан аулақ болуға тырысады. Әрине, көптеген балалар бұл пәнді ұнатады. Дегенмен, көптеген дене тәрбиесі мұғалімдері атап өткендей, соңғы уақытта оқушылардың көпшілігі қызығушылықты жоғалтады және сабаққа қатысуға деген ынтасы мен сабақтағы белсенділігінің төмендегенін атап өтеді. Оқушылардың дене тәрбиесі пәніне қызығушылығының төмен болуының жалпы себептері келесі себептерді атап



өтсек болады: іш-пыстыратын қайталанатын тапсырмалар; көптеген топтық жаттығулар; жоғары стандарттар; жарыстар және жеңімпаздарды анықтаудың басқа тәсілдері; сабақтардағы белсенділіктің төмен деңгейі; нашар жабдықтар. Осыған байланысты оқушылардың дене тәрбиесі пәніне қызығушылығын арттыру туралы мәселе туындайды.

Оқушылардың дене тәрбиесіне деген қызығушылығын тәрбиелеу және дамыту мәселесі ғылымда көбірек талқылануда. Бұл негізінен қоғамның дені сау жас ұрпаққа деген қажеттілігімен байланысты. Қазіргі ортаның тұрақсыздығы адамның жоғары белсенділігін ғана емес, сонымен бірге оның қабілеттерін, өзін-өзі ұстай білу қабілетін де қажет етеді.

Оқушылардың дене тәрбиесі сабақтарына және сабақтан тыс жұмыстарға деген қызығушылығын қалыптастыру және дамыту әдістемесін енгізу дене шынықтыру дәрежесін арттырады және орта білім беруді реформалаудың қазіргі кезеңінде оқушылардың физикалық денсаулығын нығайтады. Сондықтан дене тәрбиесі сабақтарында мотивациялық әдістерді және сыныптан тыс жұмыстардың формаларын жасаумен айналысатын зерттеушілер, ең алдымен, физикалық даму көрсеткіштері мен дене тәрбиесі, оқушылардың салауатты өмір салты туралы білімдерінің өзара байланысы ретінде қалыптасатын ынталандырушы орта құруы керек, сонымен қатар әр оқушының мотивациялық саласын тиімді қолдану ретінде жүзеге асырылатын оқыту мен қызығушылықтың соңғы әдістерін талдауы керек. Алайда, дене тәрбиесі сабақтарында және сыныптан тыс жұмыс формаларында оқуды ынталандыру проблемасының жай-күйін егжей-тегжейлі зерттегенде, оқушылардың физикалық белсенділікке және оқу сабақтарына жағымды мотивациясын құруда мұғалімдердің объективті қажеттілігі мен осы өткір мәселені шешуге көмектесетін ғылыми негізделген әдістердің болмауы арасында қайшылық болады.

Бір қарағанда, оқушылардың дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылығының төмендігі мәселесін келесі жолмен шешуге болады: сабақта ырғақты гимнастиканы енгізу; ашық ойындар санын көбейту; оқушылардың біліктері мен дағдыларын бағалаудың қосымша жүйесін енгізу. Бұл әдістер ең тиімді болып табылады. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, бұл әдістерді қолдану әрқашан қызығушылықты арттыру мәселесін шеше бермейді.

Дене тәрбиесіне деген қызығушылық мотивациялық саладағы күрделі процестердің көріністерінің бірі болып табылады. Оқушыға қатысты ішкі және сыртқы мотивацияны ажырату керек. Бірақ сыртқы мотивация қаншалықты күшті болса да, қызығушылық тек ішкі мотивация нәтижесінде қалыптасады. Бұл сыртқы мотивтер мен мақсаттар оқушының мүмкіндіктеріне сәйкес болған кезде, олар үшін оңтайлы болған кезде және оқушы оларды жүзеге асырудың субъективті жауапкершілігін түсінген кезде ғана пайда болады. Мотивтер мен мақсаттарды сәтті жүзеге асыру оқушыны жетістікке жетуге, өз бастамасы бойынша сабақтарды жалғастыруға деген ұмтылысты, яғни мотивация мен ішкі қызығушылықты оятады.

Дене шынықтыруға белсенді қызығушылықты сақтау үшін оқушыға қозғалысты үйрету үшін де, оны жетілдіру үшін де өзекті ақпаратты жүйелі түрде ұсыну қажет. Бұл ақпарат белгілі бір жаттығудың оны орындайтын адам үшін маңыздылығын ашуы керек.

Ұлдар мен қыздардың қызығушылықтары әртүрлі: қыздар көбінесе әдемі бейнеге, икемділік, қозғалыс пен жүрістің рақымы, жылдамдықты, төзімділікті, күшті дамыту туралы ойлайды. Ұлдар күш, төзімділік, жылдамдық, ептілікті дамытқысы келеді. Қазірдің өзінде белгілі бір мақсат үшін жоғары сынып оқушылары ең алдымен олардың өмірлік жоспарларымен, яғни өздерін белгілі бір кәсіби қызметке дайындаумен байланысты себептерге ие.

Бастауыш сынып оқушылары оның бүгінгі сабақтары оның әл-ауқатына және ертеңгі жағдайына қалай әсер ететініне мән бермейді. Ол үшін ең бастысы – оның қажеттіліктерін тез арада қанағаттандыру. Сондықтан эмоционалды бояу өте маңызды. Оқушы ойнап, оқуға белсенді қатысады. Оның ойын тапсырмаларын орындау арқылы дене тәрбиесі сабағына деген қызығушылығы қажетті қозғалыс әрекетін зерттеу үшін қолайлы психоэмоционалды контекст жасайды.

Әр адам жеке және әркімге өз көзқарасы қажет. Дене тәрбиесі сабақтарына қызығушылық таныту үшін, ең алдымен, баланың неге оқығысы келмейтінін анықтау керек. Осыдан кейін, денсаулығын жақсарту үшін оған дене шынықтыру қажет екеніне сендіруге тырысыңыз. Қажеттілік, әдетте, оқушының кез-келген әрекетті орындау қажеттілігі ретінде анықталады. Оқушылар қажеттілікті түсінген кезде іс-әрекетке шақыру пайда болады, демек мотив оянады. Сабақтың міндеттері мен мақсатын алға тарта отырып, сайып келгенде, қажеттілік қалыптасады және, керісінше, қажеттіліктерді қанағаттандыру дене шынықтыруға оң ынтаны арттырады.

Дене тәрбиесіне деген қызығушылықты келесі жолдармен жүзеге асыруға болады: жарыстар ұйымдастыру; секциялық үйірмелер өткізу; балаларды спортпен шұғылдануға көндіру; жеке

тапсырмалар беру; ойын түрінде оқыту; сыныптан тыс түрлі іс-шаралар; жеке көзқарас. Балаларға денсаулықты жақсарту, өзін-өзі жетілдіру, дене сұлулығы және т. б. үшін жүйелі жаттығулардың маңыздылығын түсіндіру керек. Осы әдістерді қолдана отырып, мұғалім дене шынықтыру әдетінің пайда болуы үшін әлеуметтік маңызды заңдылықтарды қалыптастырады, оларға қызығушылықты дамытады, оқушыларға дене шынықтыру және спорт саласында қажетті теориялық білім береді. Мысалы, сөйлесу оқушы белгілі бір ақпарат алған кезде, білімін жаңартып, белгілі бір талаптармен танысқанда білім беру және білім беру функцияларын орындай алады. Балаларды әр түрлі жарыстар мен эстафеталар қызықтырады. Сабақ барысында балалар әртүрлі бәсекелестік жаттығуларды орындайды және жеңіске ұмтылады. Осының арқасында біз оқушылардың дене тәрбиесі пәнінен деген қызығушылығын арттыра аламыз.

#### Әдебиеттер

1. Бачурин Н. Н. дене шынықтыру және спорт арқылы жалпы білім беру мекемелері оқушыларының салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру / Н. Н. Бачурин // білім экономикасы. – 2011. – №3. – Б.201-204.
2. Педагогикалық риторика / н.в. Иосилевич. – Владимир: Влму, 2013. – 112 Б.
3. Клюкинав В. Оқушыларды дене шынықтырумен айналысуға ынталандыру; теориялық аспект / В. В. Клюкина // ғылыми ізденіс. – 2015. – №2. – Б.97-98.
4. Найданов Б. Н. Оқушылардың дене тәрбиесінің сапасын арттыру / Б. Найданов, В. М. Цинкер // Бурят Мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2014. – №13. – Б.144-148.
5. Бейбітов Айтқозы Аллабергенұлы "Жаңа технологияларды денешынықтыру сабағында енгізудің тиімділігі". "Қазақстан мұғалімі" журналдар, 29.11.2016 жыл, №11.
6. Дене мәдениеті-оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. // Ізденіс-Поиск. 2009. № 2 (2)-Б. 262-264
7. Есіркепов Ж.М., Егізбаев Ж. Ә. Дене тәрбиесі мен эстетикалық тәрбиенің сабақтастығы // Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Тараз, 2005.

## БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯ ТҮСІНІГІНІҢ МӘНІН НЫҚТЫЛАУ

**Шәдібеков Т.Т.** – магистрант

Ғылыми жетекші: **Дошыбеков А.Б.**, PhD докторы  
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

**Аннотация:** Мақалада, «инновация», «педагогикалық инноватика» ұғымдарының мәселесі ғылыми зерттеулерде кеңінен қарастырылғанын байқауға болады. Сонымен қатар, «инновация» ұғымы жан-жақты терең кең мағынада және арнайы тар мағынада анықталғанын көруге болады. Инновацияның мазмұны келесідей болуы мүмкін: белгілі бір жаңалықтағы ғылыми-теориялық білім, жаңа тиімді білім беру технологиялары, орындалған жоба, іске асыруға дайын тиімді және педагогикалық тәжірибе.

**Кілт сөздер:** Білім беру, инновация, педагогикалық инноватика, жаңашылдық, маман.

### STRENGTHENING THE ESSENCE OF THE CONCEPT OF INNOVATION IN EDUCATION

**Shadibekov T.T.** – Master's Student

Scientific supervisor: **Doshybekov A.B.**, Ph.D.  
Kazakh Academy of Sport and Tourism, Almaty, Kazakhstan

**Annotation:** In the article, it can be seen that the problem of the concepts of "innovation" and "pedagogical innovation" is widely considered in scientific research. At the same time, it can be seen that the concept of "innovation" is defined in a comprehensive deep broad sense and in a special narrow sense. The content of an innovation can be as follows: scientific and theoretical knowledge of a particular innovation, new effective educational technologies, a completed project, an effective and pedagogical experience ready for implementation.

**Key words:** Education, Innovation, pedagogical innovation, innovation, specialist.

**Зерттеудің көкейкестілігі.** Қазақстан Республикасының мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласына қатысты басым міндеттерді: «Азаматтардың сауаттылығы мен цифрлы біліктілігін арттыру мақсатында Үкіметке Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырамын. Бұл құжатта бейресми білім берудің баламалы нұсқаларын көптеп енгізу, өз бетінше оқу нәтижелерін мойындау, кәсіби дағдыларды сертификаттау мәселелерін қарастыру қажет. Сонымен бірге біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн»-деп анықтаған [1].

Осы тұста жоғары мектепте инновациялық технологияларды пайдалану студенттердің оқудағы белсенділігін арттырып, кәсіби өсуін қамтамасыз етуге, бәсекелестік ортасын дамытуға бағытталған стратегиялық ресурс болып табылады.

Сонымен қатар, жұмысберушілердің де жоғары оқу орнын бітірушілерге қоятын талаптары да сапалы жаңа әдіс-тәсілдер, заманауи технологияларды іздеуге ықпал етеді. Бітіруші түлектен күтілетін қасиет – сапаларға: инновациялық ойлау, шешелетін міндеттердің шығармашылық және тәжірибелік сипаты, жоғары бәсекелестік ортада жұмыс жасау дағдысы сияқты сипаттарды жатқызуға болады.

**Зерттеу мақсаты:** білім берудегі инновация түсінігінің мәнін нықтылау

**Зерттеу міндеттері:**

– Педагогикалық, психологиялық әдебиеттердегі инновация мәселесінің зерттеліну деңгейін анықтау;

– «Инновация», «педагогикалық инноватика» ұғымдарының ғылыми әдебиеттерде анықталуын қарастыру;

**Зерттеу әдістері:** зерттеу мәселесіне арналған диссертациялық жұмыстарды, философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді; ғылыми мақалалар мен нормативті құжаттарды талдау-жинақтау;

**Зерттеу нәтижелері мен сараптамасы.**

Аталмыш тараушада біз, ең алдымен, «инновация», «педагогикалық инноватика» ұғымдарының ғылыми әдебиеттерде анықталуын қарастыруды жөн көрдік.

Мамандарды даярлаудағы дәстүрлі амал көбінесе сол пәндік саладағы білім, білік, дағдыны қалыптастыруға бағытталғаны заманауи талаптардан қалып бара жатқанын байқай аламыз. Бүгін білімнің негізін оқу пәндері емес, ойлау амалдары мен іс-әрекет құрайтыны баршамызға белгілі.

Қазіргі таңда жоғары деңгейдегі даярлығы бар мамандарды даярлаудан, сол дарлау барысында оны жаңа технологияларды әзірлеуге қосу, нақты өндірістік ортадағы жағдайға бейімдеуге, жаңа шешімдерді қабылдауға қабілетті етуге, менеджер қызметін табысты орындауға қажеттілік артуда.

Осы басым талаптарды жүзеге асыруға педагогикалық инновациялар ықпал ете алады.

Көптеген білім беру мекемелері кейбір жаңа элементтерді өз іс-әрекетіне енгізе бастады, бірақ қайта құру тәжірибесі тез дамудағы қажеттіліктің және педагогтердің мұны істей алмауының арасындағы елеулі қайшылыққа тап болды. Білім беру жүйесін сауатты дамытуды үйрену үшін "жаңа", "жаңашылдық", "инновация", "инновациялық үрдіс" сияқты ұғымдарға еркін бағдарлану қажет.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта жаңа ғылыми-пәндік сала – инноватика теориясы қалыптасуда, қайнар көзі ХХ ғасырдың басына жатқызуға болады.

Инноватика теориясының алғышарттары циклдік даму мәселелерінің сипаты бойынша неғұрлым жаһандық мәселелерді, атап айтқанда, экономикалық дағдарыстардың проблемаларын, өткен ғасырдың ғылыми-техникалық революциясын шешу қажеттілігі болды.

Г. Тардтың 1901 жылы жарық көрген «Әлеуметтік логика» еңбегінде өнертабыстар мен жаңашылдықтар қоғамдық прогрестің индикаторы ретінде қарастырылады [2].

Циклдық даму теориясында Н.Г. Кондратьева басты назарын жаңалықтар динамикасына аударады, олар өз тарапында экономикалық және әлеуметтік өмір өзгерістер енгізеді деп анықтаған.

Инновация теориясын дамытуға австриялық экономист Й. Шумпетер аса үлкен үлес қосты, ол ХХ ғасырдың 30-шы жылдары экономикалық дамудың өзіндік теориясын жасады, осы тұста жаңашылдықтар экономикалық өсудің негізі ретінде қарастырылды [3].

Ғылыми зерттеулерде «инновация» ұғымы ХІХ ғасырда пайда болды.

Атап айтқанда, этнографияда ол өз бетінше әзірленген немесе бөтен мәдениеттен алынған элементті өзгелерден сапалы айырмашылығы бар екенін белгілеу үшін пайдаланылды, ол дәстүрлі ортаға енгізілген.


Кейінірек ғылыми айналымда «инновация» ұғымы екі негізде құрылды – нәтиже және үрдіс ретінде.

Мәселен, 1987 ж. ғылыми-техникалық сөздікте «инновация – бұйымдардың, технологиялардың жаңа түрлерін әзірлеуге, жасауға және таратуға, жаңа ұйымдық нысандарды енгізуге және т. б. бағытталған шығармашылық қызметтің нәтижесі» деп түсіндіріледі.

Анықтама негізіне оның нәтиже категориясын ала отырып, авторлар оның ұжымдық сипатын, әлеуметтік өмірде инновацияның пайда болу, даму және пайдалану процесінің барлық сатыларына жатқызылуын көрсетті.

1990 ж. социологиялық сөздікте еңбек пен басқаруды ұйымдастырудың жаңа нысандарын енгізумен, сондай-ақ еңбек қызметін ынталандыру мен ынталандырудың жаңа нысандарын ойлап табумен сипатталатын әлеуметтік инновация ұғымы енгізіледі.

Шишарина Н.В. білім берудегі инновацияны мынадай топтарға жіктеген [4], 1-сурет.



1-сурет – Білім берудегі инновацияның топтары

Инновация -үрдіс,бұл технологиялық және басқарушылық жетілдіру немесе жаңа немесе қолданыстағы білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын арттыратын түбегейлі жаңа процесті құру.

Инновация-өнім,бұл білім беру ұйымынан тыс жерде пайда болатын түбегейлі жаңа немесе жетілдірілген дайын өнімнің физикалық формасы бар жаңалық.

Инновация-қызмет,бұл жеке, топтық және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру және дамыту мақсатында тұтынушыға жалпы, кәсіби сипаттағы білім, білік және дағдыларды беруге бағытталған кешенді өзара іс-қимыл, қызмет.

Кез келген педагогикалық жаңашылдық, шын мәнінде, күтпеген қиындықтарға, барлық мүмкін болатын зардаптардың болжаусыз болуына байланысты қауіп-қатерді қамтиды, өйткені енгізілген жаңашылдық күтілетін нәтиже бере ме, ол дәстүрлі жағдайда тіреле ме, оның педагогтары қабылдай ма және оны пайдалануға қатыса ала ма, оқушылар мен олардың ата-аналары жаңашылдықты қабылдай ма деген сұрақтар туындайды.

Педагогикалық жаңашылдық білім беру процесінің нақты жағдайларына бейімделусіз, әсіресе, педагогтер мен педагогикалық ұжымдардың күшті және әлсіз жақтарын байқамай, әр түрлі өзге жағдайларды ескерместен, білім алушылардың сабақтарына сирек енгізіледі. Сонымен қатар, тәуекел де: педагогтердің жаңа енгізілімнің мәнін түсінеді ме, оны, оның технологиясын қандай дәрежеде меңгереді; өйткені жаңаның дәл осы елеусіз енгізілуі оның тиімсіздігіне себеп болды және тіпті педагогикалық жаңалықтың өзі беделін түсіреді.

Төменде бізшетел және қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулердегі «инновация», «педагогикалық инноватика», «инновациялық үрдіс» ұғымдарының контент– талдауын жасадық (2001-2020жж.).

1-кесте – Шетел және қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулердегі «инновация», «педагогикалық инноватика», «инновациялық үрдіс» ұғымдарының контент талдауы (2001-2020 жж.)

№	Авторы	Анықтамасы	Әдебиеттер
1	Сарбасова Қ.А.	<b>Педагогикалық инноватика</b> – педагогикалық жаңашылдықтар жасау, оларды <u>педагогикалық қауым-дастықтың</u> бағалауы және игеруі, <u>практикада</u> қолдануы туралы ілім.	Сарбасова Қ.А. Инновациялық педагогикалық технологиялар: Оқу құралы. – Алматы: Атлас баспасы, 2001. – 175-б.
2	Ұ.Ә.Асыллов, Н.С. Ахтаева, К.Қ.Аюбай, С.Қ.Бердібаева, А.І.Әбдіғабарова, Қ.Б. Жарықбаев т.б	<b>Инновациялық үрдіс</b> – білім беру ісіне тұрақты жаңа элементтер кіргізетін, жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуіне апаратын жаңалық, жаңадан ендірілетін әрекет. Білім беру ұйымдарының жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты қызметі.	Педагогика және психология: қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Алматы “Мектеп” 2002. – 103 б.
3	В.Д. Симоненко, М.В. Ретивых	<b>Педагогикалық инновация</b> – педагогикалық жаңашылдық; білімберу ортасына жаңашылдық элементтерін ендіретін мақсатқа бағытталған прогрессивті өзгеріс. Педагогикалық инновациялар өзінің ішкі ресурстары есебінен және сыртқы қосымша күштерді іске қосу негізінде жүзеге асырылады.	Общая и профессиональная педагогика: Учебное пособие для студентов: В 2-х книгах Брянск: Изд-во Брянского государственного университета, 2003. – Кн.1 – 76 б.

4	С.Б.Бабаев, Ж.К.Оңалбек	<b>Инновация</b> , сонымен, жаңалық жеткізуші, жаңаланып жатқан жүйеге өзгеріс беретін құрал. Жаңалығы болмаған инновация мәнсіз. Инновациялық маңызға ие болмаған жаңалық іс-әрекет қалпын жақсартудың дерексіз (абстракт), болмысқа жарасымы жоқ құрғақ теория. Басқарудағы жаңалықтар мен инновациялар әрқилы даму, тіршілік сатылары мен қисынды құрылымдарды қамтиды. Өз даму айналымында инновация белгілі кезеңдерден өтеді: идеяның туындауы, мақсат белгілеу, жаңалық идеясын ойластыру және әрекет бабына келтіру, жаңалықты іске асыру, тарату және тоқырау (жойылу). Инновациялардың іске асып бару кезеңдері жаңалықты қабылдап, игеруші ұжымның даму кезеңдерімен тығыз байланыста.	Жалпы педагогика: оқулық– Алматы:2005, 201 б.
5	С.Д. Поляков	<b>Инноватика</b> жаңашылдықты зерттейді. <b>Инноватика</b> – жаңа туралы ғылым. <b>Педагогикалық инноватика</b> – кіріктірілген білім, ол өзіне педагогикалық жаңашылдықты әзірлеу, сол жаңашылдықты игеру және оларды педагогикалық қоғамның білімберу тәжірибесінде қолдану туралы зерттеулерді біріктіреді.	Педагогическая инноватика: от идеи до практики / С.Д. Поляков – М.: Центр «Педагогический поиск», 2007. – 176 с.
6	Н.Н. Суртаева	<b>Педагогикалық инноватика</b> – білім бредің жаңа тәжірибесін әзірлеумен байланысты, мектептің даму үрдісін зерттейтін ғылым саласы.	Методология педагогической инноватики. 2009 / Известия Алтайского государственного университета
7	Г. Сәбденова	<b>«Инновация» ұғымы</b> ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық», «жаңашылдық», «өзгеріс» деген ұғымды білдіреді. Инновация құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері, мақсаты мен мазмұнын, мұғалім мен студенттің бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді.	Сәбденова Г. Инновациялық технология – оқу үрдісінде // Қазақстан мектебі. – 2009. – № 7. – 62–64-б.
8	Г.С. Гамидов	<b>Инноватика</b> – ғылыми жетістіктерді инновацияға айналдыру үрдістерін басқару ғылымы.	Инновационная экономика. Инновации № 02 (136), 2010
9	К.Жарықбаев О.Саңғылбаев	<b>«Инновация»</b> кең мағынада «жаңалық» деген сөз. Ол адам іс-әрекетінің кез келген саласынан (өндіріс, ауыл шаруашылығы, экономика, сауда, ғылым, техника, т.б.) орын алып отырады. Онсыз қоғамда ілгерілеу, прогресс, қарқынды даму, бәсеке болмайды.	Психология: Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б. 251 бет
10	Б. Бөрібекова, Ж. Жанатбекова	<b>«Инновация»</b> деген сөз – латынның «novis» жаңалық және «ip» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.	Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет. 19-20 б
11	Е.В.Зудина	<b>Педагогикалық инноватика</b> білім беру және тәрбиедегі жаңашылдықты әзірлеу, тәжірибелік іс-әрекетте жүзеге асыру тәртібі туралы ғылыми білімдер жиынтығын білдіреді.	Педагогическая инноватика в управлении персоналом образовательной Организации: задачи и варианты использования. – Волгоград: Электронный научно-образовательный журнал ВГСПУ «Грани познания», № 2(45). Апрель 2016
12	Б.Р.Есімсейтов	<b>Инновациялық үрдіс</b> – білім беру ісіне тұрақты жаңа элементтер кіргізетін, жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуіне апаратын жаңалық, жаңадан ендірілетін әрекет. Білім беру ұйымдарының жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты қызметі.	Академиялық түсіндірме сөздік (анықтамалық басылым), – Астана: ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2017. -46 бет. 20 бет
13	Г. Болсынбекова	Болашақ оқытушының инновациялық даярлығын қалыптастыруда ең алдымен инновациялық белсенділікті ескеру керек. Оған оның көзқарасы, жаңаны біліп, үйренсем, оны ары қарай қолданыста қолдансам т.с.с. жаңа әрекеттерін айтуға болады. Инновациялық іс-әрекет – қазіргі оқу орнының даму тәртібінің бір аспектісі.	Болашақ маманның инновациялық іс-әрекетті басқаруға даярлығын қалыптастырудың теориялық аспектілері//Wschodnioeuropejskie Czasopismo Naukowe (East European Scientific Journal) №2(54), 2020. Педагогические науки. 4-9 б.

Жоғарыдағы кестедегі мәліметті түйіндесек, инновация мәселесі ғылыми зерттеулерде кеңінен қарастырылғанын байқауға болады. Сонымен қатар, «инновация» ұғымы жан-жақты терең кең мағынада және арнайы тар мағынада анықталғанын көруге болады.

**Қорыте келе**, білім берудегі инновациялар білім беру бастамасы бойынша арнайы жасалған, жобаланған немесе кездейсоқ ашылған инновациялар ретінде қарастырылады. Инновацияның мазмұны келесідей болуы мүмкін: белгілі бір жаңалықтағы ғылыми-теориялық білім, жаңа тиімді білім беру технологиялары, орындалған жоба, іске асыруға дайын тиімді және педагогикалық тәжірибе.

#### **Әдебиеттер**

- 1.Қазақстан Республикасының мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2020ж. 1 қыркүйек
- 2.Tarde, G. The laws of imitation. Firstly it was in 1903 in French language. A later edition of the book was in English: The laws of imitation (E. Clews Parsons, Trans.). N.Y. : H. Holt & Co. (USA).
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада дене шынықтырудағы саяхаттың адам ағзасына әсері, туристік сапар кезінде энергияның жалпы құны қарастырылған.

**Түйін сөздер:** туризм, демалыс, дене шынықтыру, сапар, жүру.

### THE IMPACT OF TOURISM ON THE HUMAN BODY THROUGH PHYSICAL CULTURE

Saurbaev S.S. – senior lecturer

Usbanov N.S. – senior lecturer

Niyazakynov Y.B. – lecturer

Kazakh national women's pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

[Sancho-7272@mail.ru](mailto:Sancho-7272@mail.ru) , [usbanov@gmail.com](mailto:usbanov@gmail.com)

**Abstract.** This article discusses the impact of physical education travel on the human body, the total cost of energy during a tourist trip.

**Key words:** tourism, recreation, physical education, travel, walking.

Туризм – бұл жалпы ұлттық спорт түрі ғана емес, ол спортты, руханилықты, патриотизмді біріктіретін қоғамдық қозғалыс. Бүгінгі таңда адам денсаулығының мәселесі өте өткір және де осы себептен әртүрлі сарапшылар алаңдаушылық тудырады. Ең алдымен, толық өмір сүру үшін, ең алдымен, қоғамға пайдалы болу үшін, денсаулықты сақтауды жақсартуға бағытталған шараларды пайдалану қажет, дене шынықтыру мен спортты дамыту туризмнің дамуы деп есептеледі.

Адамдардың біртіндеп тұрақсыздығын күрт анықтады, өмірдегі және жұмысындағы эмоционалды және психологиялық компоненттің ұлғаюы адамдардың санасында кеңінен таралған, өмірдегі ең маңызды нәрсе – жақында қалыпты демалыстың нормасы деп саналады. Теңізге қарай демалысқа кету, оңтүстікте кунге күйу, денсаулығыңыздың символын бейнелегендіктен, әрине, күн, ауа және су денсаулықты сақтаудың өзгермейтін факторлары болып табылады, алайда тек комбинация жағдайында ғана. Табиғатпен ғана байланысты туризм тек табиғатпен қарым-қатынас жасау үшін барлық қажетті құрамдас бөліктерге ие, қоршаған ортаның өзгеруі, психологиялық ағылу және негізгі физикалық белсенділік тән, туризмнің басқа да ерекшеліктері қарапайым және кез келген жастағы адамдар үшін қол жетімді. Практикалық сабақтарда тыңдаушыларға белсенді демалыстың ең жақсы түрі туризм болып табылады.

Демалыс – адам ағзасын физикалық сарқылудан және зиянды монотонды, біртұтас күнделікті өмірден құтқаруға мүмкіндік беретін, адам қызметінің аясындағы өзгеріс. Сондықтан демалысқа жүйелі түрде ойлану керек, ең алдымен жүйке кернеуінің физикалық шығындарынан немесе ұзын, шектеулі демалуын қажет ететінін түсіну және біздің уақытымызды белсенді өткізу бұлшық ет энергиясынқосу қажеттілігімен сипатталады. Демалыс уақытында, адам, жүрек белсенділігін көтермелеу үшін, тынықсыз өмірден босатылуы керек, терідегі метаболикалық процестерді жандандыруы тиіс. Дәрігерлердің айтуынша, ауруды емдеуден, гөрі алдын-алу керек, және бұл маңызды рөл туризмге жүктеледі.

Туризм барлығына қолжетімді, өйткені физикалық белсенділік реттеледі, және де көп күш жұмсалмайды, алайда белсенді күндерде, дененің энергиясы елеулі түрде тұтынуы да бар. Себебі, заманауи адам қарапайым қалыпты серуен және табиғатпен араласуды да үлгермейді, және мұның бәрін туристік сапарларда қабылдайды. Ол басқа спорт түрлерінен өзінің қарапайым бағдарламасымен ерекшеленеді, кез-келген жастағы және тіпті денсаулығына қарамастан, күрделі, күрделіліктің категориясына да саяхат жасауға болатын қарапайым демалыс күнінен де айырмашылығы көп емес. Туризм табиғат пен достармен қарым-қатынас жасау, Отанын білу және тарихи және мәдени ескерткіштермен танысу, қызықты адамдармен кездесулер және адамның физикалық жетілуі.

Туризм – бұл тұрақты жаңалықтар. Табиғи құбылыстардың, жаңа жолдары ғана емес, ең бастысы – адамның серуендеуі, оның ашықтығын жақсы танытындығы және қатал табиғи жағдайларда, төзімділік, батылдықты, өзара көмек көрсету, әрбір тәуелсіз адамның қоғамдағы атына және ұстанымына лайық екенін тексереді. Бір сөзбен айтқанда – шыдамдылық сынағы!

Сонымен қатар, туризм – демалуға арналған ең демократиялық нысан, себебі, төменгі және жоғарғы жастық шегі шектелмейді және ересектер сияқты, жас балалар да айналыса алады, туризм адамның әртүрлі ұмтылыстарын қанағаттандыра алады, әрқайсысы өзіндік жүрудің күрделілігін анықтайды.

Ұйымның сипаты бойынша туризм жоспарлы (ұйымдастырылған) және әуесқой (ұйымдастырылмаған) болып бөлінеді. Жоспарлы туризм – бұл туристерге белгілі бір кешенді ұсына отырып, тиісті туристік ұйымдар әзірлеген және ұйымдастырған маршруттар бойынша саяхат қызмет көрсету (экскурсиялық қызмет көрсету, көліктік тасымалдау, мекендеу орындарымен қамтамасыз ету, тамақтану және т.б.). Қысқа мерзімді туризм ("демалыс күні" туризмі) адамдардың туристік саяхатта үштен аспайтын болуын көздейді 12 күн. Егер оған қатысушылардың саны кемінде 10 турист болса, саяхат топтық деп танылады.[1]

Туризм анархия және бақылаусыздық кезеңнен баяғыда өткен. КСРО-да ол жалпы Туризм жөніндегі орталық кеңес, дене шынықтыру және спорт жөніндегі Бүкілодақтық комитет, жоғары білім министрлігі және орта білім беру комитеттерімен үйлестірілді. Елде туризм және экскурсиялар бойынша аумақтық кеңестердің, туристік базалардың, бюролардың кең желісі қалыптасты саяхат және экскурсиялар, туристік және Өлкетану клубтары, секциялар, үйірмелер. Олардың қызметі жеткілікті оқу-әдістемелік қамтамасыз етумен нығайтылды. КСРО ыдырағаннан кейін әуесқой туризмнің қазіргі ұйымдық құрылымы тәуелсіз мемлекеттерге мұра болып, жалғасуда шамамен бірдей түрде, бірақ аз мөлшерде [1].

Қазіргі уақытта ол туристік мінез-құлқы мен психоэмоционалдық жаттығулардағы толеранттылық пен қоректік кернеуді бақылау, қоршаған ортаның организмге әсер етуі туралы ақпарат жинақтау кезеңі ретінде сипаттауға болады. Жаттығу процесі тыныс алу жүйесінің, жүрек-қантамыр жүйесінің, және т.б. басқа жүйелердің функционалдық сипаттамаларын жоғарылату мақсатына жету мақсатында тұрақты физикалық белсенділік қарқынын сәйкестендіруден құралады. Ең алдымен, физикалық белсенділіктің жүрек жұмысына оң әсері О<sub>2</sub> жеткізу жүйесін айтарлықтай жақсартады, теріге жеткізу және оны жоюға арналады.

Дене жүктемесінің артуына бейімделу: резервтік механизмдерді енгізу ұзақ уақыт бойы жеткілікті әсер етуді талап етеді, себебі бұл жасушалық құрылымдардың реттеу процестерін жақсарту арқылы олардың энергетикалық қорларын ұлғайтудың органикалық қайта құрылуына байланысты. Ұзақ мерзімді қарқынды жаттығулар қарастырылғанда, олар төзімділікті дамытып, денесі жұмысы терілерінің энергия ресурстарын бір уақытта қалпына келтіру процесін жетілдіреді.

Туристік сапар кезінде энергияның жалпы құны қандай?

Ең төменгі жылдамдықпен сағатына 3 км-ге дейін тегіс жердегі баяу қозғалыс сағатына 150 ккал/с шамасында энергияны тұтынумен шамалы. 10-15 кг-ға рюкзакпен бірдей қозғалыстағы энергияны тұтыну минутына тағы 0,7 және 1,3 ккал / минутына артады. Ер адамға арналған рюкзактың салмағы 25-30 кг-нан аспауы керек, әйел үшін – 15-18 кг, және тек жорықтың алғашқы күндерінде. Содан кейін салмақ рюкзактар азаяды, өйткені оларды тасымалдайтын өнімдер. Рюкзак дұрыс қойылуы керек: бастағанда ауыр заттарды жеңіл заттарға, төменнен жоғарыға, бірақ қажет заттарды, мысалы, жел пальто, плащ, сіріңке, компас, үстіне қойыңыз) [2].

Екі үш күндік жаяу жүру сияқты күрделі энергия тұтынудың 2 санаты қанағаттанарлық жалпы физикалық деңгейге ұшырайды. Тұтынылатын энергияның жалпы сомасы қосылады және науқандағы барлық басқа іс-шараларға жалпы шығындар тәулігіне шамамен 4000 ккал. Лагерде сапарлар екі-үш күнмен 2 000 калорияға дейін жүрсе, 850-ден 1200 килокалорияға дейін өзгереді. Соңғы кездерде бұл жүктеме ауыр физикалық жұмысты орындау кезінде сәйкес келеді.

Жүрек-қантамырлық және тыныс алу органдарының және басқа жүйелердің талап етілетін мөлшеріне және уақытына байланысты және О<sub>2</sub>-ны қарқынды жұмысшы бұлшық етке жеткізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ оңтайлы уақытта жасушалардағы энергиямен жабдықтауды қалпына келтіреді. 2000 ккал заряды өте үлкен, арнайы дене тәрбиесі болмаса, сіз оны жеңе алмайсыз, бұл алдын ала оқытуды талап етеді. Тренинг жаттығуларын бастаған кезде алдымен дененің мәртебесін және дененің жүктемелерге төзімділік дәрежесін объективті бағалау қажет. Туризм төзімділікті талап еткендіктен, туристерге арналған жаттығу бағдарламасы ауыр атлеттерден, гимнасттардан және т.б. ерекшеленуі керек. Туристердің организмінде, жасушаларда жеткілікті энергетикалық резервтерге мүмкіндік беретін, сондай-ақ демалыс кезінде толық қалпына келтіруге мүмкіндік беретін орнықты алмасу процестері ерекше маңызды. Шыдамдылықты оқыту бағдарламасы ұзақ мерзімді жоғары қарқынды физикалық күштермен фортификациялауға негізделген, оларды еңсеру үшін жасырын

қорларға баруға мәжбүр болды, бірақ жаттығу кезінде жалпы энергия шығындалады. Тек осындай ақпаратқа ие бола отырып, оқу үрдісінің көлемін және қарқындылығын дұрыс жоспарлауға болады.

Тыныс алу жүйесінің жұмысын белгілі бір дене күшімен, мысалы, жүгіруде, отырып-тұру және басқа жаттығуларымен зерттеуге болады.

Спорттық медицинада осы мақсатта жүрек пен өпкектің функционалды жағдайын, сондай-ақ олардың қызметін қалпына келтіру мерзімдерін анықтауға мүмкіндік беретін стандартты физикалық белсенділіктен кейін бірнеше жүктеме әдісі қарастырылған. Кейбір жүктеме әдістерінің көмегімен турист оның жағдайы мен дайындық дәрежесі туралы қорытынды жасай алады.

Летунова үлгісі (3-минуттық отырып-тұру үлгісі): 20 рет отырып-тұру 3 минуттық үзіліспен, 15 секундта барынша жылдамдықпен жүгіріп, 4 минут демалыс, орташа жылдамдықпен 3 минут (10 км/сағ) Тесттің жетіспеушілігі мынада, бұл жүктемені энергияны блоктауға айналдыру мүмкін емес [3].

Қалыпты жағдайларда арнайы сынақ ең қолайлы болып табылады. Ол белгілі бір уақыт кезеңі ішінде кг / м орындалған жүктің көлемін дәл анықтай алады, оны қайта есептеуге немесе жұмсалған энергияға айналдыруға болады, ал екіншіден, пульстің жылдамдығын ескере отырып, жұмсалған оттектің мөлшерін анықтайды.

Максималды тұтыну көрсеткіштері O<sub>2</sub>-ақпараттың бір түрі, сондықтан, жүрек-қан тамыр жүйесі және тыныс алу жүйесі туындысы, сонымен қатар, организмнің қабілеттілігінің көрсеткіші болып табылады.

Дайындалған тұлғаларда O<sub>2</sub> тұтыну көрсеткіші 4.5 л/мин, ал дайындығы жоқ тұлғаларда 2-2.5 л/мин. Сонымен қатар, жүрек-тамыр жүйесі мен тыныс алу жүйесінің функционалды көрсеткіштері қалыпты сынақтан кейінгі қалыпты жағдайға қайта оралған туристің кезеңнің физикалық дайындығын көрсетеді. Қалпына келтіру кезеңінің ұзақтығы көптеген факторларға байланысты, олардың негізгі бөлігі физикалық белсенділіктің қарқындылығы және O<sub>2</sub> тұтыну мөлшері. Жүктеуге тез импульспен қоса, дене қан қысымының артуымен жауап береді. Спортшыларды оқытудың тиісті деңгейімен адаптивті жауаптың аздап өсуі байқалады. Дегенмен, O<sub>2</sub> тұтынудың қанағаттанарлық және тіпті жақсы көрсеткіштері, жүрек соғу жылдамдығын және қан қысымын тез қалыпқа келтіру адамның кең ауқымды жұмыстарды атқару мүмкіндігі туралы сөзсіз айтуға мүмкіндік бермейді. Дене шынықтыру жаттығулары алдын-ала жүріп-тұру үшін жалпы физикалық және арнайы бөлінуі мүмкін, мысалы, альпинизм әдістерін жетілдіру, арнайы тосқауылдарды жеңу, таулы өзендерде рафтинг дағдыларын игеру. Жалпы физикалық жаттығулардың мақсаты жүрек-қан тамырлық жүйесін жаттығуға төзімділікке дайындау. Дегенмен, жоғары қарқындылығы жоғары жүктемелер оттекті аштыққа, толық емес жинақталған өнімдердің жинақталуына, энергетикалық қорлардың сарқылуына әкелуі мүмкін. Осындай салдарға жол бермеу үшін туризмдегі шыдамдылықты оқыту негізі орта және жоғары қарқындылықтың ауыспалы жүктемелеріне негізделуі керек, ол міндетті түрде демалыс кезеңімен белгіленеді. Оқу жаттығуларының көлемі жаттығулардың көлеміне және пассивтілігіне байланысты болады, жаттығу уақытының қарқындылығын арттыру арқылы сіз көбейте немесе төмендете аласыз. Дегенмен, қиындықты жеңе отырып, ұзақ уақыт бойы тұрақты шыдамдылық пен табандылық таныту арқылы жұмыс істей бастайды.

Ғалымдар өтпелі кезеңнің, дайындықтың және тренингтің үш сатылы оқу процесін өткізуді ұсынады. Өтпелі кезең төменгі қарқынды дене жаттығулары арқылы жақын арада туристік сапардан кейін жақсы физикалық жағдайдың сақталуын қамтамасыз етеді (1770-2555 ккал аптасына)

Дайындық кезеңінің міндеті – денені шерудегі жүктемелерге сәйкес келетін жүктемені жеңуге дайындау.

Үшінші оқу кезеңі саяхатқа барады, бірақ ол осы кезеңнен бастап, дене шынықтырудың барлық кезеңдерінде энергияның жоғары шығындарын еңсеру үшін барлық мүмкіндіктерін жүзеге асырады және олардың тез қалпына келуі туризмнің әрбір түрі үшін арнайы ғылымның теориялық білімдерін меңгеру керек. Өтпелі кезеңнің оқу процесіне қызығушылық танытқаныма қарамастан, дайындық циклы басым көпшілігі, негізінен, туристің жекелеген қасиеттеріне жеке көзқарас, аудандық саяхаттардың міндеттеріне байланысты жеке-жеке жүзеге асырылады және т.б. Топ тек аптасына бір рет 1–2 жаттығудан кейін аяқталды. жолдастарыңызды даярлау сапасының кемшіліктері және ең алдымен сіздің жетістіктеріңізді сынап көре аласыз. Жаттығу құралы құрылымды болуы керек, егер адам жолға кіргенде, дене жүктелетін талаптардың көлемін аударуға дайын болса, туристің операциясының әрбір қатысушысына жеке жүктемесі оның жүрек-тамыр жүйесі мен тыныс алу жүйесінің бастапқы күйіне сәйкес келуі керек.

Туризмнің қандай да бір спорттық жетістіктерге жетуіне жол берілмейді, бұқаралық туризмнің мақсаты – 1-ші және 3-ші санаттар бойынша жаяу серуендеу сияқты, ең алдымен, денсаулықты сақтау

және жақсарту, бұл жыл сайынғы спорттық сапарлармен және көптеген демалыс күндері, тұрақты жаттығулар мен қарқындылығы төмен. Дене шынықтырумен айналысу үшін туристтер дене шынықтыру үшін аптасына 2500-3000 килокалория жұмсау керек. Күнделікті өмірдегі басты метаболизмнің негізгі энергиясын тартатын жүктемелердің толеранттылығы үшін ағзаны және жүрек-қантамырлық жүйесін кезең-кезеңмен дайындау. Екіншісінің міндеті – дене шынықтырудың жоғары деңгейіне дененің тұрақты позитивті реакциясын жасау, туристер алдындағы дайындық сапасын тек рюкзалды киімді жеңілдету үшін ғана емес, адамның физикалық жағдайы жақсы, ең алдымен сыртқы орта, оның ішінде суық тию ауруларының теріс әсеріне денсаулыққа төзімділік.

Туризм – сапарға дайындық немесе тікелей жүру кезеңінде адамның белсенді спорттық-психикалық белсенділігінің өзіндік түрі. Туризмнің негізгі критерийі адамның саналы түрде жүйелі орналасуы болып табылады, туризмнің тағы бір маңызды ерекшелігі – бұлшықеттің күші мен судың табиғи энергиясын шешу үшін су мен желді пайдаланатын өзінің күшін қолданудағы құпия саясаты, көбінде күнделікті энергия тұтынудың шамамен 10% физикалық белсенділікке ие; қалыпты дененің белсенділігі тәулігіне (500 -700 ккал) дене белсенділігіне жұмсауға тиіс. Бұл тапшылық демалыс күндері болып табылады. Бір адамның жүру уақыты ішінде осы қол жетімді жалпыға қол жетімділік немесе 1 – 2 саяхат категориялары үшін күрделілігі 150-200 ккал ғана жұмсайды. Кәдімгі физикалық жағдайы және тіпті арнайы дайындықтан өтпеген адамдар үшін.

Жаяу сапарларда физикалық шығындар күрделіліктің 3 санаты қан тамырлар-кардиохирургиялық жүйеде жоғары талаптарды қарастырмайды Туризмдегі физикалық белсенділіктің барлық деңгейін қалай сипаттауға болады? Олар басқа спорт түрлерінен кем болмауы керек екендігін атап өтейік. көліктің табиғи жағдайларына дәл осындай жағдайларда таза ауа мен судың айналасына түсетініне қарай жүктің өтуіне әлдеқайда оңай болады дене күйін келтіру қоршаған ортаны, олардың өзара іс-қимыл режимін жүріп, жаңа жағдайларға айқын фактор организм бейімделу білдіреді .

Бұл науқандағы тәртіп Табиғи өмірдің қолайлы сыртқы ортада физикалық белсенділікті арттыра отырып, ең жақсы жағдайда жалғасы.

Кәдімгі спорттық туризм -ең алдымен, адамның физиологиялық қажеттілігі болып табылады. Жаяу жүру кезінде,әсіресе уыр рюкзакпен қозғалыста дененің барлық бұлшық ет топтары белсенді түрде қатысады,оның ішінде: аяғы, артқы жағы, диафрагма, кеуде қуысы бұлшық еттері. Туризмде, кез-келген спорт секілді, денсаулығына зиян тигізетін әсер тікелей жаттығу кезінде ғана пайда болады. Сондықтан, жаттығулар тек организмнің органдарының жоғары функционалдық қабілетін сақтай алады. Тәулігіне 4000-5000 ккал шығынмен туризм туристің денсаулығына келесі 2-3 айда ғана қол жеткізе алады. Ұзақ дене жаттығулары кезінде дененің органдары мен жүйесі өте қарқынды жұмыс істей бастайды, бұл осы органдардың және жүйелердің жұмысында тиімділік пен келісу болмайды. Бағытта азықтандыру режимі қозғалыс режиміне бағынады: күніне 3 рет тамақпен тамақтану жағдайына ең қолайлы: қалыпты ас қорыту рефлекстері пайда болады және ас қорыту шырындарының секрециясы пайда болады және бекітіледі, ішек жүйесінің функциясы реттеледі.

Туризм адамның ерік-жігерін тексереді және дамытады, ал спортзалдың жылыжай жағдайында емес, ал нақты сынақ пен адамның өмірге көзқарасын шынайы бағалайды.

Спортта өзін-өзі растау адами сипаттағы ең күшті қасиеттердің бірі болып табылады. Туризмде бұл ерекше маңызға ие, өйткені тіпті өзін-өзі ақтайтын, жиі батыл әрекеттерді талап етеді. Ерлігі әрқашан тәуекел тұжырымдамасымен байланысты. Онсыз бұл мүмкін емес. Туристік психологияның ерекшеліктері, туристердің бәріне қарамастан, өмір сүруді жалғастырып келе жатқан адамның алыс өткен дәуіріндегі еске сақтап келуіне байланысты.

Иә, туризмнің көптеген ерекшеліктері бар. Бірақ денсаулығына нұқсан келтіретін кейбір көлеңкелі жағы бар, мысалы, физикалық күш салу Кейбір жағдайларда олар ағзаның әлеуетінен асып, шектеулі болып, демек, таусылып қалады. Мұның себебі физикалық қабілеттерін асыра бағалау және тандалған маршруттың қиындықтарын кеміту болуы мүмкін. Тұрғындар жаттығу барысында, жаттығу кезінде және сапар барысында жүктемені бақылаудың, жаттығу процесінің нақты ұйымдастырылғанын, әзірленбеген бағдарламалары мен әдістерінің жоқтығын дәлелдейді. Туристер, сонымен қатар, олардың денсаулығы мен жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша ұсыныстары жоқ, бұл оларға оқытудың дәрежесін объективті бағалауға және болжамды жүктемелердің төзімділігіне мүмкіндік береді. Иә, туризм әртүрлі. Бірақ оның жағы қандай болса да, ол денсаулық жағдайын сақтап қалады. Сондай-ақ, үнемі саяхаттайтын адамдар, әдетте, денсаулығына ие болып, туризмнен қайтқан соң, турист әрқашан күш-қуаттың керемет үлгісін сезеді. Зерттелген адамдардың денсаулығының жай-күйі туралы арнайы зерттеулер дененің барлық өмірлік белгілері жақсарғанын көрсетеді: өткір венаның реакциясы қан қысымының күрт өсуі түрінде жүктеме болып табылады, жүректің өнімділігі тек жүрек



соғу жылдамдығымен ғана емес, жүрек қабілетін арттырады. Бірнеше ауыртпашылықтан кейін бірдей жүктеме үшін организм О<sub>2</sub> көбірек жұмсауға бастайды.

Бұл факт ағзаның жұмысында пайда болған табыстылықты көрсетеді, алайда жаяу жүргенде алынған денсаулық сақтау қоры 1-2 айға жетеді деп айтуға болады. Сонымен қатар, тұрақты туристік сапарлар денеде өте қысқа уақыт ішінде жоғары қарқынды физикалық күш-қуатқа бейімделуге және олардың көп стресстерсіз қабылдауына мүмкіндік беретін база құрады.

Қортындылай келгенде, әуесқой туризм белсенді демалыстардың бірі болып табылады. Туристік сапарларда адам өзінің денсаулығын нығайтады, организмін шынықтырады, күшпен ептілікті дамытады, өмірлік дағдылардың пайда болуына ықпал етеді.

Туристердің дене шымырлығы таулы жерлерге, табиғат аясына сапарға аттануда жәрдемші болатын бірден бір бөлігі болып табылады, себебі ол сапардағы қиындықтар туған жағдайдағы салауатты өмір салты және сапардың жақсы аяқталуына әсер етеді.

Физикалық дайындық қамтамасыз етуі тиіс:

1. Жалпы жан-жақты дене дайындық
2. Жаяу жүру режиміне байланысты арнайы дене шынықтыру
3. Организмді шынықтыру

Ағза дайындық үздіксіз және жыл бойы болуы керек. Таңертеңгі гимнастика, арнайы жаттығулар, және демалыс күнгі табиғат аясына сапарларды қоса алғанда, жиі түрде медициналық тексеруден өтіп тұру міндетті түрдегі шарт болып табылады.

### **Әдебиеттер**

1. Грицак Юрий Петрович «Организация самодеятельного туризма»: Учебное пособие для студентов специальности «Туризм». – Харьков: Экограф, 2008.-164стр. ISBN 966-7655-25-3.

2. Горшков Илья Дмитриевич. Спортивно-оздоровительный туризм: текст лекций / И. Д. Горшков; Яросл. гос. ун-т им. П. Г. Демидова. – Ярославль : ЯрГУ, 2014. – 60 с. ISBN 978-5-8397-0984-3

3. Спортивная медицина: учебное пособие / Л. Л. Миллер – «Спорт», 2016 ISBN 978-5-906131-47-8.

---

**САУЫҚТЫРУ ЖӘНЕ БЕЙІМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ (ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, ПЕРСПЕКТИВАЛАР)//ОЗДОРОВИТЕЛЬНАЯ И АДАПТИВНАЯ ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА (ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ)// RECREATIONAL AND ADAPTED PHYSICAL EDUCATION (EXPERIENCE, PROBLEMS, PROSPECTS)**

---

**ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ МЕН СПОРТ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҮЙЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

**Тастанов А.Ж.** – п.ғ.к., доцент, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркестан қ., Қазақстан

**Сақаев Б.Ә.** – ҚР ЕСЖ, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**Алшынбаев К.И.** – п.ғ.к., доцент, Шымкент педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан

**Тастанова А.Ж.** – магистр, Шымкент педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақаланың мазмұнында дене шынықтыру және спорт саласында білім алып жатқан студенттер мен жас мамандарға күнделікті жүргізіп жатқан сабақ барысында мамандық ерекшелігіне сай дене тәрбиесі жүйесінде халықтық педагогика элементтерін пайдалану үрдісінің қағидалары, дене тәрбиесі сабағында қолданылатын халықтық педагогика материалдарының мазмұны, әдістері және оны ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптарды анықтайтын бастау ережелері мен ұлттық спорт ойындарының элементтерін тиімді қолданудың педагогикалық шарттары жан-жақты қарастырылады.

**Түйін сөздер:** Қазақтың ұлттық ойын және спорт элементтері, халықтық педагогика, дене тәрбиесі және спорт.

**PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR USING ELEMENTS OF THE KAZAKH NATIONAL GAME AND SPORTS IN THE SYSTEM OF PHYSICAL EDUCATION**

**Tastanov A.Zh.** – candidate of pedagogical sciences., associate professor, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan

**Sakayev B.A.** – Professor, Honored Coach of the Republic of Kazakhstan, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

**Alshynbayev K.I.** – candidate of pedagogical sciences., associate professor, Shymkent Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

**Tastanova A.Zh.** – Master's Degree, Shymkent Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

**Annotation.** The content of the article examines in detail the principles of the process of using elements of folk pedagogy in the system of physical education in accordance with the specifics of the profession, the content of materials of folk pedagogy used in the lesson of physical education, methods and basic requirements for its organization, as well as pedagogical conditions for the effective use of elements of national sports games.

**Key words:** Kazakh national game and spot elements, folk pedagogy, Physical Culture and sports.

Адам ағзасының қалыптасуы мен жетілуіне көптеген алғы шарттар қажет. Мәселен, дене жаттығуларымен, гимнастикамен, шаңғымен, спорт ойындарымен үнемі және жүйелі түрде айналысқан адамның дене жаттығуларымен айналыспаған адамға қарағанда денсаулығы мықты болатынын, сондай-ақ әр түрлі мәліметтер мен жаңалықтарды сергек қабылдап, ой елегінен өткізуге, кәсіптік білімді игеруге қабілеттірек болатындығын ғылым да, тәжірибе де дәлелдеп келеді. Спорттың қоғамға жат қылықтармен күресуге көмектесетіндігі, өзара көмек және ұжымдық сезімді қалыптастырып, белсенді өмірлік көзқарас пен жоғары адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейтіндігі де жақсы мәлім.

Болашақ денешынықтыру мұғалімдеріне дене тәрбиесі сабағында халықтық педагогика элементтерін пайдалану – студенттердің дағдыларға машықтану мен оны жетілдіре түсуге ерекше ынта туғызады. Жылдамдық, күш, икемділік, шыдамдылық секілді әрбір адамның тұрмыс-тіршілігіне қажет болатын дене қасиеттерін дамытуда да ұлттық ойындар өз тарапынан ерекше рөл атқарады.

Болашақ денешынықтыру мұғалімдерінің мамандығы ерекшелігіне сай дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану үрдістерінің қағидалары – бұл дене тәрбиесі сабағында қолданылатын халықтық педагогика материалдарының мазмұнына, әдістеріне оны ұйымдастыруға

қойылатын өзекті талаптарды анықтайтын негізгі ережелері болып табылады. Бұл халықтық педагогика материалдарын дене тәрбиесі сабағында қолданудың өзіндік ерекшелігін танытады.

Негізгі қойылатын талаптар:

1. Міндеттілік – бұл дене тәрбиесі сабағында халықтық педагогика материалдарын пайдалану – яғни, олар толық және міндетті түрде тәжірибеге ұласуды талап етеді. Дене тәрбиесі сабағын ұлттық нышанда өткізудің маңызы өте зор.

2. Қағидалар кешені, жинақталған талаптар түрінде дене тәрбиесі сабағының барлық кезеңдерінде біріккен түрде қолданылуы тиіс.

3. Бірмәнділік. Бұл жалпыға бірдей ортақ ережелер ретінде бірмәнді болып келеді. Барлық қағидаларды теңдей мәнді деп бағалау тәрби үрдісінің жемісті болуының кепілі. Бірақ, олар дене тәрбиесіне қажет арнайы білімдерді, денені шынықтырудағы тұлға тәжірибесін, шеберлігін алмастыра алмайды.

Болашақ денешынықтыру мұғалімдеріне дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалануда мынадай принциптерді ұстану қажет:

- дене тәрбиесінің қоғамдық бағытта болуы;
- дене тәрбиесінің өмірмен, еңбекпен байланысты болуы;
- студенттердің ұнамды өнеге-үлгіге арқа сүйеуі;
- дене тәрбиесінің гуманизациясы;
- дене тәрбиесінің тұлғалық сапаларға сүйенуі;
- дене мәдениеті ықпалдарының бірлігі.

Дене тәрбиесінің қоғамдық бағытта болу қағидасы. Елімізде дене салауаттылығы қозғалысын бүкіл халықтық қозғалысқа айналдыру үшін, дене шынықтырумен айналысуға барлық жас топтарындағы адамдарды тарту ісі қолға алынып отыр. Бұл қағида педагог іс-әрекетін дене тәрбиесі бағдарламасына сәйкес өскелең ұрпақты шынықтыруды көздейді және жоғары адамгершілік қасиеттерге ие, дені сау тұлға қалыптастыруға бағдарлайды. Егер мемлекеттік және қоғамдық мүдделер бір-біріне сай келіп, азаматтардың жеке мүдделерімен келісімді болса, онда жоғарыдағы қағида талаптары белгілі бағытта жүзеге асады деуге болады.

Соңғы жылдары жалпы қоғамдық мекемелерге енгізілетін Қазақстан Республикасы тұрғындары дене даярлығының Президенттік сынамалары соған дәлел. Қоғамдық бағытты іске асыра отырып, болашақ педагогмамандығы ерекшелігіне сай дене тәрбиесі сабағында халықтық педагогика материалдарын жүйелі пайдаланудың маңызы зор. Дене тәрбиесі сабағында халықтық педагогика материалдарын тиімді пайдалану дене тәрбиесі саласы мен болашақ педагог арасындағы тиімді байланыс орнайтын пайдалы іс-әрекетте жүзеге асады. Дегенмен де халықтық педагогика материалдары (ұлттық ойын және спорттық жаттығу элементтері) дене тәрбиесі саласында жоғарғы мәнге ие болуы үшін, барлық саладағы мамандарға ұлттық ойын және спорт элементтерін барынша тусіндіріп оның адам ағзасына қаншалықты қажет әрі маңызды екенінен ақпарат беріп түсініктерін қалыптастыру қажет.

Осы көпшілікке берілген ақпараттар дұрыс және жоғары парасатты, қоғамдық мәнді болса, онда бұл іс-шара қылықтарға басты серпін беретін, халықтық педагогика материалдары дене тәрбиесі жүйесінде өз орнын тиімді тауып, сабақтың сапасын жоғарылатады деуге толық болады. Ұлттық ойындар, ұлт спорттық қозғалыс-қимыл жаттығулары әр адамға ерте балалық шақтан етене таныс. Сондықтан да халықтың педагогика материалдары дәйектеліп, дене тәрбиесі сабақтарының жоспарында дұрыс бекітілетін болса, онда бұлар тез меңгерілер еді.

Дене тәрбиесінің өмірмен, еңбекпен байланысты болу үрдісі. Ол болашақ дәрігерлерден мынадай екі бағыттағы белсенді іс-әрекетін талап етеді:

1) әртүрлі өзгерістері мол қоғамдық және халықтық педагогика материалдарымен студенттерді кең және нақтылай таныстыру;

2) студенттерді шынайы өмірлік қатынастарға, әртүрлі қоғамдық пайдалы іс-шараларға араластыру (Мәселен, наурыз мейрамындағы атқарылатын іс-шаралар).

И.П. Павлов адам ағзасының өмірлік іс-әрекеті қоршаған орта әсерінен, өмір сүру жағдайына байланысты екендігін атап көрсеткен. Адамның тұлға болып қалыптасуы оның қоғамдық және еңбек қатынастарға жекелей түсуі, әрекетке араласуына тікелей тәуелді. Халықтық педагогика материалдарын дене тәрбиесі сабағында пайдалану, адамның жағымды сапаларын дамытады, яғни ұлттық ойын немесе ұлт спорттық қимыл-қозғалыс жаттығулары қарқынды болған сайын тұлғаның әлеуметтену және ұлттық сезімінің даму деңгейі жоғарылай түседі.

Дене тәрбиесі сабағының келешек өмірмен және еңбекпен байланысты болу үрдісін дұрыс іске асыру педагогтан төмендегідей мәліметтерді қамтамасыз етуін талап етеді:

- еңбек іс-әрекетінде ұлттық нанымдарды үйлестіру және дене тәрбиесі сабағындағы жаттығуларды мамандығы бойынша сәйкестендіру;
- көп және табысты еңбек ету ептіліктерін дамыту, өзі үшін және қоғам пайдасына орай жауапкершілік және мейірімділікпен көмек көрсетуге ниеттендіру, шыдамдылыққа шынықтыру;
- қоғамдық мүлік пен табиғат байлықтарына күтімді қарау, өз еңбегі арқылы қоғамдық меншікті көбейтуге талпыну ниетін қалыптастыру;
- материалды және рухани байлықтар мен құндылықтарды жасайтын еңбек адамдарына құрмет жасау;
- халықтық педагогика материалдарының жалпы негіздерін түсіну, білімдерін кеңейтуге талпыну, дене мәдениетін ғылыми ұйымдастыру негіздерін және жалпы мәдениетті меңгеруге бағыт беру;
- дене тәрбиесі сабағы тәртібін бұзушылыққа, енжарлыққа қажетсіз деп санауға, жайбарақаттыққа қоғамдық меншікті және табиғат байлығын талан-таражға түсіруге ымырасыз болуға ықпал ету.

Студенттердің ұнамды өнеге-үлгіге арқа сүйеу үрдістерінің талаптарының қарапайым болып көрінгенімен, педагог студенттердің спортқа деген ынта-жігерін, қызығушылығын тағы да басқа қасиеттерді анықтауға міндетті, соларға сүйене отырып, әрі толық қалыптаспаған немесе кері бағыттағы қасиеттерді үнемі дамытып, оларды қажетті деңгей мен жан-жақты үйлесімге жеткізуі қажет. Бұл үрдістің философиялық негізі – адам табиғатының “қарама-қайшылығы” туралы белгілі философиялық ереже бойынша адамдағы жақсы қасиеттер (жағымды мінез-құлық, шыдамдылық, табиғи кішіпейілділік т.б.) оған кері қасиеттермен (еріншектік, енжарлық, қиындықтан жалтару т.б.) бірге жүреді. Тек “кері” сол сияқты жүз пайыздық “жақсы” адам болмайды. Болашақ дәрігерлерді жақсылық жасауға қарай бағыттауын дене тәрбиесі сабағында халықтық педагогика материалдарын пайдаланудағы педагогтың міндеті, студентке өнегелі қасиеттерді молайтып, керіқасиеттердің азаюына қол жеткізу. Педагогтың іс-әрекетінің табысты болып, жылдам әрі нәтижелі болуы үшін үрдістерді іске асыру ережелерін басшылыққа алу керек.

- Студент пен педагогтың өзара ой-пікір пікір алмасуы тайталасы мен көзқарастарының үйлесімсіздігінен келіспеушілік туындайды. Тек бірлесіп жұмыс істеу, шыдамдылық, педагогтың студенттің дене мәдениетін дамытуына ынтамен қатысуы жақсы нәтижелер береді.

- Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің дене тәрбиесі сабағында жіберген қателіктері мен қылықтарындағы кемшіліктеріне ғана мән беру де дұрыс емес. Педагог әр студенттің дене қасиеттерін дамытып, оларды қолдау. Әрине, кері қасиетті айыптау және түзету керек. Бірақ, ең негізгісі – алдымен қажетті оң қасиеттерді дұрыс танып және олардың дамуына жол ашу.

- Студенттердің қызығушылықтарына (гимнастика, спортпен белсенді түрде айналысуы, танымдық, эстетикалық, жекелеген дене мүшелерінің әсем жетілуіне мән беруі т.б.) сүйену педагогикалық жағынан әрқашан ұтымды нәтижеге жетудің кепілі.

- Өнеге-үлгіге сүйенудің тағы бір жағы бар, оны ұнамды дене мәдениетін дамытуға жағдай жасау құралы ретінде пайдалануға болады. Бұл студенттің өмірлік іс-әрекеті, тіпті оқу орындарының “рухы”. Әрқайсысы өз ісімен шұғылданып, бір-біріне ешкім кедергі жасамайтын тыныш, оқу-тәрбие жоспары бір жүйеге қойылған, белсенді әрі ниетпен, ерікті ілгері жылжуға ықпал ететін кәсіптік білім мен дене тәрбиесі сабағында болашақ педагогтардың мамандығы ерекшелігіне сай, халықтық педагогика материалдарын пайдалануды жоғары дәрежеде ұйымдастырумен, әрбір ұсақ бөлшегіне дейін жоспарланған оқу орнының оқу-тәрбиелік мәнінде, бірлескен әрекет сезілген жерде өнімді табыс мотивацияларының болмауы мүмкін емес.

- Кемшіліктерін бетіне баса бергенде студенттердің өз-өзіне, күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімі азаяды. Тәжірибелі педагогтар студенттің жетістіктерін мақтап-мадақтауды, оның алдағы болатын жетістіктеріне күні бұрын қолдау береді. Келешек әрекет-қылықтардың жобасын жасап, студенттің табысты нәтижелерін орнықтырады, оларға сенім сәтсіздіктерде қолдау көрсетіп, спорттық дағдыларға машықтану мен оны жетілдіре түсуге ерекше ынта туғызуға ықпал етеді.

Жағымды өнегеге сүйену үрдісінде тағы бір маңызды қағида жанасады – ол гуманизация. Бұл қағидалардың талаптары:

- 1) студент тұлғасына адамилық тұрғысынан қарау;
- 2) оның құқықтары мен тәуелсіздігін сыйлау;
- 3) студентке саналы ойластырылған талаптар қою;
- 4) қойылған талапты орындаудан бас тартқан кезде де оның ұстанымын (позиция) құрметтеу;

- 5) адамның өзімен-өзі болу құқығын қолдау;
- 6) студенттің санасына дене мәдениетінің нақты мақсатын жеткізу;
- 7) қажетті сапалардың қиналыссыз, зорлықсыз қалыптасуы;
- 8) тұлғаның қадір-қасиетін төмендететін дене және басқа да жазалаудан бас тарту;
- 9) тұлғаның нанымдарына қандай да бір себептермен қайшы келетін қасиеттерді қалыптастырудан аулақ болу құқығын мойындау (гуманитарлық, діни сенімдер және т.б.). Дене тәрбиесінің тұлғалық сапаларға сүйену қағидасы. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің мамандығы ерекшелігіне сай, дене тәрбиесі сабағындахалықтық педагогика элементтерін пайдалануда, студенттердің жеке міндеттемесі мен мүмкіншіліктерін есепке алу маңызды жұмыс болып табылады.

#### Әдебиеттер

1. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: Санат, 2000. – 72 б.
2. Тастанов Ә.Ж. Оқушылардың дене тәрбиесін қалыптастырудың ілімдік және әдістемелік негіздері: монография.- Алматы, 2004. -54-70б
3. Тайжанов С. Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу. – Алматы: Мектеп, 2004. – 96 б.
4. Бекбатчаев Т.Ж. Применение традиционных казахских игр и упражнений в системе физического воспитания в школе: Автореф. дисс.канд. пед. наук –Алма-Ата, 2008. -21 с.
5. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, 1978. – 144 б.

## ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҰЛҒА ДАМУЫНА ӘСЕРІ

**Бекбаул Л.Ж.** – Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Бұл мақалада тұлғаның эмоциялық сферасының дамуы мен эмоцияны меңгеруі жөнінде айтылған. Сонымен қатар қоғамдық қатынастарды меңгере отырып, тұлғаның эмоциялық интеллектісінің дамуы мен маңызы қарастырылады.

**Түйін сөздер:** тұлға, қарым-қатынас, даму, эмоция, эмоцияны меңгеру, көшбасшылық, интеллект, эмоциялық интеллект.

### EMOTIONAL INTELLIGENCE AND ITS IMPACT ON PERSONAL DEVELOPMENT

**L.J. Bekbaul** – Kazakh Academy of Sports and Tourism, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** This article deals with the development of the emotional sphere of the individual and the mastery of emotions. The development and significance of the emotional intelligence of the individual with the mastery of social relations is also considered.

**Key words:** personality, communication, development, emotions, mastering emotions, leadership, intelligence, Emotional intelligence.

Бүгінгі таңда жаһандану дәуірінде адамдар мен қоғамның салауаттылығы бүкіл өркениетті әлем үшін әлеуметтік маңызды сипатқа ие болып отыр. Әсіресе тұлғаның мінез-құлықты қоғамдық нормаларға сәйкестендіре отырып, кез келген салада жетістікке жете алатын тұлға болып қалыптасуы маңызды орынға шығуда. Тұлға – бұл қоғамдық тарихи дамудың өнімі. Сондықтан, қоғамдық міне-құлық нормаларын қоғаммен қарым-қатынас негізінде қалыптастырады. Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс-әрекеті тұлғасының қалыптасуын анықтайды. Яғни, тұлғаның қалыптасуы биологиялық және әлеуметтік факторларға, сондай-ақ нақтылы тарихи ортаға байланысты. Ал тұлғаның дамумеханизмі көптеген ішкі және сыртқы факторларға тәуелді болып келеді. Осы себепті әр тұлғаны қайталанбас тіршілік иесі ретінде қарастыра отырып, қалыптастыру заман талабы. Ал Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңына сәйкес "Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту" сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғарғы қарым-қатынас мүмкіншіліктерін игерген лидер тұлға қалыптастыру қажеттілігі артуда.

Дарынды балаларға білім беруді, әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу, бір жағынан, қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан, ерекше дарынды балалардың жеке өзіндік эмоционалдық интеллект деңгейінің дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде психологияда эмоция жайындағы ілім және оның теориялық дамуы жалпы психологияның өзге тақырыптарымен салыстырып қарағанда өзіндік сипаты бар күрделі мәселелер қатарына жатады. Эмоция мен сезім жеке үрдістер сипатында болғанымен, белгілі жағдайда біріне-бірі ұқсас, алайда олардың өзіндік мәндері ерекше және адамның жан дүниесінің әр алуан ерекшеліктерімен байланысты болады деп қарастырылады.

Қазақ тіліне аударғанда «эмоция» сөзі – ол жан-дүниенің қозғалысы, жан-дүниенің қобалжуы. Адамның эмоциялары оның мінез құлқында ерекше рөл атқарады.

В.К. Вилюнас эмоцияларды жеке психикалық үрдістер ретінде емес, тұлғаның қызметінің көрінісі ретінде қарастырды [1]. Ол эмоционалды құбылыс бейнелеуші мазмұннан және эмоционалды күйзелістен тұрады деп санады.

Л.С. Выготский эмоциялардың теориялық мәселелерін өз зерттеулері арқылы қарастырған. Оның көзқарасы бойынша эмоциялар ағзаны белсенділікке ынталандырып, оның қоршаған ортамен өзара қатынасын реттейді [2].

Э. Клапаред эмоция туралы дамыған бала мен қалыпты жағдайдан ауытқыған баланы ересек адамдармен салыстыра отырып, арнайы тәжірибе арқылы зерттеді. Ол эмоция мен сезім жеке процестер сипатында болғанымен, белгілі жағдайда біріне-бірі ұқсас, алайда олардың өзіндік мәндері ерекше деген көзқараста болды. Эмоция адамның жан дүниесінің әр алуан ерекшеліктерімен байланысты болатындығын да қарастырды [3].

З. Фрейд бірқалыпты дамыған бала мен жүйке ауруына ұшыраған баланың эмоцияларын ересек адамдардың тіршілігімен салыстыра отырып зерттеуге мамандардың үнемі көңіл аударып отыратындарына назар аударды [4].

Түрлі ғылыми зерттеулерге сүйенсек тұлғаның эмоциялық сферасы өзін-өзі реттеу процесінде де маңызды рөл атқарады. Психологиялық көмек көрсету арқылы үрей, гиперсезімталдық, сенімсіздік, стрестің жойылуына жағдай жасауға болады. Адам өз эмоцияларын басқару дағдыларын меңгеру арқылы өзін сырттан қауіп төндіретін факторлардан толық қорғай алады және қоғамға бейімдеу мүмкіндігіне ие болады деген ой түйіндеуге болады.

Демек, тұлғаның эмоцияналдық сферасы қоғамның кез келген саласында қоғам мүшелерімен жағымды қарым қатынастың негізін қалап қана қоймай, кез келген саласында көшбасшы болуының негізі болып табылады. Бұл тұлға бойындағы интеллектің деңгейінің көрсеткіші деп бағалауға сәйкес келеді. Осы себепті қазір ғылымда тұлғаның эмоциялық интеллект ұғымы тұлға дамуындағы қызығушылық тудыратын, жүйелі зерттеуді қажет ететін ұғымдардың қатарына қосылуда.

Эмоциялық интеллект түсінігіне қоршаған ортадағы адамдардың эмоциясын түсіну және олардың эмоциялық күйіне икемделу арқылы тұлғаның тиімді қарым-қатынас құра білу қабілеттері жатады. Өзін-өзі ұстай білу және өзара әрекеттесудің сауатты үлгісін құру адамдармен тікелей қатынасқа байланысты қызмет салаларында аса маңызды болып жатады. Тұлғаның кәсіби жетістіктері, сөзсіз, оның білімімен, қабілеттерімен, дағдыларымен, жан-жақтылығымен және кеңінен ойлау білу қасиеттерімен, яғни оның жалпы интеллект деңгейімен байланысты болып келеді. Алайда көптеген жағдайларда интеллектінің жоғары деңгейіне ие болу жеткілісіз. Эмоциялық интеллект идеясының пайда болуы әлеуметтік идея турасындағы түсініктердің дамуы нәтижесінде мүмкін болды. Тұлға табыстылығының жалпы интеллект деңгейі мен әлеуметтік ортамен тиімді өзара әрекеттесуі арасындағы сәйкессіздіктердің жиі орын алуының нәтижесінде әлеуметтік интеллектінің жекелеген дара қабілет немесе тұлға қасиеті ретінде бөлініп қарастырылуына түрткі берді.

Ғылымға «эмоциялық интеллект» терминін американдық екі психолог Питер Сэловей мен Джон Мэйер 1990 жылдары енгізген болатын. Олар алғашқы болып эмоциялық интеллектінің бірінші үлгісін ұсынды. Аталған авторлар эмоциялық интеллект деп «өзінің және өзгенің сезімдері мен эмоцияларын байқай білу, оларды ажырату және осы ақпаратты ойлау мен іс-әрекетте қолдану» деп түсіндірді [5]. П. Сэловей мен Дж. Мэйердің үлгісі негізінде Д. Гоулманның аса танымал үлгісі жасап шығарылды. Оның 1995 жылы шыққан «Эмоциялық интеллект» атты еңбегі кітап сатылымында бірінші орындарға шығып, аталған мәселенің ғылыми және көпшілікке арналған әдебиеттерде осы күнге дейін қызу талқылануына түрткі берді.

Сэловей мен Мэйер бөліп шығарған компоненттерге Гоулман ынталылық, табандылық және әлеуметтік дағдыларды қосты [6]. Сонымен қатар, эмоциялық интеллектінің аса танымал үлгілеріне Р. Бар-Онның тұжырымдамасын жатқызуға болады. Оның тұжырымдамасына сәйкес эмоциялық интеллект қоршаған ортадағы адамдармен табысты қарым-қатынас құруды және өмірдің түрлі жағдайларында өзін-өзі ұстай білуді қамтамасыз ететін эмоциялық және әлеуметтік құзыреттілік, қабілеттер мен білімдердің бүкіл жиынтығы ретінде анықталады [5]. Ал Қазақстанда А.А. Төлегенова эмоциялық интеллектті психофизиология тұрғысынан қарастырған [7]. Оның зерттеу еңбегінде эмоциялық интеллекттің психофизиологиялық параметрлері адамның эмоцияны реттеу кезіндегі индивидуалды ерекшеліктерінің негізі ретінде қарастырылған. Эмоциялық интеллекттің адамның өнімді іс-әрекет, әлеуметтік бейімделу және стрестік жағдайлар үшін маңыздылығы көрсетілген.

Эмоциялық интеллект көшбасшылық тиімділігінің факторы ретінде 1990 жылдардың басталуымен ғылымда көшбасшылықта маңызды орынға ие тұлғалық факторларға зерттеу қызығушылығы арта түсті. Ғалымдарды қолданбалы, әлеуметтік және эмоциялық секілді интеллект түрлерінің көшбасшылық тиімділігіне әсері қызықтырды.

С. Заккаро [8] тұлғалық сипаттамаға жататын әлеуметтік интеллект ашық және динамикалық жүйелер ішінде көшбасшылықтың пайда болуының қажетті шарты болып табылады деп түсіндірді. Бұл ретте әлеуметтік интеллектінің келесі екі компонентті сипаты ажыратылады:

- әлеуметтік перцепция – өзге адамдар мен әлеуметтік топтарды барынша тез әрі дұрыс түсіну қабілеті;
- мінез-құлық икемділігі – жаңа міндеттер мен жағдайларға қатысты туындаған міндеттерді ескере отырып мінез-құлықты өзгерту қабілеті.

Ғалымдардың пікірінше, әлеуметтік интеллект деңгейі жоғары болып табылатын көшбасшылар барынша мұқият қалыптасқан перцептивті және мінез-құлық үлгілеріне ие. Олар топтың өзге мүшелеріне қарағанда қалыптасқан жағдайды тезірек ұғынып, сәйкесті шешімдерді дер кезінде қабылдап, оларды өмірде өзгелермен салыстырғанда тиімді түрде іске асыра алады. С. Заккароға сәйкес [8], әлеуметтік интеллектісі жоғары басшылар ұйымдастырушылық жағдайлардың талаптарын дәл қабылдап, дұрыс жауап бере алатын көрінеді. Ғалым пікірінше, бұл басшылар жоғарғы әлеуметтік құзыреттілікке ие болғандықтан, тұлға аралық стресі жоғары болып табылатын жағдайларға жиі ұшырай бермейді, ал белгілі бір стрестік жағдайларға түсіп қалған кезде оның әсерлеріне жеңіл төтеп бере алады.

Б.Басс пікірінше [8], әлеуметтік интеллект эмоциялық интеллект көшбасшының өз қоластындағыларын шабыттандыруы және олармен өзара әрекеттесуі кезінде аса маңызды рөлге ие. Р. Стернберг пікірінше [8], әлеуметтік интеллект ұғымына тығыз ұғым эмоционалды интеллект болып табылады. Соңғы жылдары С. Вольф [8] оның серіктес авторлары оның шағын топ ішінде бейресми көшбасшылықтың пайда болуы кезіндегі рөлін байқататын бірқатар мәліметтерді алған болатын. Алайда, эмоциялық интеллект пен көшбасшылық арасындағы байланыс тікелей сипатқа ие емес, бірінші кезекте, аралық когнитивті процестер арқылы жанамаланған. Ал когнитивті процестер, өз кезегінде, топ міндетін шешу барысындағы жекелеген күштердің ықпалын үйлестіру әрекетіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, Р. Риджио өзінің серіктес авторларымен бірге [8] эмоциялық интеллект пен әлеуметтік интеллектті тиімді көшбасшыларды ерекшелендіретін тұлғалық қасиет ретінде қарастырып, оларға кез келген жағдайда тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді деп есептейді.

Д. Гоулмен эмоциялық интеллектті тиімді басқарудың міндетті шарты деп қарастырады. Өзінің «Эмоциялық көшбасшылық» кітабында ол көшбасшылық қабілет үлгісін эмоциялық интеллект құрылымына сәйкес келесі түрде сипаттайды [9]:

1. Өзіндік сана: өзіндік санасы жоғары дамыған көшбасшылар өз эмоциялары мен сезімдерінің әсерін саналауға қабілетті, бұл қасиет оларға күрделі жағдайларда мінез-құлықтың ең үздік тәсілін таңдауға көмектеседі.

2. Өзін-өзі қадағалау: эмоцияны қадағалау, ашықтық, бейімділік, жеңуге деген ерік-жігер, бастамашылық, оптимизм. Өзін-өзі қадағалауы жоғары дамыған көшбасшылар – стрестерге төзімді, дағдарыс уақытысында тыныштық пен байыптылық сақтай білетін, аумалы-төкпелі жағдайларға тез бейімделе алатын тұлғалар.

3. Әлеуметтік сезгіштік: эмпатия, іскери білімдарлық, елгезектік. Осындай қасиеттерге ие көшбасшылар қоршаған адамдарды тез түсініп, олардың орнына түсе алады; адамдардың қажеттіліктеріне өте сезімтал болып табылады.

4. Қатынастарды басқару: ынталандыру, ықпал ету, жетілуге көмектесу, өзгерістерге қолдау көрсету, шиеленістерді реттеу. Осындай сипаттарға ие көшбасшылар өзінің қоластындағы адамдардың үн қатысуына ықпал етіп, оларды алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруға жігерлендіре алады. Мұндай тұлғалар ұжым шеңберінде ауызбіршілік пен бір-біріне сенімді қалыптастыра алады.

Эмоцияларды түсіну – эмпатияның даму деңгейімен де байланысты [10]. К. Роджерс бойынша басқа тұлғамен қарым-қатынастың эмпатиялық тәсілінің бірнеше қыры бар. Эмпатия өзгенің жеке әлеміне ену және ол әлемде өзін «өз үйіндегідей» сезіну. Эмпатия қарым-қатынастағы серіктесінің өзгермелі жан тебіреністеріне деген сезімталдықтан тұрады. Бұл дегеніміз өзгенің өмірімен уақытша өмір сүруді бейнелейді. Эмпатияға қабілеттілік, жанашырлық – жауапкершілікті, белсенділікті, жігерлікті, нәзіктікті, қайырымдылықты, кішіпейілділікті білдіреді.

Өзге адамдардың эмоцияларының жеке-дара ерекшеліктерін түсіну қиындықтарының келесідей себептерін бөлуге болады: өзінің жеке басына ғана көңіл бөлу

– өзге адамдардың эмоциялық күйін байқай алмауға және дұрыс бағаламауға әкеледі; өзге адамдардың эмоциясымен байланысты үрейлену сезімі; өзге адамдардың эмоцияларын түсінбеуден қандай да бір пайда табу.

